

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Тіл және әдебиет теориясы кафедрасы

З. Тасмағамбетова

**XIX ҒАСЫРДАҒЫ
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫ**

Оқу-әдістемелік құрал

ҚОСТАНАЙ, 2020

УДК 821.512.122.0 (075.8)

ББК 83.3 (5Қаз)я73

T22

Рецензенттер:

Айсенов А.Б – филология ғылымдарының кандидаты, ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының ғалым хатшысы

Қайыпбаева Айжамал Қайыпбайқызы – филология ғылымдарының кандидаты, тіл және әдебиет теориясы кафедрасының доценті

Оразбаева Айтбибі Сұлтанқызы – филология ғылымдарының кандидаты, тіл және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы

Авторы:

Тасмағамбетова Зейнат Жансұлтанқызы – филология магистрі, аға оқытушы

Тасмағамбетова З.Ж.

T22 XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы: 6B02301 Қазақ филологиясы мамандығы бойынша оқу-әдістемелік құрал – Қостанай, 2020. - 122 б.

ISBN 978-601-7640-75-0

Бұл оқу-әдістемелік құралға «XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы» пәнін игеру үшін қажет қосымша мәліметтер жинақталған. Сонымен қатар, пәннің оқу-жұмыс бағдарламасына сәйкес студенттерге сабаққа дайындалуға көмек беретін оқу материалдары, бақылау сұрақтары, тест тапсырмалары, анықтамалық және қосымша мәліметтер енгізілген.

Оқу-әдістемелік құрал 6B02301 Қазақ филологиясы мамандығының студенттеріне арналған, сондай-ақ, филолог-мамандарға оқу үрдісінде қолдану үшін ұсынуға болады.

УДК 821.512.122.0 (075.8)

ББК 83.3 (5Қаз)я73

Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті Академиялық кеңесімен бекітілген және баспаға ұсынылған, хаттама №2 14.12.20 ж.

ISBN 978-601-7640-75-0

© Тасмағамбетова З.Ж.,
2020

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4
1 XIX ғасырдағы қазақ тарихы және әдебиет.....	5
2 XIX ғасырдағы дәстүрлі айтыс өнері.....	8
3 Қазақ әдебиетіндегі нәзира дәстүрінің көріністері.....	14
4 XIX ғасырдағы сал-серілер.....	16
5 Махамбет Өтемісұлы және дәстүрлі жыраулық поэзия.....	26
6 XIX ғасыр әдебиетіндегі Қоқан хандығы езгісіне қарсылық сарын.....	39
7 Зар заман поэзиясы.....	49
8 XIX ғасырдағы жаңа жазба әдебиет.....	57
9 Шоқан Уәлиханов.....	58
10 Ыбырай Алтынсарин.....	66
11 Абай Құнанбайұлы.....	74
12 Абайдың ақын інілері мен ұлдары.....	82
Өзін-өзі тексеруге арналған тест сұрақтары.....	88
Қосымшалар.....	112
Қолданылған әдебиеттер тізімі	122

КІРІСПЕ

XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы – базалық пән, соның ішінде таңдау компоненті болып табылады.

Пәнді оқу барысында білім алушылар XIX ғасыр қазақ әдебиетінің дамуын, қалыптасуын, әдебиетшілердің зерттеулерін, осы кезең өкілдерінің өмірі мен шығармашылығын, қазақ әдебиетіндегі рөлдерін, туындыларының көркемділігін *білуі керек*. XIX ғасырдағы қазақ тарихы және қазақ әдебиетін; XIX ғасырдағы дәстүрлі айтыс өнері және оның өкілдерін; XIX ғасыр әдебиетіндегі Қоқан езгісіне карсылық сарын жөнінде; XIX ғасырдағы сал-серілер жөнінде; Махамбет Өтемісұлы ұлт-азаттық көтеріліс күрескері жөнінде; XIX ғасырдағы ұлт-азаттық күрес батырлары жайлы тарихи жырларды; XIX ғасырдағы жаңа жазба әдебиетті; XIX ғасырдағы қазақ әдебиетін зерттеудің өзекті мәселелерін, алдағы міндеттерін *игеруі керек*. Осы пән бойынша оқытылған барлық тақырыптарды толық зерттеп, ойын дәлелді, жан-жақты талдаулармен жеткізе білу *дағдысы болуы керек*. XIX ғасыр қазақ әдебиеті мен тарих байланысы, дәстүрлі айтыс өнері, қоғамдық жағдай, сал-серілер, өнерпаздылық, ақындық ерекшелік, бостандық сарыны, Махамбет, Шоқан, Ыбырай, Абай шығармашылығы, жазба әдебиетінің дамуы туралы, осы кезең әдебиетінің көркем құндылығынан, ғалымдар зерттеулерінен *құзыретті болуы керек*.

6B02301 Қазақ филологиясы білім беру бағдарламасы бойынша оқып жатқан студенттерге арналған оқу-әдістемелік құрал кредиттік технология жүйесімен білім алуда қосымша құрал ретінде ұсынылып отыр. Оқу-әдістемелік құралда оқу процесінің мазмұнын тереңірек ашу үшін бағдарлама бойынша оқу материалдары іріктеліп ұсынылған және әрбір тақырыптың соңында студенттің білімін толықтыру мақсатында анықтамалық мәліметтер берілген.

Бұл мәліметтер тақырып бойынша қысқаша бағыт-бағдар, мағлұмат беріп қана қоймай, студенттің өзінің ой-өрісін одан әрі дамытып, ойлану, іздену қабілетін жетілдіруге ықпал ететін механизм болып табылады. Сондай-ақ, студенттердің материалды қаншалықты игергенін өздігінен тексеру үшін тест тапсырмалары жеке-жеке тақырыптарға бөлініп ұсынылған.

Пән бойынша берілетін қосымша материалдар студенттің берілген тақырыпты неғұрлым терең игеріп, айқын түсінуіне көмек көрсету мақсатын көздейді. Тақырыпты терең меңгеру үшін дайындалу барысында тек дәріс тезистерімен шектеліп қою жеткіліксіз. Бұл ретте студенттің тақырып бойынша өз бетімен ізденіп, ұсынылған әдебиеттер бойынша қосымша жұмыс істеуі қажет болады.

Оқу-әдістемелік құрал XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы пәнінің оқу-жұмыс бағдарламасы негізінде тиісті әдістемелік талаптарға сай жасалған.

1 XIX ғасырдағы қазақ тарихы және әдебиет

XIX ғасырдан бастап қазақтың жазба әдебиеті — әлеумет халін ұғып, ел қамын жақтауға кірісіп, өлең бұрынғыша, қызық, сауық сияқты ермек емес, қауым қызметін атқара бастады, елдің саяси пікірі мен тілек, мақсат, мұң, зар сияқты сезімдердің басын қосып, жаңадан ой негізін, салт санасын құрауға кірісті, бұл уақытқа шейін болмаған әлеуметшілдік сарыны, азаматтық нысанасы бой көрсетті.

Осындай әлеуметшілдік сарынды көбейткен тарихи оқиғалар бұл дәуірде орыс отаршылдығымен байланысты туды. Ресей империясына бодан болу, сонымен байланысты туған ел ішіндегі өзгерістер, қанаудың күшеюі, халық тың тіршілік ету аясының тарылуы, ұлттық намыстың тапталуы қазақ ақындары шығармаларында кеңінен бейнеленді.

Осы өзгеріске қарсы анық наразылық Махамбет Өтемісұлы өлеңдерінен айқын көрінеді. Махамбет жырлары — Исатай Тайманов бастаған көтерілістің (1836—37) ұраны, үні. Мұнда көтерілістің мақсат-мұраты (“Қорлықта жүрген халқыма бостандық алып берем деп”), оған қатысатын ерлердің сипаты (“Ереуіл атқа ер салмай”), соғыс суреттері (“Соғыс”), Исатайдың батырлығы мен оны жоқтауға арналған жырлар (“Тарланым”, “Мұнар күн”), ақынның өз жайына, көңіл-күйіне (“Баймағамбет сұлтанға айтқаны”, “Қызғыш құс”) байланысты өлеңдеріне жалғасып, тұтастай көтеріліс тарихын, сол кезеңдегі әлеуметтік жағдайды бейнелейді.

Исатай-Махамбет көтерілісіне тілектес ақындар қатарындағы Шернияз Жарылғасұлының Исатайды мадақтап, Баймағамбетті даттайтын өлеңдері батылдығымен, тапқырлығымен бағалы.

Исатай—Махамбет көтерілісіне жалғас туған Кенесары—Наурызбай бастаған ұлт-азаттық қозғалысы да (1837-1847) өзіне тілектес әдебиет тудырды (“Наурызбай -Қаншайым”, “Топ жарған”, “Жасауыл қырғыны”, Нысанбай Жаманқұлұлының “Кенесары-Наурызбай” жыры). Сыр бойында, Батыс Қазақстанда өткен патша отаршылдығына қарсы көтерілістер кезінде жаңа жырлар туды (“Бекет батыр”, “Жанқожа батыр”).

Отаршылдыққа қарсы күрес поэзиясы қазақ көркем сөзінің дамуында озық идеясымен, халықтық мазмұнымен жаңа белес саналады. Билеушілерге қарсы наразылықты ашық айтқан шыншыл поэзия туды, адамды суреттеудің жаңа тәсілдері қолданылды. Осы қатардағы ақындар ішінде Жанақ Сағындықұлы, Шөже Қаржаубайұлы, Сүйінбай Аронұлы елеулі орын алады. Отаршылдық дәуір әдебиетінің ақындары шығармаларында ел байлығының талауға түсіп, халықтың кедейшілікке ұрынып, қоныстың тарылуы, зорлық-зомбылықтың күшеюі, паракорлықтың етек жаюы, адамдар мінез-құлқының өзгеріп, ұсақталып, берекесіздікке түсуі, дін шарттарының еленбеуі, т.б. жағдайлар кең қамтылып, көркем бейнеленді. Оларды заман қайғысы, өткенді ойлап торығу, алдағы өмірден шошыну зары біріктірді.

Бұл сарынның көрнекті ақындары — Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Кердері Әбубәкір Шоқанұлы, т.б. халықтық поэзияның түрлерін жетілдірді. Оны заман шындығын бейнелеумен шебер байланыстыруда, реализмді байытып, адам психологиясындағы өзгерістерді

жарқын суреттеуде, тіл өрнегінде сан алуан жаңалықтар табуда осы топтағы ақындардың еңбегі үлкен. Олардың біразы отарлаушыларға шошына қарады, дегенмен шығыс әдебиетімен, діни әдебиет үлгілерімен жете таныс болуы арқасында көркемдік құндылығы жоғары туындылар жасады.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиетті талдау үшін сол кездегі саяси, қоғамдық - әлеуметтік, рухани, мәдени оқиғаларды еске түсірген жөн. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында басты - басты төмендегідей тарихи оқиғалар болды.

1. 1860 жылдардын бастап Ресейдің қазақ жерін, елін отарлауы толық аяқталады. Жер Ресей мемлекетінің меншігіне айналды. Қазақ жерді пайдаланушы ғана болды.

2. 1861 жылы крестнойлық (басыбайлылық) тәртіп жойылып, бас бостандығын алған орыс шаруаларына қазақ даласындағы жерді пайдалану жөнінде «Уақытша ереже» шықты. Осы ережеге сәйкес орыс шаруалары қазақ даласына қоныстандырылды, осыған байланысты басқа көптеген өзгерістер келді.

3. Салық төлеудің жаңа тәртіптері бекітілді.

4. Сауда-саттық, тауар айырбасы басталды. Бұл капитализмнің алғашқы белгілері еді.

5. Саудагерлер қатары көбейіп, байлықтың басын қолдарына алды.

6. Патшаның қорғаныс күші - казак - орыстар көп билікке ие бола бастады.

7. Қазақ елін билеудің («Жаңа низам») патша мүддесіне бағындырылған ережесі шықты.

8. Ел билеуге таласқан қазақ болыстарын патша ұлықтар ұлтты іріту, бөлу, бөлшектеуге пайдаланды.

9. Орыс шаруаларының қоныс аударылуына байланысты қазақтар да отаршылыққа көше бастады.

10. Капиталистік қатынастардың негізінде қалалар, өндіріс орындары бой көтерді.

11. Орыс тіліндегі мектептер ашылды (Орынбор, Орал, Троицк, Торғай т.б.).

12. Еуропа, орыс оқу - білімін негізінде алған мектептер 70-80 жылдары қазақ жерінің әр жерінен көптеп салына бастады.

XIX ғасырдың екінші жартысынан басталған қазақ жерінде саяси, тарихи оқиғалар қоғам айнасы - әдебиетте түрлі қырынан, сан алуан мазмұн, идеясымен көрінді.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінде ұлттық әдебиетті қызық еткен, қазақтың дәстүрлі өмірін, тұрмысын мадақтағандар, халықты өнер - білім алуға шақырған, жаңа мәдениет пен өнерді үйретуге наихаттаған ағартушылық бағыттағылар, сонымен бірге өнер, білім алуды жақсылық белгісі деп түсінген, қазақтың бұрынғы әдебиетіне де тілектес әнші, композитор, ақындар қоғам туралы түрлі пікір берді.

А. Құнанбаев (1845-1904) - алғашқы қазақтың ұлттық, халықтық әдебиетін жасаушы ақын. Ы. Алтынсарин (1841-1889) халық болашағы басқа халықпен білімі тең деңгейде жарқын болатынын түсініп, алғаш жаңа үлгіде мектеп ашты.

Ш. Уәлиханов (1835-1865) қазақ халқының білім алып, сол кездегі дамыған мәдениетті елдер қатарына қосылуын қалады, сол жолда еңбек етті. Қазақ елінен де тереңнің сырын ашар, тіршіліктің мәніне бойлар ғалым шығатынын дәлелдеді.

Абай, Ыбырай, Шоқан сияқты тұлғалар қазақтың еркіндігін, өз білімімен, ақыл -ойымен, парасат, адамгершілігімен өзгелермен тең, озық болуын арман етті.

Мұрат Мөңкеұлы(1843-1906), Шортанбай Қанайұлы (1818-1881), Әбубәкір Шоқанұлы (1858-1912) өмір тынысына айналып бара жатқан байлыққа құмарлық, билікке талас, халықты езу, халықтың арасында тұрмыс тіршілігі төмендеген қазақтардың көбейіп келе жатқанын көріп, заманның, елдің азғаны деп торығып, кешегі елдің өзбилігі өзінде, қазақ құрмет тұтқан билер мен хандар дәуренін аңсады.

Мұрат, Әбубәкір ақындар елдің тұрмыс қалпына сыналап ене бастаған орысша киім үлгілерін, халық салтын, әдетін бұзушы деп танып, бұндай елден безіп, жанға дауа болатын, ел бірлігін сақтайтын орта іздеу идеяларын айтты.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ әдебиетінде айтыстың да небір маржан үлгілері дүниеге келді. Біржан Сал, Сара, Сүйінбай, Үмбетәлі, Кемпірбай, Нұрила, Шөже, Орынбай, Жамбыл т.б ақындар қазақ қоғамының жақсы -жаманын жырға қосты.

XIX ғасырдың екінші жартысында кең тынысты сюжетті дастандар жазылды. Әсет Найманбайұлының «Сәмен - Салиха», Мағауия Абайұлының «Кавказ», Ақтан Керейұлының «Қырымның қырық батыры » дастандары ауыз әдебиетіндегі жырлардың жалғасындай болды.



- 1) XIX ғасырдағы әдеби, мәдени өмірдің үш ерекше құбылысы: саяси-әлеуметтік жағдаяттар мен мемлекеттік құрылыстағы жаңалықтар, қазақ кітаптарының алғаш рет баспадан жарық көре бастауы, қазақ әдебиетінің біртіндеп жаңа әдебиет арнасына түсе бастауы.
- 2) XIX ғасырда қазақ халқы туралы көркем шығарма жазған орыс классиктері: В.А.Ушаков, В.И.Даль, Д.М.Мамин-Сибиряк.
- 3) XIX ғасырдағы тарихи жырларды кезең ретінде қарастырған зерттеушілер:Ә.Марғұлан, Е.Ысмайылов, М.О.Әуезов.
- 4) XIX ғасырдағы әдеби-көркемдік даму үрдісінің басты арқауына айналған белгілер: жыраулар поэзиясының әлеуметтік тақырыбы, жыраулар поэзиясының көркемдік бітімі, халықтық мақсат-мүдде.
- 5) XIX ғасыр қазақ әдебиетінде қозғалған өзекті мәселелер:патшалық отарлау саясатына қарсы күрес, ұлттық азаттықты аңсау, бостандық.

2 XIX ғасырдағы дәстүрлі айтыс өнері

Айтыс – қазақтың ауызекі әдеби – музыкалық өнерінің көлемді және аса құнды салаларының бірі. Ол – суырып салма ақындық өнерінің жемісі боп табылады. Айтыста халықтың әдет – ғұрпы, тұрмыс – салты, дүниетанымы, эстетикалық, рухани, философиялық және әлеуметтік көзқарасы, қалыптасу тарихтары байқалады. «Ең алғаш тұрмыс – салт жырлары *«Жар – жар»* мен *«Бәдіктен»* бастау алып, сан алуан асу – кезеңдерден өтіп кемелдене жетілген айтыстың алғашқы үлгілері көпке ортақ жаттанды өлеңдерден тұрса, кейінірек өз жанынан шығарып айтылатын суырыпсалмалылық сипаты басым болып отырады.

Айтыстың көтерілетін тақырыптары сан алуан. Егер де айтыстың ең ежелгі түрі – «Бәдік» айтыстың негізінде адам баласының табиғатқа әсер ету мақсаты жатса, кейіннен айтыстың кемеліне толған ең күрделі түрі – ақындар айтысының тақырыптары әлденеше тарау болып, бұтақталып кетеді және сол бұтақтардың бәрі халықтың өмір – тұрмысын жан-жақты көрсетіп, барынша толық бейнелейді. Бәдік айтысынан басқа *қайымдасу, жануарлар мен адамның айтысы, ақ айтыс, сүре айтыс, жұмбақ айтыс* сияқты айтыс түрлері қалыптасты.

Айтыс қазақ даласында негізінен XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап айрықша кең өріс алып, мол серпінімен дамыды. Бұған сол тұстағы қазақтың көшпелі өмірі мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрі басты себеп болды. Оны тудырған да, дамытқан да ақындар болған. Бұл өнер түрі қазаққа ағайындас, тұрмыс – тіршілігі, шаруашылығы, қоғамдық өмірі ұқсас келетін *қырғыз, түркімен, қарақалпақ* халықтарында да кездеседі. Айтыстың басты ерекшелігі – оның суырыпсалмалы түрде орындалуы.

Айтыс қай кезеңдерде де филолог, фольклортанушы және саяхатшылардың назарынан тыс қалмады. Оның әр түрлі үлгілерін қазақ арасынан XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап *В. Радлов, Ш. Нұрмағамбетұлы, Т. Сейдалин, С. Жантөрин, Ж. Шайхысламов, Ә. Диваев, С. Сейфуллин* және т.б. жинап, жарыққа шығарса, солармен қатар, құнды ойлар мен деректер *А. Васильев, А. Левшин, Ш. Уәлиханов, А. Янушкевич, А. Байтұрсынов, М. Әуезов, С. Мұқанов, Е. Ысмайылов, Қ. Жұмалиев, З. Ахметов, С. Қирабаев, М. Мырзахметов, С. Қасқабасов, М. Жармұхамедұлы* және т.б. жұмыстарында орын алады.

Соңғы деректер бойынша қазақ халқының айтыс өлеңдерін екіге бөліп, ***біріншісін – Тұрмыс-салт айтысы, оның ішінде а) Бәдік; ә) «Жар – жар»; б) Қыз бен жігіт айтыстары; в) Қағысулар деп сараласа, екіншісін – Ақындар айтысы деп белгілеп, оны а) Дін; ә) Жұмбақ; б) Жазба айтыс*** деп топтаған. Кезінде М. Әуезовтің «қазақ ауыз әдебиетінде айтыстың көне түрі бірнеше адам қосылып орындалатын ғұрыптық әндерден басталып, ақындар айтысына ұласты», - деген пікірі осыған дәлел.

«**Айтыс**» - қазақтың байырғы төл сөзі, ежелден айтысу, сөз жарысы, өнер бәсекесі ұғымында қолданып келген. Екі адамның бетпе-бет келіп өнер жарыстырып бәсекеге түсуі сөз арқылы да, белгілі бір аспапта кезектесіп күй тартысумен де, қолма-қол шығарып айтылатын өлеңмен болуы да мүмкін.

Мұның бәрі «қиыннан қиыстыратын» кәнігі шеберлік, алғырлық пен тапқырлықты керек етеді. Ерте заманнан ақ «өнер алды қызыл тіл» деп сөз қадірін қадір тұтып қазақ халқы жалпы әдеби мұраға, оның ішінде айшықты сөз өрнегі ақындар айтысына ерекше мән беріп, соны өзінің рухани өмірінің жарқын көрінісі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып отырған. Ақындар айтысының бәрі дерлік жұрт бас қосқан ойын-сауық, үлкен жиын, ас-тойларда өтетін болған. Шаршы топта бәсеке сайысына түскен екі ақынның сөзін сарапқа салып, әділ төрелік айтушы да көпшілік, сөз мәнісін білетін көшелі би, абыройлы ақсақалдар. Сол себепті екі жақ тапқырлық пен тауып айтқан уәжді де аталы сөзін мойындамауға немесе билікті көрер көзге бұрып айтуға ешбір қақы жоқ. Екі жақ та «сөз тапқанға қолқа жоқ», «аталы сөзге арсыз жауап қайтарады» деген ұлағатты принципті ұстанады.

Аталмыш өнер түрі халықтың жиналған жерінде өткізіліп, қандай тақырыпта болатындығы сол айтыс үстінде анықталған. Сондықтан әр айтыскер қарсыласын қалай болса да жеңу, неден сүріндіру амалын ойластырып, соған шамданып келді. Әдетте, айтыста көптеген мәселелер көтеріліп, бір тақырыптан екіншісіне ауысып отырады.

Ақындар жекпе – жек ұрысқа шыққан батырлардай бір – біріне күш көрсетіп, өздерінің мықтылығын айтып, қорқыта сөйлейді. Өз жерінің, елінің шыққан ортасының кереметтігін жырлайды. Әрине, жеңу мақсатын көздеп келген ақын басқасының мінкемшіліктерін тізе жырлайды.

Айтыс түйіні – шындық. Қандай жүйрік, желқабыз, тапқыр ақын болса да шындықтан жалтарып құтылып кете алмаған, оның бәрі де тек шындықпен суарылған аталы сөзге тоқтап бас иетін болған. Бұл тартпас уәж, шындыққа құрылған бір ауыз сөздің жеме-жемде айтыс тағдырын шешіп кететіні де осыдан. Бұл сипаттарымен айтыс өзіміздегі шешендік сөздерді еске салады.

Айтыс өлеңдерін сан ғасыр өтсе де ұмытпай жадында сақтап, біздің дәуірімізге жекізуі, біріншіден, ақындардың талантын қадір тұтуы болса, екіншіден, сол ел, ру мәртебесін қорғаған ақындардың өлең – жырларын кейінгі ұрпақтың көкейіне ұялатып, олардың патриоттық сезімін оятудың құралы деп санаған. Айтыс ақындардан тапқырлықты, білімдарлықты, өмір тануда сергек сезімталдықты және өзгеге ұқсамас өзіндік ерекшелігін талап еткен. Айтыстың шешендік сөз сайысы, тәрбие мектебі тапқырлықтың тұғыры болып ерекше бағаланады. Ертеде өткен ақындар айтысының дүлділі *Біржан мен Сараны, Кемпірбай мен Шөжені, Жанақ пен Орынбайды, Әсет пен Рысжанды, Жамбыл мен Құлманбетті* және т.б. рулы елдің ар-намысын қорғаушылар дейді.

Айтыс – көшпелі өмір кешкен елдердің бәріне тән өнер, бірақ ол бірінде аз, енді бірінде мейлінше мол дамыған. Бұл кездегі жазу-сызудың жоқтығынан, ауызекі дәстүрінің мейлінше кең етек алуыннан туған қажеттілік еді. Айталық, өмір салты мен әдет – ғұрып, салт-санасы бізбен егіз кешегі көшпелі қырғыз, қарақалпақ алтай елдерінде де айтыс өнері болған, алайда бұл жанр оларда дәл біздегідей жетіліп, кемелдене қоймаған.

Қазақ әдебиетінің қайталанбас хас ерекшеліктері аз емес. Осы орайда ауыз әдебиеті үлгілерінің кемел жазба әдебиетке ойысу, ұласу үрдісін тану, табу,

ғылыми негізден айқындап көрсету – әлемдік әдебиеттануда тек қазақ әдебиетінің теориялық тарихының ғана еншісі болып көрінеді.

Қазақ әдебиетінің тарихындағы фольклор дәстүрі әдебиеттану ғылымында бастапқы кезеңнен гөрі ауқымды зерттеулерге ұласып отыр. Мұның мәні – қазақ әдебиет тарихының сарқылмайтын, таусылмайтын көркемдік негіздерден құйылған шығармашылық өзгеше жаратылыс сырында.

Ауыз әдебиет, жазба әдебиеттің айырым белгісі хатқа түскен, тасқа басылған сөз фактісінде емес, шығарманың, туындының жазылу стилінде, дәстүр үрдісінде, жанрлық өзгешелігінде жатыр.

Сол өзгешеліктердің бірі - XIX ғасырдағы ақындар айтысы, жалпы айтыс өнері, айтыс өлең фольклористикада, әдебиеттану ғылымында Шоқан дәуірінен бері зерттеліп келеді. Ұзақ уақыттар бойы әдебиетіміздің көп асыл мұрасы сияқты айтыс ауыз әдебиетінің еншісі есебінде зерттелді. Бірте-бірте зерттеу проблемалары күрделеніп, ауқым аймағы кеңі түсті. Жекеленген зерттеушілер XIX ғасырдағы ақындар айтысының табиғатындағы дәстүрлі айтыс өлеңмен туыс тұсты да, оның өзіндік белгілерін де аша сөйлеуге ауысты. Осы айырым, ажырату тұсында XIX ғасырдың айтысында атап айтар, айқын өзгешеліктер, әрине аз емес.

Айтыстың дәстүрлі сипатына қарай, мазмұн, мәніне, орындалу орны, мақсатына қарай түрге бөлінуінде айтыстың табиғатын зерттейтіндердің бәрінің көзқарасы бірдей емес. Әрине, олай болуы мүмкін де емес.

Осы орайда, *А.Байтұрсынұлының* айтыс жайлы тұжырымдары XIX ғасыр айтысының табиғатын тануда таптырмайтын өлшем үлгісі. А.Байтұрсынұлы XX ғасыр басындағы айтыс күйінен «Жазу жайылған сайын айтыс өлең азайып, құруға бет алып барады» деп хабар береді. Бұл түйін - айтыстың, дара ақындар айтысының аса жанданған әдеби үлгі, жаңа көркемдік арна екендігін айғақтай түсетін түйін.

Мысалға, *Мұхтар Әуезов* «Әдебиет тарихында» қазақ әдебиеті үлгілерін қарастырудың негізін салды. Әдебиеті ауызша әдебиет, жазба әдебиет деген үлкен екі салаға бөліп, ауызша әдебиеттің жазбаша әдебиеттен айырмашылығын атап көрсетіп берді. Оның арғы-бергі әдебиет үлгілеріне қатысын көрсетеді.

Ә.Қоңыратбаев XIX ғасырда туған айтыс поэзиясын беске бөледі. Ілгеріде айтысты зерттеушілер ***әдет-ғұрып, қайым, жұмбақ, діни, ақындар немесе бәдік жар-жар, мал мен адам, өлі мен тірі, салт, қыз бен жігіт, ру, совет дәуіріндегі*** деп жіктегенін, *М.Жармұхамедов* еңбегінде айтыстың он төрт түрі бар деп көрсетілгенін ескертіп айтады.

М.Жармұхамедов айтыстағы ақындық тәсілге, айтыстың дәстүрлі сипаттарына кең тоқталады. Қазақ айтыстарының жанрлық табиғатын белгілейтін басты ерекшелігінің бірі деп, белгілі бір айтыстың қайта жырлануда өсіп, түсіндірме қосыла отыратындығын айта отырып, оған «Бақтыбай мен Мәйкі қыздың айтысын» мысалға келтіреді. Сондай-ақ ғалым айтыстың мұндай түрлері «Мансұр мен Дәме», «Түбек пен Қарқабат», «Біржан мен Сара», «Ыбырай мен Доскей», «Әсет пен Ырысжан» айтыстарында көп кездесетіндігін айтады.

Ал, *Сыдиқов* болса, XIX ғасырдағы ақындардың дәстүрлі айтыс өнеріндегі өзіндік өрнегіне тоқтала отырып, айтыстың жанрлық, даралық сипаттарын айқындай түсер толғамдар жасады. Оған сөз жүйріктері *Абыл*, *Нұрым*, *Қашаған* сынды ақындардың айтыстарын мысал етті.

Темірхан Тебегенов әдеби шығармашылық жөнінен зерттеуде ақындар айтысын үш түрге бөліп қарастырады: **1) Мұсылмандық ағартушылық айтыстар; 2) Еларалық-ұлтаралық айтыстар; 3) Жазбаша айтыстар.**

Жалпы, айтысты зерттеушілер XIX ғасырдағы айтыс үлгілерін, сипаттау қисындарын әлі де жан-жақты ойластыра, тереңдете қарастыру керектігін айтады.

Қазақтың төл мұрасы – айтыс жанры бойынша үлкенді-кішілі зерттеулер жасағап, еңбектер жазған *С. Мұқанов*, *М. Әуезов*, *Қ. Жұмалиев*, *Е.Исмайылов* сынды зерттеушілеріміздің айтуынша, **айтыс – екі адамның өзара сөз қағыстыруы, сөзбен тартысуы, жарысуы, дауласуы, сынасып-мінесуі, өнер салыстыруы сияқты ұғымдардың жиынтығын қамтиды.** Айтыс екі түрде, яғни сөз түрінде және өлең түрінде кездеседі. Қазақ әдебиетінде, жалпы әдебиет көлемінде өсіп-өрбуге, әдебиет жанры ретінде қарастырылатыны да – өлең түрі болып табылады.

Айтыс өлеңдерін, әдебиеттік жағынан қарастырғанда, мазмұны мен тақырыбына қарай *екі түрге* бөліп қарастыруға болады. Оның *біріншісі* – *қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, салт-санасына, әдет-ғұрпына* қарай бөлінеді. Ал, *екіншісі* – *ақындардың шын мәніндегі өзара айтысы.* Қазақ айтысының күрделі де қомақты бөлігін осы айтыс түрі құрайды.

Алғашқы үлгідегі айтыс өлеңдері халқымыздың тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпына сай туындаған. Ол міндетті түрде халықтың жиналған жерінде, яғни той-тамаша, ойын-сауық үстінде шығарылатын болған және оны шығарушы ақындар болған. Бұл айтыстардың өзіндік ерекшелігі болған, себебі, ол жалпы айтыс өлеңдерінің алғашқы, бастапқы үлгісі болып табылады. Бастапқыда ол ойын-сауық ретінде жиналған халықтың көңілін көтеру, күлдірту мақсатынан туындаған. Өлең құрылысы жұрттың жаттап алып айта беруіне ыңғайлы болған. Айтыстың мұндай түрінде, нағыз ақындар айтысының үлгісіндегідей, тың тақырып, күрделі де көкейкесті әңгімелер, көкіректі жарып шыққан ой түйіндері мүлдем кездеспейді, керісінше, жеңіл-желпі сөз, әзіл-оспақ, ойын түрінде болып келеді. Тағы бір ерекшелігі – бұл айтыста халықтың тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпына байланысты туған әртүрлі ұғымдар мен түсініктері біте қайнасқан.

Әрине, бұны сол кездегі халықтың тұрмыс-тіршілігіне, салт-санасына, әдет-ғұрпына байланысты туған айтыстың кемшілігі деп қарастырмау керек. Керісінше, ол – айтыс өлеңдерінің дүниеге қалай келіп, өзінің алғашқы қалыптасу барысында нендей тақырыпқа тоқталып, нені сөз еткендігі жайында аңғартып, мағлұмат беретін басты ерекшелігі деп қарастыру керек. Айтыстың дәп осы түрін - жалпы айтыс өнерінің әдебиеттен алар орнын көрсетіп, ақындар айтысының өніп, өрбіп шығуына себеп болған, үлкен жанр ретінде танылудың негізін қалаушысы, бастамасы болған түйткі ретінде бағалау қажет.

Айтыстың бұл түрін мазмұнына қарай бірнеше салаға бөліп қарастыруға болады. Олар: «жар-жар», «бәдік айтысы», «қыз бен жігіт айтысы», «дін айтысы», «жұмбақ айтысы» деген бастапқы тақырыптарға бөлінеді. Мұндағы «жар-жар» мен «бәдік айтысы» айтыс өлеңдерінің ішіндегі ең көне, ескі үлгілері қатарында болып саналады.

Қалған «қыз бен жігіт айтысы», «дін айтысы», «жұмбақ айтысы» болып саналатын айтыс түрлері халықтың жиналған жерінде жұртты көңілдендіру, сергіту, ән мен жыр қызығына толтыру мақсатында көбірек қолданылған айтыс түрлері болса керек.

«Қыз бен жігіт айтысы» ақын жігіт пен ақын қыздың арасындағы сөз жарысы болып, оны шығарушы да, айтушы да сол қыздар мен жігіттер болғандықтан, халық оны осылай атап кеткен. Бұл айтыс әдеттегідей амандасудан басталып, әдемі қалжың, жарасымды әзіл-оспақ, елді күлдіруге тұрарлықтай күлдіргі жайттарға ұласып отырған. Айтыс барысында қыз бен жігіттің бір-біріне айтылған міні неғұрлым көңілді, құлаққа қонымды болғандықтан, қарсыласының намысына тиіп, ашу-ызасын шақырмаған. Қарсыласын жеңу үшін оның мінін көбірек тауып, сынауға тырысқанмен, ол мін мұқату, әшкере ету, бетін қайырып тастау мақсатымен айтылмаған. Ол керемет әзіл өрнегімен көмкерілген «мін айту» болған. Мысалы, қыз қарсыласының өсіп кеткен сақалына мін тағу арқылы оны ұялтуды емес, дәйім жұртты қыран күлкіге кенеп, жігіттің осы әзілге жөнді жауап қайтара алмай, тосылып қалар-ау деген мақсатпен:

Қызға барған ел білсін атағынды,
Түзетіп ки мұнан соң шапаныңды.
Қыздан көңілі қалмаған қу көкірек,
Қырғызсаңшы бір қап жүн сақалыңды...
Сақалыңды айнаға көрші қарап,
Ту құйрықтан маңызды төрт-бес қадақ.
Ауылыңдағы бақалға күзеп сатсаң,

Алты сабын береді, жеті тарақ, - деп келтірсе, жігіт оған лайықты жауап ретінде халықтың «Сөздің көркі – мақал, адамның көркі - сақал» деген мақалын қолданады және өз тарапынан қыз бойындағы титтей де мінін іздеп табуға тырысады.

Айтыс - кейде осындай сөз сайысына түскен қыз бен жігіттің бір-біріне деген ықыластары болса, сол лебіздерін, іштегі көңіл сырларын айтып қалуға да үлкен мүмкіндік берген (түсінбегендері әзіл түрінде қарап, түсіне білгендері астарлап болса да жауап қайыра білген). Ерте заман айтысына үңіле қарасақ, ондағы ақындар тек өз ойларынан шығарған шумақтарды ғана емес, сол тұстағы халық өлеңдерін де пайдаланып, әнге қосып отырған. Кейде ол қайырма түрінде келсе, кейде тіпті екі ақын да (қыз бен жігіт) өлең шумақтарының алдыңғы екі жолын қайталап, ал өздерінің негізгі ойларын кейінгі екі шумаққа сидырып отырған. Олар көбінесе жатталуға жеңіл, тілге орамды, құрылысы он бір буынды өлең түрінде кездеседі.

Жинақтай айтсақ, «қыз бен жігіт айтысы» халықтың ойын-сауық, салтанатына байланысты туындап, қазақ ауыз әдебиетіндегі «айтыс» жанрының

бастапқы үлгілерінің бірін құрап, кейінгі үлкен «айтыстың» негізін салуға себепші болған қомақты жанрдың бірі.

Қазақ даласына ислам діні таралғаннан бастап, (тарихтағы келтірілген деректер бойынша XVII ғ. бері) қожа – молдалар, басқа да дін иелері ислам дінін уағыздап, үгіт-насихат жасау үшін поэзияның қосар үлесі мол екендігін біліп, оны тікелей пайдалануға кіріскен. Осы мақсатпен әсіресе айтысты көбірек пайдаланған. Міне осылай **«дін айтысы»** пайда болған. Әрине ол қайсы бір ақынға келіп «дін» туралы айтысасындар деп қолқа салу емес, ол үшін алдын-ала өздері жалдамалы ақындарға уағыз айтып, көпшілікке ақын тілі арқылы діни үгіт – насихат жүргізіп отырған. Олар жұрттың жиналған жеріне үгіт-насихатты тереңірек жүргізу үшін екі ақынға да алдын-ала дін жайында не айтуды, кімдер туралы және қалай айтудың үлгілерін тапсырып қойған. Міне, осындай «саясаттың» негізінде діни тақырыптық айтыс түрі туған.

Айтыстың бұл түрі екі ақынның сөз жарысынан гөрі бір-біріне берген сұрау-жауабына көбірек келеді. Айтыстың аты айтып тұрғандай, оның негізгі тақырыбы - дін жайындағы әңгімелер, үгіттер болады. Жиналған барша халықты дін жолына түсіру, діни ұғымдарға иландыру, діни наным – сенімдерді ұстануға жетелеу, үйрету сияқты мақсаттарды көздеген. Бәріне тек бір ғана жаратушы ие «Алла тағаланың» күшіне сену, намаз оқу, ораза ұстау, құран жолымен жүру, пітір-садақа беріп тұру керектігі және тек осыны ұстанған адамдар ғана «жұмақ төрінен» орын алатынын, ал бұған қарсылық білдіріп, сенімсіздік артқан «дінбездерлерді» «тозақ» оты күтіп тұратындығын сөз ететін болған. Қарапайым халыққа жай сөзбен үгіт жүргізгеннен гөрі, олардың сүйікті поэзиясын қолдану қожа-молдалар үшін дін насихатының құралы ретіндегі бірден-бір таптырмас жол екендігі байқалады.

Қазақтың айтыс өлеңдеріне дін айтысы елеулі үлес қосып, оның қалыптасуы мен дамуына ықпалын тигізе қоймаған. Бұл тек айтыс жанрының алғашқы үлгілерінің қатарындағы бірі болып табылады. Өлеңдік құрылысына келер болсақ, дін айтысы айтыстардың үздік шыққан тобына жатпайтын, тіпті айтыскерлердің аса қызығушылығын тудырып, жандандыраар тақырып болып табылмайтын, тек дін тақырыбының аясында ғана сөз қозғалатын бірыңғай, кара дүрсінді өлең түрінде кездеседі.

Халқымыздың тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпына сай туындаған айтыс өлеңдерінің тағы бір түрі – *жұмбақ айтысы*.

Ақынның тапқырлығы мен білгірлігіне тікелей байланысты айтыстың бұл түрі айтыс өлеңдерінің ішіндегі ең күрделі, қиындау түрі десе болады. Осы себепке байланысты ақынның тек суырып салма болуы ғана емес, оның үстіне ол өте тапқыр, көп нәрселерден хабардар, білімді, тез ойлап, табан асты жауап беруге дайын болуы шарт.

«Жұмбақ айтысының» қатысушылары жұмбақ қылып жасыратын нәрселерін адамзатқа таныс, деректі заттардан алып, сондай-ақ екі затты бір-бірімен салыстыра білу арқылы жұмбақ шығарған. Дәлірек айтқанда, жұмбақ қылып жасыру аясына кіретін тақырыптар көлемі – жаратылыс дүниесі, аспан әлемі, жан-жануарлар, хайуанаттар, адам және адамның еңбегі мен кәсіп құралы, өнер, табиғат, ілім-білім болған.

Жоғарыда айтып өткен айтыстың қиындығының салдарынан ба, айтыстың басқа түрінен гөрі «жұмбақ айтысына» қатысушы ақындар аз болса керек. Мұның өзі «жұмбақ айтысындағы» айтыскердің аса тапқыр, білімді болуын талап ететіндігінің тағы бір айғағы.

Қалай болғанда да қазақ халқы мұндай айтыскерлерден де кенде емес. Олардың қатарында *Нұржан, Рысжан, Әсет, Шөкей, Сапарғали, Күңбала т.б.* сынды айтыскерлеріміздің аттарын атауға болады. Бұлар айтыстың талабына сай – білгір ұшқыр ойлы, суырып салма, тапқыр айтыскерлер.

«Жұмбақ айтысы» өз дәуіріндегі айтыстардың ішінде мәні зор, салмақты айтыс болған. Оның басқа айтыстан ерекшелігі, ол өз айтыскерін көп білуге, ізденуге, жан-жақтылыққа талпындырған. Ал бұл жастардың (тек айтыскерлер емес) білімге деген құштарлығын оятуға, білімді болуға жетелеген.



- 1) С.Мұқановтың «Қазақтың ХҮІІІ–ХІХ ғасырлардағы әдебиет тарихынан очерктер» (1942) еңбегіндегі бөлімдер: «Бостандық күресі», «Айтыстар туралы», «Зар заман».
- 2) ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетіне елеулі үлес қосқан әнші, лирик ақындар: әнші-орындаушы, шығарушы-композитор, талантты ақындар.
- 3) ХІХ ғасырда дамыған қазақ әдебиеті тарихындағы айтыс түрлері: қайым айтыс, түре айтыс, жұмбақ айтыс.
- 4) Айтыстың басталуы «Наурыз», «Бәдік», «Жар-жар» тұрмыс-салт жырларынан.
- 5) ХІХ ғасырда ақындар айтысының келесі түрлері туды: ру айтысы, салт айтысы, жұмбақ айтысы
- 6) ХІХ ғ. дәстүрлі айтыстың жүйріктері: Қашаған, Нұрым, Абыл.
- 8) Т.Тебегенов зерттеуінше, ақындар айтысының түрлері: мұсылмандық ағартушылық айтыстар, еларалық, ұлтаралық айтыстар, жазба айтыстар.
- 9) Импровизацияның үш түрлі мектебі: жай айтушылар, бақсы, жыраулар; айтыс ақындары.
- 10) Ертеден ойын, той, ас беру сияқты дәстүрлі думандар айтыс арқылы өткен.
- 11) Әуезовтің зерттеулері бойынша, айтыстың алғаш жиналуына үлес қосқандар: Ш.Уәлиханов, В.Радлов, Ә.Диваев.

3 Қазақ әдебиетіндегі нәзира дәстүрінің көріністері

М. Әуезовтың «нәзира» дәстүріне берген анықтамасы: *«... бір тақырыптың әр ақында қайталауы еш уақытта аударма деп танылуы керек емес. Ол өзінше бір қайта жырлау, тыңнан толғау немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жырмен жарысу есепті бір салт еді. Шығыс поэзиясы бұл салтты заңды деп біліп, осы дәстүрге «нәзира», «нәзирагөйлік» деп атау да берген»* (Әуезов М. 11-том).

Қазақ жерінде нәзира дәстүрімен жырланған шығармалардың авторлары: Т. Ізтілеуов, Ш. Жәңгірұлы, Ш. Құдайбердіұлы.

Физули нұсқасы бойынша Ш. Құдайбердіұлы «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасын жазды.

Шығыс хикаяларының желісіне құрылған қисса-дастандар: Бозжігіт, Сейфүлмәлік, Таһир-Зүһра, Жүсіп-Зылиха.

«Нәзира» сөзі араб тілінен аударғанда «жауап» деген мағына береді.

«Бозжігіт» дастаны өзінің тақырыбы, оқиғасы, құрылысы жағынан «Қозы Көрпеш-Баян-сұлы» жырына жақын.

Мақсатқа жету жолында жасалған қажымас қайсарлықтың үлгісі ретінде жырланатын дастан- «Сейфүлмәлік».

«Сейфүлмәлік» дастанының қазақша нұсқасына тән ерекшелігі: эпикалық дәстүр мен ертегі дәстүрі өзара ұштасып жатады.

«Таһир-Зүһра» дастанында жырлаған ең басты нәрсе – махаббатқа адал болу, достықты аялау, мақсатқа жету, қиындықтармен күресе білу.

«Мұңлық-Зарлық» дастаны мен Абайдың «Ескендір» поэмасы арасындағы байланыс: «Қалтаға бір уыс топырақ әкеп салғанда қалтадағы алтын-күміс асып-тасып төгіле бастайды». // «Таразының сүйек тұрған жағына топырақ шашқанда ғана таразы басы «солқ» етіп жоғары шығып кетеді».



- 1) XIX ғасырдағы қисса-дастандар: «Ләйлі-Мәжнүн», «Жүсіп-Зылиха», «Бозжігіт» .
- 2) XIX ғасырдағы діни тақырыптағы қиссалар: «Кербаланың шөлінде», «Салсал», «Зарқұм».
- 3) «Қазақ әдебиетінің шығыс әдебиетімен байланысы» ғылыми-зерттеу жұмысында қисса-дастандар үш топқа жіктелген: дінді уағыздайтын, көршілес елдер мен шығыс халықтарының прозалық туындылары, шығыс сюжетіне құрылған, бірақ төл шығарма сипаттас туындылар.
- 4) Дінді уағыздайтын қисса-дастандар: «Сал-сал», «Зарқұм», «Сейітбаттал».
- 5) Шығыс халықтарының ежелгі аңыз-әңгімелері, классикалық әдебиет өкілдерінің дастандары: «Шаһраман», «Сейфүлмәлік», «Шәкір-Шәкірат».
- 6) XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында қазақ әдебиетінің, фольклорының дамуына үлес қосқан ақындарға берілген атаулар: «Нәзірашыл ақын», «Шайыр», «Қиссашыл ақын».
- 7) Нәзирагөйлік дәстүрде қайта түлеген шығармалар: «Қисса Жүсіп», «Қиссаси Рабғузи», «Жұмжұма».
- 8) XIX ғасырдың екінші жартысында жырланған қисса-дастандар: «Ер Жафал мен Таңшебер қыздың қиссасы», «Қисса-и Кенехан һәм Наурызбай», «Қисса-и Наурызбай төре Қасымұлы».
- 9) Нәзирагөйлік дәстүрдің әдеби байланыс түріндегі көрінісі жайлы пікірлер айтқан: М.Әуезов, Н.Келімбетов, А.Қыраубаева.
- 10) Нәзирагөйлік дастандар: «Жүсіп-Зылиха», «Фархад-Шырын», «Ләйлі-Мәжнүн».
- 11) XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басында баспадан шыққан фольклорлық шығармалар «қисса» атауымен шығарылған: «Құламерген», С) «Алпамыс», «Қозы Көрпеш».
- 12) Қазақ әдебиетінің классикалық Шығыс әдебиетімен өзара сабақтастығы жөнінде қалам тартқан ғалымдар: М.Базарбаев, М.Әуезов, Ө.Марғұлан.
- 13) «Хұсрау-Шырындағы» мақал-мәтелдер: «Жараспас барша жерде от пенен су», «Сабырменен тілекке жетсе болар», «Барша күннің аты жаз болмас».
- 14) Жүсіпбек Шайхысламов дастандары: «Мұңлық-Зарлық», «Жүсіп-Зылиха», «Сал-сал».
- 15) «Хұсрау-Шырын» дастанының кейіпкерлері: суретші, Мариям, Мехинбану.
- 16) Жазба әдебиетті дамытушы ақындар: Ж.Шайхысламов, А.Сабалұлы, Ш.Жәңгіров.

4 XIX ғасырдағы сал-серілер

Сал, сері дәстүрі өте ескі дәстүрден сақталып, халықтың тіршілігіне көп жаңалық кіргізіп, әдебиетке, ой санаға игі әсер еткен қазақ мәдениетінің бір жарқын белгілері. Оны осы күнгі сахнада мирас болған Біржан салдың, Құрманғазының бейнелері анық сипаттайды. Сал, серілер күштіге табынбайтын, кедейді мақтап жыр шығарады. Олардың бар ынтасы махаббатқа бас иіп бәйек болып түсуі, ол үшін елді-елді қыдырып, өзіне ақылды, сұлу қыз іздеу, барлық жас өмірін сарып қылып, мал- мүлкін аямай соның жасына құрбан ету. Сал мен серінің осындай ардақты ниетке бағыттайтын олардың жаратылыс ерекшелігі, дарынды ойы, ашық жарқын мінезі, сыпайлылығы, сұлулыққа елтуі және әдемі дүниеден ләззат ала білуі.

Сал мен серінің ерекше қасиеттері - әрі ақындығы, әрі әншілігі, әрі күйшілігі, әрі сауыққойлығы елге қуаныш беретін, олардың жүрегіне жарық сәуле түсіретін зиялылығы. Сондықтан халық сал мен серіні өте ардақ тұтып, қуанышпен қарсы алып, олардың істерін халық ортасында аңыз қылып айтып жүрді. Ауылдағы бойжеткен қыздар сал мен серіге ерекше көңіл қойып қарсы алатын.

Сері мен сал келген ауылдарды үлкен думандарға бөлеп: ойын-сауықпен олардың көңілін табады. Ф.Назаровтың зерттеуінше сол жүрген жерін ұзақ уақыт қызыққа батырады. Ол өзінің шырқап салған әнімен жаздың түні ауғанша айға қарап, ән салып отырады.

Ел-елді аралап жүретін әнші, серілер, салдар тарихи дәуірден келе жатқан мәдениетті қалыптастырушылар.

Олар өздері шығарған ән-күйді, музыкалы шығарманы, халықтың эпикалы жырларын мәңгілікке сақтайтын аяулы ой иелері. Өткен ғасырларда сахарада ән мен күйдің өркендеуі бір ғана сал мен серінің, атақты домбырашылардың көркейіп өркендеуімен байланысты болды. Олар әнді бір дауыспен айтпай кейде көп дауысты әндер шығарып жүрді. Осының әдемі мысалы: Сегіз серінің Бақтиярдың үйінде, Мақпал сұлудың алдында – көп серілермен қосылып, көп дауыспен бірлесіп айтқан әсем әндері. Сондай –ақ Біржан салдың Абай үйінде көр серімен қосылып шырқаған сұлу әндері. Демек, салдық өнер халық театрының негізгі компоненттері – ойын-сауық құру, ән шырқау, күй тарту, билеу, желдірме айтуы тағы да басқа дүниеге әкелген.

Бірақ бір өкінішті жері, сал мен серінің қашан шығып, қалай өркендегенін айтып берген бір ауыз сөз әдебиетте кездеспейді. Қысқа-қысқа жазып алған хабарлар Ә. Диваев пен А.Н.Добромысловте жолығады. Осы күнгі жазушылардан бұл мәселеге көңіл қойып жүргенде Бижанов пен Акселеу Сейдімбеков.

Алайда сал мен сері туралы күрделі аңыздар ел аузында орасан көп. Қай жерде қандай сері, қандай сал болғанын халық әлі күнге ұмытпай, есінде сақтаған.

Тарих көзімен қарасақ, серілік ту баста түрік қағанаты кезінен шыға бастаған. Серілікті әдет қылған ойшыл кісінің бірі – Иоллық тегі деген кісі. Ол

өзі ғажайып аңшы, мерген, атты күтіп ұстайтын бапкер, сонымен қатар асқан ақын, жырау болған дейді.

Бір айтатын ой, сал мен сері бір типті емес, екеуі алуан, екі дәстүр өрнектері. Олардың бірінен – бірінің өзгешелігі – тұрмыс көрінісінде, типінде. «Сал» сөзі Европа тілімен айтқанда эксцентрик, немесе өз бағытымен жүретін бір алуан адам. Оның бар арманы сылқымдық, кербездік, киімді әдемі киіну, өзімен қатар жүрген адамның бәрінен де қияпатымен де киімімен де артық болу асып түсуі. Ертоқымның өзі де басқаныкіндей болмайды, алтынмен, күміспен өрнектеліп, ерекше салтанатпен жасалады.

«Сал» сөзі киімді салпандатып кең тігуден шыққан. «Сал», «Салпаң». Әрбір салдың шалбарының балағы сондай кең, оған бір кісі толығынан сиып кетеді. Ақселеу Сейдімбековтің «сал» сөзі «сал ауруынан алынды» деуі келінкіремейді. Халықтың әдеті бойынша, өнер иесіне ондай ат қоймайды, қайта сол «сал аурудың» өзі осы «сал» сөзінен шықан болу керек. «Атым сал бөксе болып жүр» десе, салды басқан кең киім сияқты атты да ауырлатып жүр дегенді білдіреді. Демек, бұл сөздің өзі салдың киімінен шыққан. Құлағы үлкен кісі мен құлағы үлкен малды да «салпаң құлақ» дейді, ол да үлкендікті, кеңдікті көрсетеді.

Ілгеріде мысалмен келтірілмек «серілік», «салдықтан» бүтіндей басқа, ал екеуінің қосылатын жері, екеуі де ақын, күйші, әнші, екеуіне де ортақ болатын музыка аспаптары.

«Сері» сөзі серпілуден шыққан, бой жазу, шалқу, асқақтау дегендерді білдіреді. Сері ол оқымысты кісілер арасында көп болған. Жақсы көрген қызға салдар сияқты іздеп бармайды, хат пен жұмбақ жазысады.

Серілер, біріншеден, атақты мерген, екіншіден, сұңқармен, лашынмен, тұйғынмен құс ілгізген саятшы тұлпар аттың ең жүйрігін қадірлеп баптаушы. Онымен қабат халықтың рухани тіршілігіне, ойын-сауығына да ерекше қуат беріп, оны биікке көтеруші.

Демек, сері мен сал қазақ тіршілігінде ерекше жаралған дарынды, сөз тапқыш, шешен, ол әрі құйма ақын, әрі сері, әрі сал, әрі күйші, әрі әнші, әрі сауыққой. Ақындық оның ойына жаратылыстан дарыған. Сондықтан халық оларды ерекше ардақтап, еркелетіп төрге шығарып, жүздеген жыл ұмытпай есінде сақтаған.

Сал тіпті өзгеше орында болған. Ол халықтың театры сияқты роль ойнап, өзінің жарқын әнімен, сыртқы қияпатымен халыққа үлгі беріп жүрген.

Салдар әр уақыт жарқын жүзді, майталман, әзіл мен қулықты қатар ұстап бір жағынан сын көзімен қарап, маубас басшыларды сықақпен өлтіріп, игі адамдарға мөлдіреген ыстық пейіл білдірген. Сол махаббаттың елесі, ойын-сауықтың, думанның жан күйі, қызықты аңыздардың әдемі тақырыбы. Осыған орай халық сал туралы неше алуан қызықты әңгімелер туғызып, әрбір салдың өмірін бүкіл сахараға таратады.

Салдық ерте кезден дамыған дәстүр. Ең соңғы салдың бейнесін Біржан мен Мұхит салдан көруге болады. Олардың соңын ала шыққан Жаяу Мұса мен Үкілі Ыбырай салдықтан гөрі әншілікке жақынырақ. Салдықты еске түсіретін

Жаяудың өзгеше киінуі (ылғи қызыл киіп жүруі), Ыбырайдың басына үкі тағып жүруі.

Ерте кезде өткен салдардың асқан ерекшелігі олардың сыртқы қияпатының өзгеше болып көрінуі. Олардың сыртқы сипаты, киім киісі, жүріс-тұрысы, қарапайым кісіге ұқсамайды. Олар жүргенде ылғи қойқандай басып, кербез жүреді. Сөзі асқақ, еркін, өзінен басқа жан бар деп ойламайды. Салдарды қазақ халқы өте еркелетіп өсірген. Ол өте кербез, паң, онымен қатар мінезі өте жайдары ашық ер көңілді келеді.

Салдардың киім киюінің өзі бір өзгеше нәрсе. Олар әдемі, сұлу киім киген. Өзгелер кие алмайтын қымбат киім алу үшін өзінің мал-мүлкін аямаған. Киімді кең, мол қылып, тіктіруді әуес еткен. Ауқатты салдардың киетіні мауыты шекпен, қамқа тон, қырмызы не жасыл шапан, олардың етегін, арқасын, жеңін тегіс кестемен өрнектеп, әшекейлеп қойған. Шапанды бір ғана торқадан не қалың жібектеп істейді. Тоғыз қойдың терісінен жасайтын кестелі кең шалбар, өрнектелген шоңқайма қызыл етік, басына киетіні жібектен жасалған биік телпек.

Кедейірек салдар жібек киіммен өзін көркейте алмай, жәй матаның өзінен тіктіретін болған. Барлық салдың әдеті атын жібек арқанмен, жібек тұсаумен тұсайтындығы. Ауқатты салдар елді бір аралап шыққанда жүз метрдей жібек артып жүрген. Жібек арқан неғұрлым ұзын болса, ол соғұрлым салдын атын ел арасына көп таратқан.

Жібек арқан қыз-келіншекті салдарға тез таныстыратын мықты әдістің бірі болған.

Сал әрқашан аттың ең сұлуын, жүйрігін ұстап, жақсылап мәпелеп, сипап, сүртіп, жал-құйрығын тарап, оған жібек байлап, моншақ, маржан тағып әсемдендіріп жібереді.

Атты әртүрлі ойынға: жатуға, тұріға, секіруге, билеуге үйретеді. Қыздар далада жатқан салдың қасына келгенде оның аты аяғын бүгіп, басын иіп тәжім қылады. Атының аяғына күміс білезік кигізіп құлағына алтын сырға тағып, маңдайына үкі қадайтын салдар су орнына сүт беріп тұрған.

Осы әсем киіммен, осы салтанатты ат тұрманымен, осы кербез атымен, кеудесі өлең мен жырға толған атақты сал сұлу қыз іздеп ел аралауға шығады. Махаббат мен ойын-сауық жолына түскен салдар дүниесін аямай, бар малын әдемі киімге, тұлпар атқа, сәулетті ертоқымға, қыз-келіншекке таратуға арнаған.

Сал ел аралап жүріп, қызды ауылдың сыртына келіп тоқтап, артынан жерге далалай құлап, шалқасына түсіп, екі қолып екі жаққа жіберіп қимылсыз жатады. Халық дәстүрі бойынша ауылдың қыз-келіншегі көтеріп, тұрғызып ауылға алып келеді.

Кейде ауылдың қыздары салдың құлаған жеріне көп уақыт бара қоймайды ол өлген кісідей көзін жұмып жата береді. Жарты күн, бір күнге шейін қозғалмастан жата береді. Бірақ атақты ақсақалдары атақты салдарды көп жатқызбай, қыз-келіншекті алдынан тез шығарады. Шықпаса сал екі күн болса да жата береді. Тездетіп ерте келген қыз-келіншекке сал жібек арқанын сол

қалпымен сыйлайды. Сондықтан да ел аралап жүрген сал жібекті талай рет сатып алып жүрген.

Дегенмен сал болу оңайлыққа түспеген. Сал болған кісілер атасынан қалған барлық малын осыған жұмсап, кейін қартайған кезінде кедейленіп, жүдеген. Сал болған жігіттің мал мүлкін босқа шаша бергенін оның туысқандары ұнатпаған. Сондықтан айыру үшін жігітке туысқандары жақсы көрген қызын алып беріп, аяғына тұсау салуға тырысатын.

Сал мен серілердің көп тараған жері Көкшетау төңірегі. Олардың бұл өлкеде көп екені бірінші рет айтып жазған түрік елдерінің тілін жүйрік білетін офицер – ғалым Услар деген кісі. 1840 жылдары Усларды Кенесары көтерісшісін бақылауға жіберген. Бірақ ол қазақ тұрмысын зерттеуге айрықша көңіл бөледі. Оның бақылауынша, қазақ тілі азербайжан тіліне жақын, айырмасы тек дыбысты өзгертіп сөйлеуінде. Алғаш Көкшетау қаласына келгенде ол көп жаңалықты көреді. Қаланың іші тасып жүрген қазақ. Солардың ішінде өзгеше киінген көп қазақ салдарын көреді. Олардың бәрі франт-сылқым, форсила-кербез. Кигендері ылғи жібектен тігілген қырмызы не жасыл шапан, аса кең, басына кең шанақ бөрік, аяғына шоң қойма етік. Олар әдемілеп кестеленген, түсі не қызыл не жасыл болып кездеседі.

Жаяу Мұса. XIX ғасыр қазақ халқының рухани өміріне елеулі із қалдырады. Саяси-әлеуметтік халдың езгісінде ашылған жұрттың еркіндік көкsep, тұтас бір бұқаралық қозғалысқа бет алған шағы болатын

Халықтың тек тамырындағы рухани күштің, зор бұлқыныстың туын көтерген Жаяу Мұса өз заманының асқан күрескері атанды.

Жаратылыс, Мұсаның таңдайына бояу, санасына ой зарытып туғызған.

Тағдыр азап жолын ұсынған, жастай анасынан айырып, өгей тіршілік санасын қажады. Өксігі мол уақыттың жалғыз аяқ соқпағы ерте жетеледі. Бала жүрегі бақыт, қуаныш іздеп шыққан. Азамат болып алғаш түйсінгені - өзі дүниеге келген қараша үйді қоршаған қаралы қамыт жалғыз өз мойнында емес екенін сезеді. Ендігі мұраты өмір танып, өнер үйрену. Намыстың жыртық тесігін жамау болды.

Қызылжар мен Омбыда өткен аз уақыт Жаяу Мұсаның көп жайға көзін ашып еді. Көз құлағы жүйрік қала тіршілігі арқылы өзге дүниенің өзегінде болып жатқан жай-күйге қанықты. Елдің иығында жатқан қасиетті бұлттың жалғыз қазақ жұртында ғана емес екенін түсінді. Өзіндей көкірегі ояу, арқасы жауыр орыс жұмысшыларымен танысты. Солар арқылы орыс халқының тілін білуге бар ынтасын салды. Саналы, зерек Мұса олармен тез достасқан. Балалайкамен орыс әндерін шырқаса, сырнаймен құйқылжытып татар халқының жырын төкті.

Мұсаның Шоқанмен достасуы, оның дүниетанымына, әлеуметтік халдің тек тамырын ажырата білуіне көп әсерін тигізіп еді. Шоқан арқылы өзге елдің әдебиеті мен өнеріне жол ашты. Омбыдағы орыс метебінде сауат аша жүріп Петербург, Москва тағы басқа ірі қалаларда шығатын газет-журналдарға үңілді.

Әрине бұл жәй кездесу болмаса керек. Шоқан сынды көреген ғұламаның Жаяу Мұса тағдырына зер сала қарағаны анық. Әнші-ақынның болашақ өміріне, өнердің идеялық мұрат-мақсатына бағыт беруі сөзсіз. Жаяу

Мұсаның өз өмірінен күнделік жүргізуі Шоқанның әсерінен, өнеге тәлімінен екені байқалады.

Жаяу Мұса өнерін сала қараған жан әнші-ақынның орыс халқының мәдениеті мен өнерінен жақсы хабардар болғанын пайымдар еді. Өлең сөзінде Пушкин, Гоголь, Кутузов, Глинка есімдердің аталуы тегін емес. Тіпті мысал жырларының формасында Крыловтың ықпалы сезіліп тұрады.

Жаяу Мұса тек өнер қайраткері емес, үлкен күрескер, жеке бунтарь, алған бетінен қайтпаған адам. Оның әдеби, музыкалық мұралары өте бай. Жаяу Мұсаның шығармалары совет композиторларының творчествосында кеңінен орын алды. Мұса даланың да, қаланың да музыкалық дәстүрін зерттеген адам. Ол көп жерлерде болып, басқа халықтардың да музыкалық тілдерін есіткен. Ал қала музыкасына еліктегенде, Мұса алдымен орыстың қала әндеріне қарайды соның әсерінен келіп ол марш ырғағын меңгереді. Марш – татар музыкасының біте қайнаған бөлігі емес, жаңа заман, жаңа қоғамдық құбылыс тудырған форма. Өзі тілеп барған болса да біраз уақыт Мұсаның әскер қатарында болуы, әскердің жүріс-тұрысындағы ұйымдасқандық, ондағы ойналатын марштардың да әсері құлағында қалып, қазақ даласына ала келуі. Оның үстіне Мұсаның тек домбыра емес, сырнай, скрипкада ойнауы, оның репертуарында татар, орыс және басқа халықтардың музыка үлгілерінің, сөзсіз болуын қуаттайды. Нота сауаты жоқ заманда, халық әншілері Мұсаның аузына қазақша шығарылған әндерін алып, өздеріне бейтаныс музыка шығармаларын ала алмау нәтижесінде ғана бізге Мұсаның бай репертуары жетпей отырған сияқты.

Мұса бұл жағынан Абайдан да өзгеше жәйда. Абай қазақтың халық музыкасын бір кісідей-ақ терең зерттеп, сала-салаларын шарлаған А.Затаевичтің өзі қазақтың ән формасынан шығап кетті, сол арқылы біздің ән қорымыады мықтап байытты. Мұса болса ол қазақтың халық ән дәстүрінде көптеген туынды берді де, екіншіден «ән», «күй» деген екі ұғымнан басқа еш нәрсені білмейтін қазақ арасына «марш», «вальс», «мазурка» ырғақтарын алып келді. Тек жаңа түр, жаңа ырғақ, сырнай скрипкада ойнау арқылы жаңа, озат орындау техникасымен байыту арқылы бірінші тыңдаған кісіге «татарша не орысша» болып көрінетін музыка үлгілерін берді.

Қорыта айтарымыз – Жаяу Мұса музыкалық творчество жағынан аса бай, жан-жақты адам болды. Ол бір жағынан Біржан, Ақан дәстүрінде шығарма, екінші жағынан қала музыкасының рухында әндер шығарды. Оның кейбір әндерінің аяғында сырнай безілдедіп, марш ырғағында құйқылжытып, дауыс қоспағанның өзінде, аспаптық жағдайында да әсерлі қайырмалар, аяқтаулар, музыкалық тоқетер қорытындылар беруі творчествосын әсерлемесе, қазақтың музыкалық тілін байыта түспесе, басқа ешбір жаққа бұрған емес.

Жаяу Мұса тек өнер қайраткері емес, үлкен күрескер, алған бетінен қайтпаған адам.

«Жаяу Мұса- қазақтың белгілі әншісі, өлең шығаратын ақын, ..., Баянауыл ауданы, Павладар уезі, Семейпалат губерниясынікі. Осы кезде тірі болу керек, бірақ қартайған. «Жаяу» атанған себебі - өзінің өнерін жаюда ауыл арасында жаяу жүрген, ол оның өзі аттан түспейтін, ат қадірлейтін қазақ үшін үлкен

кемшілік. Солай бола тұрсада оның аты халыққа тез жайылып бай қазақтар да құрметті қонағындай қарсы алды. Жамбасовтың сөзіне қарағанда, Мұса - көңілді қарт, қазақ ақындарының әдетін қумай, көбіне домбырада емес татар әншілері сияқты скрипкада ойнаған. Оның жеңіл, ойсыз, басқаша айтқанда көңіл көтеретін мелодиялары бірыңғай екі ширектік өлшеуге сыйып отырады, солай аяғына дейін өзгермей, «гатараға лайықты» сүйемел кереккендей және биге шақырып тұрғандай болады. Біразды көрген Мұсаға мазырканың ырғағыда белгілі болса керек» - дейді А.Затаевич, өзінің «1000 әнге» жазған түсінік сөзінде.

Ақан сері. Ақан сері қазақтың әйгілі сері ақыны, халық композиторы, Сарыарқаның сұлу кербез тауы Көкшетаудың айнасына сұлуән, сұлу жырдың туын тіккен, жаны, жүрегі кіршіксіз халқының ең ерке, сүйкімді ардагер ұлы.

Ақан серінің Арқаның ой мен қырын тебіренде салған әні, Көкшені күңіrentіп тартқан күнінің үні бұл күнгі бізге айқын естіледі., айқын сезіледі.

Ақан серінің серілік өмірі, сұлу лирикалы шығармалары, әсем ән-күйлер заманалар бойы қазақ халқының тарихынды мәңгі жыр, ұлы аңыз болып қалады.

Ақан серінің туып-өскен жері сұлу Көкшетау. Көкшетау қаласының күнбатыс-солтүстігіне қарай 70 шақырым Қоскөл, Сарыкөл деген жер Ақан серінің бала күнінен мекен еткен жері. Айналасы құрақты қалың орман, суы айнадай жалтыр, тұп-тұның мөлдір. Ақан осы Қоскөлдің бойында 1843 жылы туды. Әкесі Қарамса өз еңбегімен күн көрген шаруа адам. Қарамсаның әкесі Жарқын Орта жүздің іргелі руы Қарауылдың ішінде аты шулы бай болған.

Ақын 7 жасынан 13 жасына дейін ескіше оқу оқиды. Зирек, зейінді, ұғымды Ақан 6 жыл оқығанында, ескі оқудың қиындығына қарамастан шығыс елінің дүние тануы, шариғат жолдары жайынан мол ұғым алады, әдебиетпен жақсы танысады. Ақан 15 жасынан серілік өмірге салынады.

Ақанның серілік өмірі халық алдында ерекше көзге түседі. Ақан өзі асқан сұлу әнші болғандықтан Қарауыл, Атығай ішіндегі сері, балуан,ақын жігіттер Ақанның айналасына жиналады. Ақан өлеңді бөгемей айтатын суырып салма жүйрік ақын болып өседі. Әнмен қатар тапқыр сөз, шешендік толғау Ақанның даңқын көтере бастайды. Ақан не айтса да тура, батыл, шын айтатын болады. Мынау бай, жуан мырза деп қаймығып, жарамсақтанып жағынып сөйлеу дегенді білмейді. Кімнің мінін көрсе де жарып тура бетіне айтатын, алмастай өткір, шешен, тапқыр тілмен шенейді. Теріс мінезді адамдарды, әсіресе тентек мырзаларды өлтіре сынап отырған. Олардың ешбіріне дес сөз бермей өктем, ер өркеуделік ой сезімін үнемі өсіріп асқақтата білген. Ақанның осы турашылық, ерлік мінездері халыққа айрықша ұнаған. Ол отырған жерле ешбір ақын, ешбір шешен, ешбір сері сөз бастап ән сала алмайды, барлығы Ақанның аузына қарап, әніне, сөзіне құлақ түретін болады.

Ақан сері бүкіл Сарыарқаны аралап ән салады,серілік құрады. Ақанның жанында үнемі 15-20 жігіт жолдастары болады. Бұлардың барлығы да бір түсті сұлу, жүйрік, жорға ат мінеді. Көпшілігі ақын, әнші, сері, балуан болады.

Бұлар жүрген жерде жалғыз ән салып, өлең айтып қоймайды, айтысы да қосылып та ән айтады. Өздерімен бірге аттарын да ойнатады. Елдің жігіттерін жинап күрес ашады.

Шілдехана, қыз кешштерін жасайды, жақсы әнші, жақсы ақын жігіттер мен қыздардың сөздерін, әндерін сынға салады, жұртқа тыңдатады.

Ақан сері өз замандағы атақты ақын, әнші серілердің бәрімен жолдас болды. Атақты Біржан салды әншілік жағынан ұстазым деп біліп, оған үнемі барып, жанына еріп жүріп сұлу Бурабайды аралап, шырқап салатын әсем дауысты асқақты әнін естиді, сонан үйренеді.

Ақан сері жалғыз композитор ғана емес, ол серілік өмірімен халықтың шынайы артисі де болған ірі көркем өнер қайраткері. Сері деген ардақты ат кім көрінгенге беріле бермеген. Сері, сал, әнші, ақын деген атақты-халықтың театр, ойын – сауыққа қатысы білген ақындарға халықтың өзі берген.

Ақан сері қазақтың әдебиет тарихында да айрықша орын алатын ірі реалист ақын. Ақан сері қарапайым ақын емес, ол қазақтың жазба әдебиетінің стилист лирик ақыны.

Сондықтан Ақан сері – қазақтың дана ақыны, ірі әншісі, ұлы сезімді жан иесі, ақын ұлы болумен бірге өршіл мінез, еркіндікті аңсаған еркін ой сезімінің асқар алып символын берген ардагер батыр ұлы.

Ақан сері өз заманындағы атақты ақын, әнші серілердің бәрімен жолдас болған. Ақан сері поэзиясын стилін музыкасындай лирикалы сұлу келеді. Ақанның музыкасы мен лирикаларының айрықша жарқын, сұлу келетіндігі тек Ақанның серілік өміріне байланысты шығарыла салған емес, ол ұлы ақынның эстетикалық көзқарастарына, дүниені көркемдік жолмен тану ойларына тығыз байланысты. Ақан айналадағы өзгеріп, қиылып жатқан дүниені, жаратылыс әлемнің, адамдар өмірін –бәрін мәңгі сұлулық бейне деп түсінеді, сұлу емес нәрселер, жан иесі Ақан үшін ешбір мағынасы, қасиеті жоқ. Дүниеге тек сұлулықтан тұрады деп біледі. Таза сұлулықты ардақтаушылар- искусствоны әлеумет өмірінен алыстатады, олар таза ойдың, таза сөздің, таза қиялдың сұлулығына, қиял романтизм жолына беріледі. Бірақ Ақан серінің сұлулықты ардақтай жырлаған мотиві әлеумет өміріне жат емес, қайта халықтың эстетикалық сезімін өсіріп құлпырты отыратын, Ақан сүйген сұлулықты халық құмарлана қарсы алып отыратын сұлу өнер. Олай болса Ақан дүниені сұлулық жолымен танып жырлауы искусствоның сұлулық қасиетін ұлы классик ақындарша терең мағынада түсінгендігін, өз өнерін теориялық жағынан ойланып, меңгеріп алғандығын көрсетеді.

Өмірі сұлулыққа бөлініп, Көкшенің мұнартқан тауларында, орманды сайларында, мөлдіреген әдемі көлдерінде ерке өскен Арқаның асқақ әншісі Ақанды халық еркелетіп «сері» деп кеткен Оның өмірі шын мағынасында сұлу ертегідей, адам ойын өзіне еріксіз тартатын, шытырман, ғажайып өмір болған.

Ақан серінің махаббат, сұлулық бейне мергендік, серілік-салт, сұлу әйел, достық жырларында жазған өлеңдері қазақтық лирикалы поэзиясының бір шұрайлы саласын береді. Сонымен қатар Ақанның серілік өмірімен байланысты шығарған көптеген өлең- жырлары, сұлу әндері әндері сері жігіттердің, ел жастарының аса сүйіп айтатын өлең әндеріне айналып кетеді.

(«Сұлу қызға», «Торыны талға байлап мінген қандай», «Ақ көйлек», «Ақ иық пен ақ түлкі», «Гауһар жақұт», т.б.)

Ақан «Ақ көйлек» дейтін өлеңінің бірінде ғашық жарының сипатын шебер суреттейді: «Ертегін ақ көйлектің алтындаған

Ажарын ақ жаңбырдай жалтылдаған

Сексен қыз серуенге шықса – дағы,

Ішінде сен қоңыр қаз қаңқылдаған

Қамалап қанша дұспан келсе-дағы

Қалқажан айтар сөзін тартынбаған

Болғанда сен аққу құс көлде жүрген

Лашын құс не болады талпынбаған,

Көз салып жалаң қызға не қылайын,

Кигіздей уқаланып қарпылмаған...»

«Сексен қыз» ішінде болсаң да сен бәрінен артық ойындағы сұлу аққуын, сүйкімді қоңыр қазым деп шын махаббат сырын білдіреді. Міне бұл өлеңдердегі Ақанның шеберлігі тек ғашықтықтан туған ішкі сезімді сұлу сипаттауда ғана емес, мұнда Ақан серінің үлкен ақынтық өнері ерекше көзге түседі. Сонымен қатар Ақан өз заманның жауыздық дүние, балық, мансап, дәлет адамды аздырады, адастырады, әділдік, туралы іздеген адам бұл дүниеден қайғылы болып өтеді, деп өз өмірінен әсер береді:

«Дүние адастырар қуғаннан соң

Шырмайды қол-аяғын буғаннан соң,

Дүние аз көпшілік фани жалған

Басыңнан қайғы кетпес туғаннан соң

Бұл дүние жұртты алдаған бейне базар,

Әр адам өз әлінше базарлайды».

Жынды есінен танды деп байлардың, күншіл жуандардың өсек қылған адамы ұлы сезімді жан иесі Ақан міне осындай зор мағыналы, саналы терең ойлы өлеңдер жазды. Сөйтіп Ақан жалғыз серілік, махаббат, сұлулық, жегіттік өңірдің жыршысы немесе қайғы-зардың жыршысы ғана емес, ол сонымен бірге әлеуметтік өмірдің жыршысы. Бұл жағынан Ақан зор заман ағымдарының мотивін береді.

Біржан сал. XIX ғасырдағы қазақ халқы мәдениеті тарихынан елеулі орын алатын ірі ақындардың бірі- Біржан сал Қожағұлұлы.

Біржан поэзиясының асыл арнасы қазақ халқының бай ауыз әдебиетінде, музыкалық фольклоры қазынасында жатыр. Жасынан ел аралап ділмар шешендермен кездесіп, сөз сымбаттарын үйреніп, шешендік дәстүрлерін игереді. Төкпе ақындар өнеріне де жетік болып, талай айтыстарға қатысады. Олардың табан асты өлең шығару әдістерін, сергек қабілеттерін меңгереді. Әсіресе, Шөже мен Орынбай сияқты төселген төкпе ақындармен диалогтасулары әсерсіз болмаса керек. Біржан творчествосының дұрыс бағат ұстауына оның ұлы Абаймен кездесуін зерттеушілер жоғары бағалайды. Бұл ретте, біз, Ахмет Жұбановтың пікірін құптаймыз. Ол былай деп жазған болатын:

«Біржанның шығармашылық өмірінде үлкен бір оқиға оның Абай аулына баруы. Баста өзінің әдеттегі ән саяхаты есебінде барғанымен, поэзия алыбы Абайдың әсері Біржанға күшті болады. Өлең шығарудағы жаңалығы сияқты ән шығармашылығында да бұрынғы ата-баба салып кеткен қара жолмен ғана жүре бермей, тыңна із салған данышпан, ән еркесі Біржанның үлкен талант екенін танып, оған тиісті баға береді. Әншінің халық шаруашылығын бабына келтіріп орындауымен қатар, өзінің шығарған әндерінің терең мазмұнына таң қалады. Оған шейінгі болмаған ән үрдісінің бар екенін, дарынды орындаушының өзі сезбейтін нақыштар енгізуін, ел аралау арқылы көптеген ән дәстүрлерінен сусындағанын қызықтайды. Біржан айлап жатып, өнердің шын бағалаушысы Абайдың өзінің және өзінің айналасындағы талантты поэзия мен әнді қуған жастарының сынын есітеді. Әсіресе, Абай біржанның басына біткен композиторлық, ақындық, асқан орындаушылықтың басқа қонған бақыт екенін айтады. Осы бақытты өнімді пайдалану үшін үлкен еңбек керек екенін түсіндіреді. Абайдың аулында болу, өлең мен әннің салтанатының қайнаған базарын аралау Біржан үшін үлкен табыс болды. Әрбір күшті дарынға тән нәрсе – іздену, үйрену, жетілу, сыннан сүрінбей өту болса керек. Біржан бұл сапарын ізсіз қалдырмайды. «мен көрдім ұзын қайың құлағанын» деген Абайдың өлеңіне ән шығарады.

Біржан – ақын, лирик. Бірақ оның, сөз кестесіне толы төгілген лирикаларын жаныңды жайдырататын жайдары асқақ үнді әндерінен бөліп қарау мүмкін емес. Біржан өлеңді көбіне ән үшін, әнді өлең үшін шығарған. Сондықтан олар бірге қайнап, бірігіп кеткен туындылар. Ғашықтық лирикаларындағы нәзік сезім дүниелерін ол асқан ақындық шабытпен жүрек тебіреніп жырлап береді. Жастар жүрегінің қылын шертіп, іштегі жасырын сырларын ақтара ашады. Махаббат күйігіне душар болғандар мінезі, олардың эмоциялық сезім серпіндері қоғамдық-әлеуметтік шындықтарға байланыстырылып, биік идеялық сатыға көтеріледі. Осылайша, ақын лирикалары ақиқат өмірден туып, әлеуметтік қорытынды жасайды. Адамгершілік ақылдар ұсынады. Қазақ жастарының өмірге көзқарасын дамытқандай ой тастап, кейбір мағынасыз өмір кешетіндерге наразылық білдіреді. Жас шақтың қоғамға, елге пайдалы істерге, өнімді еңбекке, өнер-білім ізденгіш талапкерлікке толы болуды қалайды. Болашақ үміт артар келешек ұрпақтың шұғылдана берекелі істерін нұсқап, жатпай-тұрмай, қарекесі қылуға ел кезіп жер танып, мүмкін болса сайран салып, дүниенің төрт бұрышын түгел шарлап білуге шақырады. Мысалы, «Сырғақты» - деген өлеңінде ақын ең алдымен өмірдің мағынасын түсіне білуді керек қылады:

Бозбала, саған айтар өсиетім,
Жақын жүр әлпештеген ардақтыға.
Жанып тұрған жас өмір – ал қызл гүл,
Сипаттауға қызығын жетпейді тіл,
Жауқазын желбіреген жастық шақта
Өмірдің мағынасына түсіне біл.

Бұл жолдардағы «жақын жүр әлпештеген ардақтыға» - дегенді біреудің масайратып өсірген ерке – шолжаңын меңзеп отыр деп теріс түсінбеу керек.

Жақсы тәлім алып өскен, ел ардақтыларын айтып отыр. Өмір мағынасын бозбала шақтан-ақ түсініп, адамгершіл мақсаттар үшін талап қылуға дағдыланса екен деген ізгі міндеттер жүктейді.

«Айтбай», «Қаламқас», «Алтын балдақ», «Ақ серкеш», «Керкеніп», «Бірлән», «Орынтай», «Мақпал», «Ғашық жыр», «Ғашығым», «Қалқама», «Ақжроғажан», т.б. арнау өлеңдері ақынның бойындағы өмірі өшпес жастық жалынының жарқын бейнелері достық пен махаббат сезімдерінің айнадай ашық көрінісіері. Жоғарыда аталған Біржан шығармалары – ғашықтар сырын тереңне толғайтын үлкен ақындық тебіреністің туындылары.

Біржанның ақындық құдіретін жете танытқан оның айтыстары. Әсіресе, Сара ақынмен айтысы. XIX ғасырдағы қазақ ақындары айтыстары ішінде бұл айтыстың алатын орны ерекше. Өзінің идеялық мазмұны жағынан да, көркемдік, образдық сипаттарымен де сол нағыз әдеби шығарма дәрежесінде танылып, жоғары бағаланып келеді. Айтысқа түскен екі саңлақ өздерінің тапқырлықтарын, шешендіктерін, мәдениеттіліктерін, көркем тілге шеберліктерін толық танытқан.

Біржан салдың мұрасын бізге әкеліп жеткізген әншілер, ақындар орасан көп, олардың өзі ел аузында аңыз бола бастаған. Біржан салдың әндерін айтушылар: Құлтұма, Ақан сері, Соқыр Қапаш, (Атбасар), Жарылғапберді, Балуан-Шолақ, Жаяу Мұса, Естай, Ғазиз әнші. Совет дәуіріндегі Біржан туралы әдебиет те өте бай. Оны келістіре зерттеушілер А.В. Затаевич, А. Жубанов, Б.Ерзакович тағы басқалар.

Біржан айтып таратқан әлеуметтік өлең-жырларын оннан бірі ғана сақталып бізге жеткен.

Шешеннің сөз шығады таңдайынан,

Жұмақтың бізге мекен қандайынан?

Бар болып байлар кімді асырайды

Өркімнің жазған алла маңдайынан,- деген өлеңінде ақын байлардың пейілінің тарлығын шенейді. Ойын-сауық думанға әсем көрініс жүріс-тұрыстарға, махаббаттық драмаға, көңіл-күйінің құпия сырларына толы өмірлік құбылыстарды шебер жырлап, алуан түрлі әсем әншілік, лирикалық сарын күйлер жасау Біржан ақындығының биік бір асуы болып табылады. «Көкек», «Бурылтай», «Алтын балдақ», «Ләлім шырақ», «Жамбас сипар», «Телқоңыр», «Көлбай-Жаңбай», «Айтбай», т.б. ән, өлеңдері, Сарамен айтысы Біржан поэзиясының мықты бір саласы.

Біржанның лирикасы халық өлеңдерімен тамырлас, халық өлеңдерінің әсемділік, лирикалық сарын күйлерінен туып дамыған. «Жамбас сипар»- жастық дәуренді аңсаған әсем де ерке әннің бірі. Жастық пен кәрілікті салыстырған ақынға әрине «Серттен тайған», «Келін, балаға жақпас» кәрілік шақтан гөрі есерлік пен ел кезіп, сұлулармен сырлас болған романтикалық өмір қызықты. Біржанның лирикаларында ғашықтық, махаббаттық сарын елеулі орын алады. Тіпті «Ләлім шырақ», «Көлбай-Жаңбай» сияқты әзіл – қалжың аралас өлеңнің негізгі сарыны жоқтауда емес (кейбіреулері солай түсіндіреді). «Ақтентек», «Көкек», «Алтын балдақ, «Ғашық жар» т.б. өлеңдерде жастық, махаббат, достық сезім күйлерін шертеді.

«Телқоңыр», «Бурылтай», «Ақсеркем» тағы басқа ән-өлеңдерімен айтысында жүйрік жорға, сұлу аттардың көркем тұлғасы елеулі орын алады. Сұлу ән, сұлу жыр, сұлу ат ер жігіттің зор мән берген мақтаны саналған. Біржанның топты жарған майталман жүйрік ақындығы мен алты қырдан даусы асқан әншілік өнерін жас қауымға зор мақтан, үлгі етіп ұсынады.

Біржанның, Ақанның, Мұсаның поэзиясын айтқанда олардың ақындығын бастан-аяқ мінсіз деуге болмайды. Олардың қай-қайсысын алсақ та өмір шындығын, махаббатты, байларды, достықты өздерінің жырларына қосып отырған.



- 1) Сал мен серінің ұқсастығы: сегіз қырлы, әнші, күйші; ақын
- 2) Біржан салдың жорға аттың сипатын суреттейтін әндері: «Телқоңыр», «Буырылтай», «Ақсеркем»
- 3) Ақан сері туралы көркем шығарма жазған жазушылар: І.Жансүгіров, Ғ.Мүсірепов, С.Жүнісов
- 4) Ақан серінің адамның өсу жолына байланысты шығармалары: «Кәрілік», «Жиырма бес», «Жастық шақтар»
- 5) Ақан серінің ғашықтық лирикалары: «Балқадиша», «Нұрила», «Мақпал қыз»
- 6) Орыстың бір ақынының поэмасын назира-аударма жолымен жырлауда бас кейіпкер қыз есімін "Тәтіш" деген атаумен де еркелете жырлаған Әсет Найманбайұлының "Онегин мен Татьяна" дастаны
- 7) Ақан сері Қорамсаұлы туралы роман-дилогияның авторы Сәкен Жүнісов
- 8) Жаяу Мұса Байжанов туралы романның авторы Зейтін Ақышев
- 9) Қазақтың әнші-композитор ақындары туралы "Замана бұлбұлдары" атты кітаптың авторы Ахмет Жұбанов
- 10) Адамгершілік мінез-құлықтары әртүрлі он үш түрлі жігітті сипаттаған Ақан Қорамсаұлының "Айтамын замандасқа біраз кеңес" өлеңі
- 11) Фольклордағы синкретизм (өнер тұтастығы) дәстүрлі ақындық поэзия өкілдерінің лирик әнші-ақындарда (сал-серілер) мол сақталды.
- 12) Балуан-Шолақ (Нұрмағамбет Баймырзаұлы) туралы Сәбит Мұқанов прозалық туынды жазды.
- 13) Біржан салдың жорға аттың сипатын суреттейтін әні: «Телқоңыр».

5 Махамбет Өтемісұлы және дәстүрлі жыраулық поэзия

Исатай қозғалысын поэзияға арқау етіп, қимылдың тарихын, мәні мен мақсатын үлкен шеберлік, биік шабытпен жырлайтын Махамбет Өтемісұлы 1804 жылы қазіргі Батыс Қазақстан облысының Орда ауданында, Бекетай құмы деген жерде туған Махамбеттің арғы атасы Құлмәлі парсы шахы Нәдіршенің нәсілі екен. Тұқымы қазақ болып кетеді. Өтемісте: он ұл болған. Олар: Бекмағамбет, Махамбет, Ысмайыл, Досмайыл, Қожахмет (Ахмет), Ұса, Иса, Хасан, Мұса, Ибраһым. Бекмағамбет Жәңгір ханның он екі дуан биінің бірі, ол Исатай қимылына қарсы болған. Бекмағамбет Жәңгір ханның он екі дуан биінің бірі, ол Исатай қимылына қарсы болған. Ахмет пен Ысмайыл 1838 жылдың 12

тамыз күні соғыста қолға түсіп, жер айдалады. Өтемістің өзге ұлдары кедей, момын шаруалар болған. Бойы 2 метр, 5 см болған Махамбет Исатайдан соңғы беріштің (байұлы) ірі батыры.

Махамбет жасында Жәңгір ханның сарайында, оның Зұлқарнайын атты баласымен бірге өседі. Зұлқарнайын Орынборда оқып жүргенде Махамбет те оның қасында болған. Жәңгірдің қара қазақ баласы Махамбетті өз ұлының жасында ұстауы тегін емес. Махамбет бала күнінен бастап өлең - жыр мен домбыраға әуес, дарынды жырау болған. Халық ортасынан шыққан ақын кейін көтеріліске де белсенді түрде қатысады. Тас жарып шыққан бұлақтай ойды тыңнан тудырып айтатын от ауызды, орақ тілді Бұқардан соңғы жеке авторлығы бар толғау ақыны осы Махамбет болды. Сонымен бірге Махамбет Исатай қозғалысының екінші көсемі, беріштің көрнекті батыры. Батырлық оның туысында ғана емес, ой - ұжданында да бар. Жасында ол батырлық жырларының мөлдір бұлағынан сусындап, өзінің тағдырын халықпен ерте бірлестіреді. «Еменнің түбі сары бал» дейтін толғауында ақын:

Хан-төренің кешігіп.

Кідірмегі елден-ді.

Батыр болмақ ойдан-ды.

Айғайласып жауға ти

Тәңірім білер, жігіттер,

Ажалымыз қайдан-ды, - дейді.

Ақынның пікірінше, батыр болу - ой-санадан, ал хандардың жолында қазылған ор - халық эпосындағы батырлар үлгісі болды. «Ұл туса», «Неткен ер», «Айныман» дейтін өлеңдерінен мұны айқын байқауға болады.

Кейбір мағлұматтарға қарағанда, Махамбет халықтың азаттық күресіне Исатайдан бұрын ден қоя бастаған. Мысалы, 1829 жылы Жайықтың бергі бетіне өткен шаруалар шекара әскерімен шайқасып, кішігірім бүліншілік туады, оны Махамбет басқарған. Бұл бүліншікті әскери қолбасшы Бородин басқан соң, ол үш жылға жер айдалады. Айдаудан келген Махамбетті тізгіндеп ұстау үшін 1834 жылы Жәңгір оны 1836 жылы істен қуады. Содан бастап Махамбет Исатай қасында болып, ханнан кек алу, талан - таражға ем, елге теңдік іздеу шарасында болды. «Аламанға жел берген» ақын сол жылдан бастап елді күреске шақырады. Қозғалыс туған күннен бастап өзі сол көтерілістің бел ортасында болады. 1837 жылдың күзінде Исатай қолы хан ордасын қамағанда Жәңгір елші жұмсап, оларды он күнге тоқтатады. Мұнысы – алдау, әскердің келуін күту болатын. Осы тұста Махамбет келісімге қарсы болады. 1838 жылғы соғыста Махамбет Исатайдың қасында болған. Бұдан соң Хиуа жеріне кетіп, 1839 жылы Жайықтың бергі бетінде жасырынып жүрді. 1840 жылы беріштің старшыны Ақтайдың 35 жылқысын шауып алады. Губернатор мен Баймағамбет сұлтан сол жылы Сайдалин, Тәуке төрелерді жұмсап, оны ұстау қамына кіріседі. Өйткені Махамбеттің елді тағы да күреске шақырып жүргені анықталады. Хан тыңшысы Мұртаза сұлтан 1841 жылдың 4 наурызында Махамбеттің Ембі бойында жүргенін хабарлайды. Баймағамбет оған 40 кісі жіберіп, Тілековтың үйінен ұстап алып кетеді. Бұл 1841 жылдың 17 наурыз шамасы. Махамбеттің ісі сотқа түскенде, ол өзінің көтеріліске қатысқанын

мойындамайды. Сотта Хорунжий Шустиков Махамбетті ақтай сөйлейді. Өйткені ол қолға түскен Шустиковты Исатай қолынан босатуға себепші болған екен. Тыныштық тілеу мақсатында Махамбет ақталады. 1841- 1845 жылдар арасында Махамбет Назар, Шүрен ішінде, хан жерінен шет жүреді. 1845 жылдың күзінде өзінің баласы Нұрсұлтанды оқуға беруге Орынборға келгенде, Махамбет қайта тергеледі. Алаша руының билері оның сыртынан қаралаушы протокол жасап береді. Баймағамбет болса: «Махамбет әле де болса қауіпті, оңында қашқындар бар, сотталсын, болмаса жерімнен аулақ жүрсін» деген. Бұдан соң ол Каспий жағалығында жалғыз үй отыратын болған. Осы кезде оның үйіне Ықылас Төлепов жиі барып жүреді. Ол тыңшы болып шығады. 1845 жылдың қазан айында ойда жоқ жерден Махамбет ауылында Ықылас Төлепов, Мұса Нұралиев, Жүсіп Өтеулиевтер бастаған жасақ барады. Махамбет Төрежан Тұрамов дейтін ақынды атып, оғы тимей кетеді. Ықылас «соғыспаймыз» деп үйге кіріп, дауласа бастайды. Сол кезде сырттан кірген Жүсіп Өтеулиев Махамбеттің басын шауып тастайды.

Махамбет жырлары Исатай қозғалысының поэзиядағы шежіресіне айналған. Қазақ әдебиетінде Исатай қозғалысы сияқты поэзияға мол түскен қимыл сирек.

Махамбет Өтемісұлының шығармашылық мұрасының қазақ әдебиеті тарихындағы орны өзгеше бөлек. Махамбеттің ақындығы дәстүрлі поэзия мен жаңа үлгідегі әдебиеттің бөлек бір арнасы. Махамбет шығармашылығы XX ғасырдың басынан басылым көріп, зерттеушілер назарында болды. Ақынның ұлт-азаттық көтеріліс тарихына қатысын, өмірбаян деректерін, шығармашылық мұрасын өлең үлгісі өрнегі жөнінен өзіндік тұрғыда ғылыми негізделген іргелі ілім – махамбеттану қалыптасып дамыды.

Махамбет заман шындығынан бірден-бір дұрыс қорытынды жасай білген реалист ақын болды. Оның реалистігін әрбір өлеңінен көреміз. Халық бақыты, ел мүддесі үшін күрескен Махамбеттей жалынды ақын өлеңі өмір шындығынан аулақ болуы мүмкін де емес еді. Ескі өмірді билеген кесапатты заманда өзінің шындық бейнесінде көрсетіп, Махамбет тәуелді отар елдің шын сырын батыл да анық ашып береді. Ол қоғамдық, әлеуметтік мәселелерге тікелей араласып, өз творчествосын осындай маңызды оқиғаларды жырлауға арнады.

Ақын өз өлеңдерін ереуіл жыры ретінде шығарады. Сондықтан, Махамбет өлеңдеріндегі келелі мәселе – өз кезеңінің кескілескен күрес дүбірі. Оның өлеңдеріндегі шынайылық та сол мәселе тұрғысынан танылмақшы. Ақын өзі бастаған қозғалысты бастан-аяқ жырлау арқылы сол тарихи оқиғаның өзіне сай шындық көрінісін түп-түгел көз алдыңнан өткізеді. Мысалы, өзінің «Соғыс» деген өлеңінде ақын Бекетай құмына ту тіккен көтерілісшілердің дүбірін, алғаш бас қосып, жауға қарсы аттанған сәттерін жырлайды. Орда мен патша офицерлерінің пікірлестіктері, олардың халыққа қарсы аяусыз қару жұмсауы – түгел баяндалады. Көтерілісшілер басына түскен ауыр жағдайларда нақ қалпында көрінеді. Қаруы мықты патша әскері Исатай қамалына зеңбірек атқанда оған қарсы тұра алмағандарын, Ерсары, Қалдыбай батырлардың оққа ұшқанын анық айтады.

Әскердің алды бөгелді,

Доптың үні шыққанда,

Қырдан ойға төгілді,
Орыстың добы үш атты,
дейді.

Сонда батыр жөнелді,-

Махамбеттің барлық өлеңдері шындыққа негізделген реалистік өткір поэзия. Ақынның «Баймағамбет сұлтанға» деген толғауы ешбір бүкпесіз өзінің нағыз шын сыры ретінде реалистік тебіреніспен суреттеледі. Хан-сұлтанның торына түсіп, алданып, қапы қалғанын, сөйтсе де өзінің бас имейтінін, алған бетінен қайтпайтынын именбей айтады.

Халықтың кегін ала алмай,
Арқаның алпыс екі саласына
Бармақ боп жолға барғанда,
Айдаһарша арбадың,

Арбадың да қалмадың.
Қайрат қылар ер біз болсақ,
Заманымда болған «сұлтаным»,
Бізді жіпсіз байладың.

Өлім алдында тұрмын деп қысылмастан, оған қарсы айбар көрсете тайсалмай сөйлейді:

Ашуыма көп тисең,
Өзекті жанға бір өлім,
Ордаңды талқан қып шабармын! –

дейді.

Махамбет – қазақ әдебиетінде ең бірінші болып хан-сұлтандарға қарсы халық қарғысын батыл да ашық айтқан екен. Оларды халыққа қарсы екі жүзді саясат жүргізіп жатқан албасты, аяусыз тонап жатқан жыртқыш қасқыр, қара шұбар жылан, айыр құйрық шаян бейнесінде бір жақты суреттеді. Қасарысқан сұлтандар тобына қарсы күрескен халық ерлерінің айбынды күшін суреттеуде халық ерлерінің айбынды күшін суреттеуде де ақынның батылдығы барынша айқын.

Көлденең жатқан Жайықтан
Қарындасым барды – деп,

Қырқарланып жатқан ер.
Күншығыстың астында,
Күнбатыстың тұсында

Қабырғасын сөксе де,
Қанын судай төксе де,
Қайыспас қара нарды, -

деп...немесе, отаршылдардың ел іргесін сөгіп, сән-салтанат құрған ордасын бұзғанын ашына сынайды.

Ақын «Ұлы арман» деген өлеңінде, көтеріліс туын қайта көтеріп, жауға қарсы күш көрсетер күнді аңсайды. Халықтың ар-намысын оятып, оларды түгел көтеріліске үндеп, отаршы жаудан кек алу мақсатын алға қояды. «Әрайна», «Мұңайма», «Нарын» деген өлеңдерінде де ақынның осы бір мақсаты айқын сезіледі. Махамбеттің өле-өлгенше аңсаған мұраты – алты алаштың басын қосып түгелдей бұқара халықты үгіттеп, соларды соңына ерту. Оның бар өмірі ата жаудан кек алу, азат болу үшін жұмсалған ерлікке толы ғұмыр еді.

Махамбеттей мұңдыға,
Енді келер күн қайда?!
Жасақ құрған шатырды
Сүңгімен түртіп нашарға...
Он екі ата бай ұлы

Жиылып келсе бұл іске,
Алты сан алаш ат бөліп,
Тізгінін берсе қолыма,
Заулар едім бір көшке.

Махамбет өлеңдері жігерлі де асқақ романтикаға толы. Ақын қиялы алыс қияға самғап, өмір өрін кезеді. Рас, ақын өзінің «Жалған дүние», «Шашылу», «Қайда бар», «Қаршыға деген бір құс бар», «Тілек», «Жалғыздық», «Тар қамау», «Адыра қалған Нарында», «Шегініс» деген өлеңдерінде мұң-шерге көбірек беріледі. Бұл өлеңдеріндегі ақын өксігі оның творчествосындағы кейбір күйректікті бейнелейді. Бірақ бұл ақын шығармаларының реалистік негізгі сипатын әлсірете алмайды.

Махамбеттің ақындық беті айқын. Ол – халық үшін бар өмірін сарп еткен, ел үшін туған ер ақын. Махамбет поэзиясының реализмі оның халықтығымен ұштасып жатады.

Махамбет өлеңдері – халықтың сарқылмас күш-қуатын бейнелейтін нағыз азаттық күрес идеясындағы көркем шығарма. Әрбір өлеңі оқушысының көкейіне бірден-ақ қона кетеді. Термелеп сөз қатып, өміршең жыр толғайды. Өмір, табиғат, қоғам өзгеріс-құбылыстары, табиғи заңдылықтары туралы тұспалды шумақтар туғызады. Бұндай жолдары ақынның тек жалаң үгітші емес, терең ойдың, зор парасаттың адамы екенін танытады.

Махамбет өлеңдері көтерілістен кейінгі тарихи шындықты да дұрыс баяндап береді. Махамбеттің бірқатар өлеңдері лиро-эпикалық түрге жатады. Бірақ бұл сөзден олардың ішінде лирика жоқ деген ұғым тумауы керек. Өзі мен Исатайдың алға қойған тілек, мақсаттарын өздерінің хан-сұлтандарға қарым-қатынастарын жай баяндау түрінде айта келіп, кей жерлерінде, не лирикалық шегініс ретінде, не ішкі күйінішін сыртқа шығару мақсатымен айтылған лирикалық шумақтарда да аз кездеспейді. Екінші сзбен айтқанда, Махамбеттің бірқатар өлеңдерінде эпостық баяндау сарыны жалынды лирикамен сарындас келеді.

Кешегі Исатайдың барында,
Алақандай Нарынды
Басушы едік құлаштай!
Жәбір беріп, жапа етсең,
Былғанған басым ласқа-ай!

Көп ретте Махамбетке тән нәрсе лирика. Махамбет өлеңдері өз басынан кешірген ауыр халдерді сезіе отырып, терң толғам суреттеумен қатар, ол өз кезіндегі тарихи оқиғалармен байланысты туған қалың бұқараның көңіл-күйін де көрсете білді.

Оның өлеңдерінде көңіл-күйі мен ел күйі ұштасып жатады. Сондықтан, оның лирикасын – әлеуметтік сарындағы, саяси үгіттік лирика деп атауға тура келеді. Бұл мазмұн Махамбет өлеңдерінің құрылысы мен түріне де әсер етті. Оның «Ереулі атқа ер салмай», «Мұңайма», «Айныман» деген өлеңдері, мазмұнына түрі сай, жалынды үндеу сөздер. Махамбеттің досын мақтап, жыр ету болса, құрылысы шешендікке толы үгітке арналған отты, өткір сөздер болып келеді де, сөйлемдері қаратпалы, сұрау сөйлемдер болып келеді, не жырлай арнау, не сұрай арнау немесе «риторикалық сұрау» болып отырады. Мысал үшін «Мұңайма» деген өлеңін алайық:

Ханның ісі қатайды, Ұрандап жауға тигенде,
Азамат ерден мал тайды, Кім жеңері талай-ды.

Қанды көбе киініп,
Бір Аллаға сиынып,

Жолдастарым мұңайма!..

дейді ақын.

Махамбет өлеңдерінде бұл тәрізді үгіт өлеңдермен қатар, лириканың басқа да түрлері де кездеседі. Ақынның бірқатар өлеңдері жоқтау өлеңдерінің үлгісінде жазылған. Кейбір өлеңдері фольклорда кездесетін жоқтау өлеңдердің қысқа түріне жақындайды.

Ал Махамбеттің кейбір өлеңдері өзінше философиялық бағытқа негізделген өлеңдер болып келеді. Махамбеттің бақыт пен тағдырдың айнаымалы екендігін философиялық түрмен қорытқан мына өлеңінен де көруге болады:

Бұл дүниенің жүзінде,
Айдан көркем нәрсе жоқ.
Түнде бар да, күнде жоқ
Күннен көркем нәрсе жоқ,
Күндіз бар да, түнде жоқ

Заманым менің тар болды,
Тура әділдік биде жоқ,
Бәрін айт та бірін айт,
Қаумалаған қарындас,
Қазақта бар да менде жоқ.

Мұнан кейін Махамбеттің кейбір өлеңдерін, әсіресе, оның өмірінің соңғы кезеңіндегі шығармаларын – элегиялық өлең деуге болады. «Абайламай айрылдым», «Нарын» және басқа сол сияқты өлеңдер өткенді еске түсіруге арналған, жан қасіретін көрсететін, ақынның жалғыздық қайғысын, тарыққан көңілін білдіретін элегиялық мотивті өлеңдер, мұнда оның басында бір зұлым тағдырдың қара бұлты төніп тұрған сияқты.

Мен тауда ойнаған қарт марал,
Табаным тасқа тиер деп,
Сақсынып шыққан қиядан.
Қайыңның басын жел соқса,
Қаршыға құс қайғырар

Балапаным суға кетер деп,
Мамығын төккен ұядан,
Одағы біздей болған сорлы екен, -

дейді ол.

Махамбеттің элегиялық өлеңдері аса суретті, тамаша көркем. Бұлар ақынның тек жалаң өз қайғыруының сәулесі емес, ол басқа түскен сол кездегі ауыр халдердің айнасы болды.

Кейбір өлеңдерінде ақын туған елі бүгінгі Қазақстан жерінің табиғат байлығының әдемі көріністерін, иен даланың, асқар тау, шыңырау қиялардың айбатты пішінін суреттейді. Өлеңнің көп жерлерінде ақын көшпелі, мал баққан, ит жүгіртіп, құс салған аңшылық, өз елінің өмірінде орны бар жан-жануар, аң-құстардың образын көрсетуге көбірек көңіл аударады. Бірақ бұл ел табиғат байлығын, жан-жануарлардың әлемін суреттегенде, олардың тек көркемдік сипатын ғана көрсету немесе тек сұлулық үшін ғана суреттемейді. Мұнда да ақын ел тағдырымен байланысты өз басынан кешірген қиын-қыстау кезеңдердегі ой-сезімін оқушылары толық сезінгендей етіп, ашығырақ көрсетуге құрал есебінде қолданады. Исатай өлгеннен кейін, күрес арқылы

жетеміз деген мақсат орындалмай, көтеріліс жеңілгесін, хан, сұлтан, феодалдар, бұрынғыдан бетер езіп, ел басына ауыртпалықты күшейте түсті. Бұл жағдай ақынның поэзиясынан орын алмауы мүмкін емес еді. Ақынның бірқатар өлеңдеріндегі элементі жоғарғы халмен байланысты болды десек, Махамбеттегі элегиялық өлеңдердің негізі сол жағдайлар деуге болады. Бірақ бұл сарындағы ақын өлеңдерінде, жауына деген өшпенділік бар, сөнбес кек бар, жолдас-жорасына дем беріп, өмірден түңілмеуге шақырып, болашаққа сенушіліктер бар. Міне, осылардың жиынтығы келіп, Махамбет өлеңдерін сары уайымнан аулақ етеді.

Ірі мазмұнға түрін сай етіп шығаруда да ақынның шеберлігі күшті.

Махамбет хат біле тұрса да оның бізге жазып қалдырған өлеңдері жоқ. Бірен-саран өлеңдері болмаса көбісі ауызба-ауыз, суырып салмалық әдісімен шығарылған өлеңдер. Өлеңді керекті жерінде суырыпсалып айту қазақ ақындарына дағдылы әдет. Мұның әуелгі себебі хат білмеушіліктен, кейін біртіндеп оған дағдыланушылықтан десек Махамбет те суырыпсалмалыққа жас шағынан талаптанып, әдеттегенге ұқсайды. Махамбет шығармаларын терең тебіреніс, термелі тұспал тән. Қиялы ұшқыр өжеттіктерге құрылған шумақтары жаттауға, ұғынуға соншалық жеңіл, қарапайым. Соған қоса ақын толғаныстары көркем образды.

Ақын өлеңдері өзінің құрылысы жағынан да көңіл аударады. Оның өлеңдері ақын ойына сай келіп, жымдасып жатады. Онда шумақ өлшемі, буын мөлшері, тіпті ұйқас тәртібі онша қатал сақталмайды. Осыдан болса керек, жырларда мөлшерлі шумақ болмайды, буын саны көбіне 7-8 болғанымен, онда басқа да мөлшерлер (11, 12 буын) ұшырай береді. Жырлардың буыны 11 болса да ол төрт жолды бір шумақ қара өлеңмен шатаспайды, өзінің жыр қалпын сақтайды.

Махамбет өлеңдерінің ұйқас ерекшелігі де бар. Оның көп қолданатыны – шұбыртпалы ұйқас. «Ереуіл атқа ер салмай», «Мұнар күн» т.б өлеңдері. Бұдан басқа да ұйқас түрлері ақынға жат емес. Ол көп жерде кезекті, қаусырмалы, ақсақ, ерікті, аралас ұйқастарды қолданған, сондай-ақ кейбір өлеңдерінде егіз не қатар ұйқас та кездеседі.

Махамбетке тән бір ерекше ұйқас тағы бар. Оның өлең жолдары әдеттегіше біріне-бірі заңды қалпымен жол соңында ұйқаспай, кез келген жерде бір келеді, ақын ішкі ұйқасты жиі қолданады. Кейде тұтас шумақтар тобы ғана ұйқастырылады. Мысалы «Толарсақтан саз кешіп» деген екі шумақ өлеңнің тек әр шумағының соңғы жолдары ғана ұйқасады. Бірақ, оның есесі әр тармақтың кейбір сөздерінің басқа орындарда үндесуі, не ішкі ұйқастар арқылы толады.

Толарсақтан саз кешіп, (а)

Қабырғасын қаусатып, (д)

Тоқтамай тартып шығуға (б)

Бір-біріндеп сөксе де (ж)

Қас үлектен туған кәтепті (в)

Қабағын шытпас ер керек, (з)

Қара нар керек біздің бұл іске! (г)

Біздің бүйткен бұл іске! (г)

Махамбет шығармаларының тілі әрі көркем, әрі образды, әрі өткір, әрі күшті болуымен қатар, әр сөзі орынды, әр жағдайдың өзіне лайықты, соған тән болып келеді.

Мұнар да, мұнар, мұнар күн,

Бұлттан шыққан шұбар күн.
Буыршын мұзға тайған күн,
Бура атанға шөккен күн, -

деген үзіндідегі «мұнар», «шұбар» деген эпитеттерді алсақ, бұл эпитеттердің батырлардың өз бастарына және ел басына түскен ауыр халдерін суреттеп беруде үлкен мәні бар. Исатайды ел қамқоры етіп көрсету үшін: «Қызғыштай болған есіл ер» - дейді. Қазақ елінің ұғымында бұл жақсы түсінік беретін теңеу. Ал оның ерлігін көрсетейін деген жерде оны арыстанға балайды.:

Арыстан еді-ау – Исатай,
Бұл фәнидің жүзінде
Арыстан одан кім өткен,-

деп оның ерлігін метафора арқылы көрсетеді. Махамбет шығармаларында жай теңеу, не метфорның ұлғайған түрі көп кездеседі. Мысалы:

Мен тауда ойнаған қарт марал,
Табаным тасқа тиер деп,-
Сақсынып шыққан қиядан, -

деген үзінді бұған толық мысал бола алады.

Махамбеттің:

Қой мойынды, көк жұлын...
Көк жұлынды жетелеп, -

деген екі жолындағы метонимия әрі орынды, әрі шебер болып шыққан. Бұл сықылды метонимиялар Махамбетте көп.

Махамбет өлеңдерінде ауыстырудың алуан түрлері кездеседі. Сонымен қатар, оның өлеңдерінен фигураның түрлері де көп кездеседі.

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!
Көл қорыған сен едің –
Сен де айрылдың көліңнен.
Ел қорыған мен едім –
Мен де айрылдым еліменен, -

деген параллелизм, немесе:

Борй да борай қар жауса,
Қалыңға боран борар ма?
Қаптай соққан боранда
Қаптама киген тоңар ма?

Деген риторикалық сұраулар, фигураға жатады.

Жазба поэзиясының озық шығармаларына ғана тән құбылыстар Махамбет өлеңдерінде жиі ұшырасады. Анаформа мен эпифораны өлең құрылысына жетік ақындар көп қолданады десек, Махамбет те солай.

Ақын өз өлеңдерін арнау түрінде жазады. Батырға, ханға, ел-жұртқа, өзіне арнай, қарата, сұрау қоя сөйлейді.

Лашын сұңқар жүн төксе,
Далада қалған сүйек деп,
Шеніне қарға жолар ма?..

немесе:

Алаштың байлығынан не пайда,

Тарығып келген ерлерге
Қайыры оның болмаса?

Ақынның көп өлеңдері нақыл, мәтелге толы. «Аспандағы бозторғай», «Ай артында бір көл бар», «Мен тауда ойнаған қарт марал», «Пыр-пырлай ұшқан қасқалдақ», «Мен, мен, мен едім», «Бағаналы терек» және басқа жырлары нақыл сөздерден тұрады.

Ақынның шешендігі оның әрбір шығармасынан айқын сезіліп тұрады.

«Махамбет поэзиясынан оның өмірі мен шығармашылық жолының бірнеше кезеңнен тұратынын байқауға болады. Айталық, алғашқы кезеңі – Жәңгір ордасына келгенге дейінгі және ордада жүрген мезгілі. Жылмен есептесек, бұл 1821-1827 жылдарға сәйкес келеді. Осының соңғы 4-5 жылы ордада жүрген уақыты деп шамаланады. Екінші кезеңі – Махамбеттің ордадан аласталып, елді көтеріліске үндеген шағы деуге болады. Бұл – 1829-1835 жылдар шамасы. Үшінші кезеңі – Махамбеттің тікелей көтеріліске қатысып, оның идеологы болған тұс, яғни 1836-1838 жылдар. Төртінші кезең – көтеріліс жеңіліп, Махамбеттің құғынға түсуі.» - дейді Сейіт Қасқабасов.

Махамбет поэзиясы 1920 жылдары жинала бастады. 1923 жылы Ташкентте Ә. Диваев бастырған «Терме», «Сана» журналдарында оның 2-3 толғауы басылады. Соның бірі оның «Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі» болатын. Қазірде Махамбет мұрасына қатысты өлеңдер саны – 79, хаттары тағы бар. Бұл өлеңдер «Махамбет Өтемісұлы» (1958), «Махамбет» (1962), «Ереуіл атқа ер салмай» (1989) деген атпен бірнеше рет басылып шықты.

Махамбет өлеңдерінің айтылған мерзімі түгелдей анық емес. Бірақ көпшілігі көтеріліс үстінде, Исатай қозғалысының ізімен айтылғанын тану қиын емес. Мысалы, «Ереуіл атқа ер салмай» деген өлеңі 1837 жылдың 12 желтоқсанында Исатай қолы Гекке әскерінен жеңіліс тауып, боранды түнде далада түнеген күні айтылған. «Беркініп садақ асынбай» атты өлеңі 1837 жылғы соғыстан соң айтылған. (1938 - 1845). «Соғыс» атты өлеңі 1837 жылдың желтоқсанында Бекетай құмында болған шайқасты суреттейді. Өлеңнің аяғындағы: « Қызғыштай болған есіл ер, қайран да жұрттан не көрді » деген жолдарға қарағанда, бұл да кейін жырланған. Өйткені сөз аңғарынан Исатайдың өлгені байқалады. Ақынның Баймағамбетке айтқан толғауы 1841 жылдың 17 наурызында Махамбет Ембі бойынан ұсталып, аға сұлтан алдына барғанда айтылуға тиіс. Кейбір деректерде бұл өлеңнің алғашқы тармақтары Мұрат ақынның шығармасына телінеді. Бірақ кейінгі жолдардан Махамбеттің оқиғаларды дәлдікпен айтқан ойларын аңғару қиын емес Қ. Жұмалиев бұл ерекшелікті жақсы ескерген.

Махамбет поэзиясын зерттеп, көпшілікке танытуда Қ. Жұмалиевтің қызметі ерекше болды. Рас, ақынның өлеңдері Қазан (1908), Ташкент (1925) басылымдарында, жеке жинақтарда да жарық көріп келген еді. Соны кеңес дәуірінде толық жинақтап, дүркін - дүркін жарыққа шығарып отырған Қ. Жұмалиев болды. Сонау отызыншы жылдары ол « Қазақ әдебиеті » газетінің бетінде Махамбет жырлары туралы көлемді мақала жарияласа, бергі жерде ақын өлеңдерін бірнеше қайтара бастырды. Әр басылымның өз ерекшеліктері тағы бар. 1958 жылғы басылымында Қ. Жұмалиев ақынның неғұрлым толық

өмірбаянын (3-22 беттері), соңынан өзінің зерттеулерін берген. Бұл материалдар 1962 жылғы « Махамбет » жинағында, Қазақстан Ғылым академиясы шығарған « Қазақ әдебиетінің тарихы » (1961) атты көптомдық екінші томында да бар (54-125 беттері). 1989 жылы әдебиет зерттеушісі Қ. Сыдиқовтың алғы сөзі және түсініктерімен Махамбеттің өлеңдері «Ереуіл атқа ер салмай» деген атпен тағы да басылып шықты. Ақынның өлеңдері 1938 жылдан бастап мектеп хрестоматияларында үздіксіз еніп келеді.

Махамбет жырларының негізгі тақырыбын біз әдетте «Исатай қозғалысы» дей саламыз. Махамбеттің Исатай қозғалысын, соның көсемі Исатай бейнесін басым жырлағаны рас. Сонымен қатар Махамбет жырларының үлкен тақырыбы - халық, шаруа, солардың феодалдық – хандық құрылыс тепкісінен құтылуға бағытталған бостандығы мен арманы болған еді. Бұл белгіден Махамбет поэзиясының тағы бір қосымша тақырыбы келіп шығады. Ол – орта ғасырлық құрылыс болып келген феодализмді, хандық тәртіпті, соның барлық салт - санасын сынау, әшкерелеу. Исатай қозғалысы Бөкей ордасындағы сарай поэзиясына карама-қарсы туған әдебиет болды. Осыдан Махамбет поэзиясының екі түрлі сипаты көзге айрықша түседі. Халық бостандығын жырлағанда, Махамбет көбіне романтизм стиліне көрінетін сарындамалы, асқак, семсерлі поэзиясының ақыны болды. Халық қимылын, Исатай бейнесін ол толғау жырына тән прогресті романтизм стилінде айрықша әсірелеп, романтикалап жырлайды. Ал хандық құрылысқа келгенде, ол сатирик болып көрінеді. Халық пен хандар дүниесін Махамбеттей өткір шендестірген поэзия қазақта оған дейін болған емес.

Махамбет поэзиясының халық тағдыры туралы жыр екенін оның «Ереуіл атқа ер салмай», «Соғыс», «Толғау» деген алғашқы өлеңдері де дәлелдей алады. Жәңгір хан ордасының үстінен халық қаһарының бұлты төнген күндерді ақын өзгеше шабыт, ынтамен жырлайды.

Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай.
Тебінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей,
Алты малта ас болмай.
Өзіңнен туған жас бала,
Сақалы шығып жат болмай,

- деген сөздер бір ғана батырларды емес, өзінің бостандығы үшін қолына қару алып аттанған бүкіл халық ерлігін жырлау болатын. Өлең 19 жолдық шуақпен біткен. Соның алғашқы 18 жолы бітпеген, көсемшелі бағыныңқы сөйлемдер, басыңқы сөйлем - ең соңғы « Ерлердің ісі бітер ме » дейтін бір ғана жол. Ақынның ойынша тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні - күрес.

«Соғыс» деген өлеңінде хан, патша әскеріне қарсы тұрған халық қимылы үлкен пафоспен жырлаған:

Әскер жиып аттандық,

Бекетай еді тұрағым,
Айғайлап жауға тигенде.
Ағатай, беріш- ұраным.
Бекетай құмға ел қонып,
Байтақты Жүніс аттанды
Қосылуға дем болып
«Құдайлап» хан ұлы,
Іздеген жауы біз болып,
Жау қарасы көрінді.
Жиылған әскер білінді.
Исатай- басшы, мен –қосшы,
Исатайдың сол күнде
Ақтабан аты астында,
Дулығасы басында,
Зығырданы қайнайды.
Астына мінген Ақтабан
Ақ бөкендей ойнайды,
Қасына ерген көп әскер
Маңыраған қойдай шулайды.

Мұнда соғыс суреті халық психологиясы жағынан әсіреленіп берілген. Екі жақты бағыттар шендестірілген. Мысалы, халық жауға « айғайлап тисе », Ақтабан «ақ бөкендей ойнайды», Исатайдың «зығырданы қайнайды», оның соңына ерген шаруа, халық « маңыраған қойдай шулайды ». Аттың қимылы еркін, момын аңы- бөкенге теңелген. «Ойнайды», «қайнайды» - метафора. «Ер Сары мен Қалдыбай, екі арыстанға теңейді.» Хан ордасына келгенде «хан әскері кенелді» дейді. Психология, бағыттар бітімсіз. «Құдайлады хан ұлы» деу - сықақ, әжуа. Патша әскеріне « мылтығын қардай боратып » дейтін теңеу қолданады. Ескілік - аязды қысқа мегзелген. Осы жердегі Исатай бейнесі айрықша романтикаланып жырланған:

Жау бір өрттей қайнайды...
Толғай-толғай оқ атқан,
Он екі тұтам жай тартқан,
Қабырғасын қақыратқан,
Тебінгісін тесе атқан,
Тізгінінен кесе атқан.
Біздің қайсар батырдың
Жүрегін сөйтіп оятқан...

Осындағы мінез бен қимылды қат - қабат суреттейтін эпитеттерден (кесе атқан, тесе атқан, қайсар батыр) ақынның пафосы жақсы көрінеді. Сөз кестесі батырлық жырларына ұқсас, бірақ таптық мазмұн мен идея жаңарған. Исатай заман қаһарманына айналған.

«Еменнің түбі сары алтын, еріскен көңіл бәрі бал» дейтін толғау лиризмнен басталған. «Емен», «бал» - метафора. Батырлардың ынтымағы мен ерлігін бір еменнің түбінен бал жеген достыққа теңейді. Сонымен бірге « бал »-

бостандық символы. Жел шайқаған бәйтерек - қозғалыс. Оның түбі - балауса, көлеңке. Бұрынғы ақында «момын», «жаман» деген сөзді кедейлерге қолданса, Махамбет оны табансыздарға бағыштаған. Өйткені Исатай қозғалысына ерген би, старшындар кейін айнып кеткен еді. Көтерілістің бұл қайшылығын ақын әр жерде - ақ айтып отырады. «Соғыс» деген өлеңіндегі « қызғыштай болған есіл ер, қайрап да жұрттан не көрді» дегені де сондай табансыздар тобына бағышталып айталғаны айқын. «Әрайна» өлеңінде би – старшындардың опасыздығы ашығырақ айтылған.

7 - 8 буындық жыр өлшеуінің жүгіртпелі, серпінді ырғағына құрылған бұл өлеңдердің ұйқасына келсек, сөздер атқан оқтай бірінің үстіне бірі төніп, динамикада жырланғанын көреміз. Өлең ырғағы мен ұйқасының өзінен күрес, қимыл, майдан рухы желдей есіп тұрады. Идея, ұйқас бүтіндігіне өлеңнің ішкі дыбыстық үндестігі қосылып, сөз бен ой нәсердей жауады. Ашу мен ыза, ақынның халыққа деген ыстық махаббатын білдіретін сезімдер диалектикалық формада келіп, қым - қиғаш араласып жатады. Жіліктің майындай болып келетін, тілді тұтпайтын Махамбет жырларының бүтіндігі, халықтығы оның ұйқас, сөз, өлшеу кестесінен де айқын байқалады. Тілі теңеу, метафораға толы. Өзінің қаруластарын Махамбет « жолдас » (мақсаты бірлер) деп атайды.

Махамбет көтерілістің суретін берумен бірге халықтың сол көтерілістен күткен мақсаты мен армандарын да көздің жасы, жүректің қанымен жырлаған. Бұл сарынды оның өзі, Исатай қозғалысының екі түрлі мақсаты болғанын айтады: бірі - хандар билігін жою, екіншісі – мал баққан шаруалардың қоңыс, хұқ бостандығын жақтау.

Хан керегесін отын етемін деу – батырлар жырындағы сарын. Қаныкей мен Тыныкей «Қобыланды» жырындағы Алшағыр ханның қарындастарына мегзелген. Бұл жердегі ақынның айтайын дегені -хандар атам заманнан бері халықтың ата жауы, Нұралы тұқымдарына біз де солай қараймыз деген ой. «Ата жауың мен едім, ата дұшпан сен едің» едегі- сол. Бұл жердегі «мен» - халық деген сөздің орнында тұр.

Осы өлеңінде Махамбет көтерілістің екінші мақсатын былайша суреттейді:

Еділдің бойы ен тоғай
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол жерге
Мал толтырсам деп едім.

Махамбет қозғалыстың өзін мал баққан шаруаның жер – судан, хан салығынан қысым көргендігінен туды деген ойды айтады.

Хан ордасын бұзу - саяси талап, ал қоныс, жер - су, мал үшін күресуі - экономикалық талап. Жеке меншігі бар шаруаларға сүйенген Исатай қозғалысында экономикалық талап басымырақ. Шаруашылықты қимылдың бұдан артық талабы, саяси бағдарламасы бола қойған жоқ. Бұл шаруашылық қимылдың елеулі бір қайшылығы. Бірақ өз кезеңі үшін бұл талаптың мәні аса зор болды. Мұндай талап болмаса, Исатай қозғалысының тууы да мүмкін емес еді.

Махамбет елі үшін еңіреген ерді аңсаған, соған бар ақындық жүрегін арнаған. Ол «Асыл ердің баласы жауды көрсе шыдамай, көзін салар қияға» деп, бүкіл поэзиясына ерлікті ту етті. « Қарада да қара бар, хан ұлы басып өткізсіз » деп елі үшін қан майданға тайсалмай түскен қайыспас қайсар, қара қазақ қамы үшін халықтан туған қаз мойын » « Айырдан туған жампозды » Исатай бойынан көрген. Сондықтан да оның жырларында Исатай көзге ерекше түседі. Ақын оның ерлігін « Арыстан еді - ау Исатай, бұл фәнидің жүзінде, Арыстан одан кім өткен ?! » - деп суреттейді. Исатай бейнесі, әсіресе ақынның «Тарланым » деген өлеңінде алуан сөз образдарын қолдана отырып, батырдың сом тұлғасын жасаған. Ең алдымен ақын Исатайдың қол жетпес «Таудағы мұнартып ұшқан тарланға » балайды. Ақын оның арыстандай қайратты батыр тұлғасына орай көркем сымбатын « Кермиығым, кербезім, керіскендей шандозым... Қырмызыдай ажарлым » деп суреттейді. Махамбет батырдың сұлу сырт көркін ғана емес, « Хиуадай базарлым » деп, сері екенін де көрсетеді. ақын назарынан оның асынған қаруы да тыс қалмайды. Батырдың бойында «Кірісін сары алтынға малдырған, сары жебелі садағы», «Тереңнен көзін ойдырған, сұр жебелі оғы», киген киімі – бәрі жарасқан. Ел сүйсінер ер бейнесін ақын шабыттана өрнектеген.

Махамбет поэзиясы қазақ әдебиетіндегі отаншылдық, жауынгершілік поэзияның тамаша үлгісі.



- 1) Махамбет толғаулары: «Ереуіл атқа ер салмай», «Тарланым», «Мен едім».
- 2) Махамбеттің «Баймағамбет сұлтанға айтқаны» шығармасының мазмұндық құрылымы: халық арманы, жер-су үшін күресі; Исатай ісінің әділдігі, Махамбеттің екінші Исатай ретінде көрінуі; халық пен хандар арасындағы қайшылықтың бітімсіздігі.
- 3) Махамбет Өтемісұлының арнаулары: «Тарланым», «Баймағамбет сұлтанға айтқаны», «Тайманның ұлы Исатай», «Жәңгірге».
- 4) Махамбет шығармаларының жанрлары: элегия, арнау, толғау.
- 5) Қ.Жұмалиев зерттеуі бойынша Махамбет жырларында кездесетін ұйқас түрлері: шұбыртпалы, кезекті, ерікті.
- 6) Махамбет толғауларында кездесетін аллегориялық ұғым:лашын, қаршыға, ақсұңқар.
- 7) Х.Досмұхамедұлының пікірі бойынша Махамбет: домбырашы, жырау, батыр.
- 8) Махамбеттің өз бейнесін танытатын толғаулары: «Еңселігім екі елі», «Мен едім», «Қылыштай қигыр алмас ем».
- 9) Махамбеттің 7-8 буынды толғаулары: «Еменнің түбі сары бал», «Толарсақтан саз кешіп», «Бұл дүниенің жүзінде».
- 10) Махамбет туындыларының буын саны: 7, 7-8, 11.
- 11) Махамбеттің жорық рухты жыраулық мектебінің іргесін келесі жыраулардан көреміз: Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз.
- 12) Махамбет күйлері: «Қайран Нарын», «Өкініш», «Жұмыр қылыш».
- 13) Махамбеттің жыраулық келбетінің ерекшелігін сөз қылған зерттеушілер: Қ.Жұмалиев, С.Мұқанов, З.Қабдолов.
- 14) Махамбет Өтемісұлы: жорық жырауы, сазгер, күйші, рухты ақын.
- 15) Махамбет Исатай батыр туралы: «Исатай деген ағам бар», «Тарланым», «Арғымаққа оқ тиді».

- 16) Махамбеттің мұңды, шерлі толғаулары: «Жалған дүние», «Адыра қалған Нарында», «Тар қамау».
- 17) Махамбет толғауларындағы сұрай арнау: «Қайда бар», «Жалған дүние», «Күн қайда».
- 18) Махамбеттің нақылға толы толғаулары: «Ай артында бір көл бар», «Мен тауда ойнаған қарт марал», «Аспандағы бозторғай».
- 19) Махамбет толғауларының жанры: толғау, жыр, терме.
- 20) Махамбеттің Әлім жұртынан қол жинап, елді қайта көтерем деген мақсатпен атқарған істерінің толғауларында көрініс табуы: «Алтын жақса, жарасар», «Әй, Шонты би», «Жайықтың бойы көк шалғын»
- 21) Махамбеттің жыраулығы жайлы зерттеген ғалымдар: Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, М.Мағауин.
- 22) Махамбет толғауларын кейінгі жеткізушілер қатары: Қуан жырау, Мұрат ақын, Ығылман Шөренев.

6 XIX ғасыр әдебиетіндегі Қоқан хандығы езгісіне қарсылық сарын

Мәделі Жүсіпқожаұлы. 1816-1888 жылдар аралығында өмір сүрген. Шымкент облысы, Қызылқұм ауданы, Қосжарсуат мекенінде туған. Қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс өңірі. Ол қазақ топырағындағы әрі батыр, әрі ақын азаматтардың бірі. Арғы атасы Желқожа, өз әкесі Жүсіпқожа елге мәлім, дәулетті адамдар болған. Сол дәулетті пайдаланып Мәделі діни медреседе оқыған. Ескіше хат танып, өлең-жыр жазып, ауызша да айтып, шығарып та жүреді. Ол әр нәрседен хабардар болып, кітап оқып, өлең айтып, сал-сері босып өседі. Құран жаттау оның діни қабілетін жаскезінен ақ дамытады. Сол кездегі Шығыс әдебиетінің көркем үлгілерін, әсіресе қиса дастандарды жатқа айтады. Халық творчествосын, Шығыс классикалық әдебиетін игерген. Оқудан қолы босаған сәттен ескіше жазумен, өлең жазумен айтса түседі. Он бесжасынан бастап суырыпсалмалық өлеңге жаттығады. Әсіресе, өзіл-оспақ, тақпақ, домбыраға қосып өлең шығарып, айтатын болған. Сол меңгерген өнері ақындық өнерін қойып, молдалық құрған кезінде де ешкімге сөзбен шалдырмауға көмектесіп отырған. Өзі тұстас талай ақын – жазушылармен айтысқа түскен.

Мәделінің Айым деген қызға жұмбақ айтысынан үзінді келтірейік:

Бауырым деп күймеген,

Бауыры бүтін бар ма екен.

Алыс пенен жақынды,

Жоқтай білген бар ма екен.

Ащы менен тұщыны,

Татпай білген бар ма екен.

Жақсы менен жаманды

Айыра білген бар ма екен.

Жақсы менен жаман сөз,

Айтыспай білген бар ма екен, -

деп, сөзге де, ойға да бай екені көрінеді. Ол толғау ақыны. Оның бізге жеткен мұрасы бас-аяғы мың жарым жолдай толғау. Атап айтсақ, «Ахмет төреге», «Майлы ақынға», тағы басқа толғаулары бар. «Мәделінің елімен

қоштасқаны», «Бір жан жақ болыстыққа талас емес», «Еш нәрсе бұл дүниеге болмас тұтқа», «Бәйтерек Байзақ едің мақтап жүрген», «Іліп алма» т.б. өлең-жырларында өз кезеңінің алуан шындығын көрсеткен.

«Бір жан жақты болыстыққа талас емес» тоқсан алты жолдық өліңінде болыстыққа таласқан атаққұмар қулар мен ақылсыздығын, олардың ел қамын ойламай дауды қоздырып жүргенін ашына жырлайды. Ақынның осы толғауы 1778 жылы «Түркістан уаляті» газетінің үшінші санында басылған. «Арыстанбайға» атты арнау өлеңі «Жас қайрат» журналында 1924 жылы жарияланған.

Мәделі дәулетті ортадан шыққаннан кейін, ешкімге тәуелді болмаған, ешкімнің сойылын соқпаған. Ақынның нағашысы атақты Шаншар руының белгілі шешені, Қызыл би, әйелі Абылай ханның тұқымы, өмірі соғыспен өткен Кеңесарының қарындасы Қанипа болған.

Мәделі өте алғыр, өжет, қайратты, тілі қатар жүретін адам болған. Ер жете ел қамы үшін атқа мініп, Қоқан өктемдігіне қарсы күрескен. Әрі батыр, әрі ақын ретінде танылған. Патша отаршылдығына да наразылық білдірген. Елдегі алауыздыққа, жағымпаздыққа қарсы күрескен.

Ақынның көптеген өлең-жырлары, толғаулары, айтыстары қолжазба күйінде Қазақстан Республикасы Орталық Ғылыми кітапханасының қорында сақталған. Мәделінің шығармашылық қызметіне алғаш баға беріп, мақала жариялап, оқулыққа енгізген профессор Х.Сүйіншәлиев. Кейін ақынның аздаған шығармалары М.Ө.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты қызметкерлері құрастырған «XIX ғасыр қазақ поэзиясы» атты жинақта басылды (1985ж).

Мәделі ақын шығармашылығына академик В.В.Радлов, А.Байтұрсынов, М.Әуезов, С.Мұқанов, Е.Ысмайылов, Х.Сүйіншәлиев, Р.Бердібаев, Ә.Дербісәлин, М.Мырзахметов, Ә.Оспанов, Саттар Өмірзақов сынды белгілі ғалымдар, ақын-жазушылар, Молда Мұса, Кенен Әзірбаев, Қуаныш Баймағамбетұлы, Сәуірбек Бақбергенов, Әдіхам Шілтерханұлы, Файзулла Үрмізұлы, Тұрсынәлі Айнабеков, Сейітомар Саттаров секілді сөз майталмандары айрықша назар аударып, оған жоғары баға береді, әрі ақын, әрі батыр Мәделі талантына бас иіп, тәнті болады. Оның суырып салма ақындығына, асқан шешендігіне, ой-жүйесінің логикалық шымырлығына, терең білімділігіне, рухы мықты батырлығына ден қояды.

Майлықожа Сұлтанқожаұлы. 1835-1898 жылдар аралығында өмір сүрген. 1835 жылы Шымкент облысы, Қызылқұм ауданында туған. Қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы, Қожатоғай ауылы. Жасынан ауыл мектебінен ескіше хат танып, өз бетімен білім алған, қазақ поэзиясының дәстүрін меңгерген. Шығыс әдебиетімен жақсы таныс болған. Кейін оның кейбір үлгілерін қазақ тілінде де жырлаған. Өлең өнеріне жетік, нақыл-ақыл сөздерге шебер, шешен саналған. Өлеңді ауызша да, жазбаша да шығарған. Айтысқа да түскен. Көптеген арнау, толғаулар шығарған.

Майлықожаның қалдырған әдеби мұрасын жанры мен мазмұнына қарай төрт тақырыпқа бөлуге болады: ғибрат, нақылдар («Жолдас болсаң жақсымен»),

Жаксы адам қартайса», «Құлақ салған халайық»); арнау өлеңдер («Тұрлыбекке», «Ахмет төреге», т.б.); дастан, мысалдар («Қасқыр», «Үш жігіт», «Топынама», «Аңқау мен қу»); айтыстар (Құлыншақ, Гүлжаным, Мәделі қожа, Күдері қожа, Сүйінбай).

Майлықожаның бес өлеңін тұңғыш рет 1883 жылы Я.Лютин құрастырып, Ташкентте бастырған «Қырғыз хрестоматиясы» атты жинаққа енді. Одан кейін Оспанұлының зерттеуі арқылы біраз шығармалары баспа бетін көрді. 1973 жылы «Нақылдар» жинағы шықты. Ол шығармаларында Қоқан хандығына қарсы күрескен елдердің, аштық жылдарындағы қазақ халқының күйзелісін, еңбекке, елге шексіз сүйіспеншілігін жырлайды. Майлықожа ақын жыраулықпен қоса ауыз әдебиеті үлгілерін жазып жинаумен де шұғылданған. Ақын шығармалары «Үш ғасыр жырлайды»(1904), «Бес ғасыр жырлайды» (1985)», Ай, заман-ай» (1991) кітаптарында және «Нақыл» (1973) атты жинағында жарияланды.

Құлыншақ Кемелұлы. 1840 жылы қазіргі Шымкент облысы, Созақ ауданы, Жартөбе ауылында туған. Ақын өз бетімен ізденіп, ескіше сауатын ашады. Шығыстың қиса-хикаяларын, классикалық әдебиетін көп оқыды. Өз жанынан өлең шығарып, терме, жыр айтады. «Көлбайға», «Дүйсенбі датқаға», «Құдды мініп, құланды құрықтап жүр» дейтін толғауларында ел билеген пысықтардың зұлымдықтарын бетіне басады, жүгенсіз іс -әрекеттеріне наразылық білдіреді, үстем топқа қарсы күреске ел бастаған батырларды дәріптейді. Сөз өнерінің құдіреті, ақындар дәстүрінің жалғасуы «Шырын шекер» дастанында, «Оңдыбайға», «Майлыға», «Мәделіге» т.б. өлеңдерінде көрінеді. Құлыншақ сыр бойын, Жетісу өлкесін аралап, Майлықожа, Шөже, Тама Берекет, Молда Мұса, т.б. ақындармен айтысқан. «Алпамыс» эпосының көркем, толық нұсқасын айтқан. Жамбыл Жабаяев Құлыншақтың ақындық шеберлігін жоғары бағалаған.

Айтысқан ақынына мін таққыш, табан асты сөз тапқыш Құлыншақ халық ішінде беделді болған. Оның шешендігіне, шыншылдығына ел риза болып ардақтаған. Әсіресе, заманындағы билікті қолына ұстап, өз дегенін істеп, еш нәрседен шіміркенбейтін қара пейіл үстемдерді, сараң байларды өлтіре әжуалап отырған. Сондай-ақ әлеуметтік, қоғамдық мәселелерді көтеріп, адамгершілік ақылдар айтқан. Мәселен, «Дүниеде не ғаріп» толғауында ақын табиғи құбылыстарды адам өмірімен ұштастыра термелеп, терең ой қозғайды.

Енесі жүдеп нашарлап,
Ертелеп туған тыл ғарып.
Әуеден жауын кем болып,
От шықпай қалса, жер ғарып.
Басшысы нашар жалығып,
Ынтымақ кетсе , ел ғаріп,
Көк ала жылқы болмасы,
Бетегелі бел ғаріп.
Қаз үйрегі болмаса,
Айдынды шалқар көл ғаріп.

Қатарынан кем тартып,
Қуаты қашқан ер ғаріп.

Суырып салма өнеріне жетік, ділмар ақынның өзінің өмірі туралы толғаулары да тартылды. Нағыз жүлдегер жүйріктерге суырылып озып шыққан өрен саңлақтың өзін танытады. Өзінің бар өмірін, бойындағы бар қасиетін халыққа ғана арнаған ақынның тағдырға өнер шашуды мақсат етуі-оның азаматтық мұратының куәсі дерлік.

Құлыншақ Кемелұлының әдеби мұрасы

1. Ақынның ұзақ сапардан келе жатып елге жете алмай жолда қайтыс болғанын ақынның бізге жеткен мына өлең жолдары дәлелдей түседі. Ақын ауырып жатқан кезінде:

Адамзат келер, келер жүзге келер,
Пендені үйде өлсе де, түзге көмер.
Құдая иманымды саламат қыл,
Ағайын қайда бізді іздеп келер, -
деп өлең шығарған екен.

2. Ақын өлеңінде:

Алдын ала сұрама бермейтінді,
Алла өзі жаратқан өлмейтінді.
Халқым үшін шарқ ұрып алаңдаймын,
Бұл дүниеден өткен соң келмейтінді, -
деп өзі айтқанындай ақындық өнерімен халқына қызмет етуді мақсат етті.

3. Өзінің бойындағы бар өнерін халқына арнаған ақынның шығармаларында өзіне қояр талабы да байқалады.

Менің атым Құлыншақ,
Ал сөйлем бер тіл мен жақ,
Дауысым байғұс шығып бақ,
Саулы інгендей ыңқылдап.
Домбырам, байғұс сен сөйле,
Екі шегің тыңқылдап,
Он саусағым, қимылда,
Жорға тайдай бұлтылдап.
Ақыр бір күн сынарың
Буыныңнан сыртылдап.
Сынарың да тынарың,
Сөйлемек түгіл далада
Қу кесек болып тұнарың, -деп жырлайды ақын.

4. Құлыншақ ақынның өмірі туралы біршама деректерді атақты жыршы, "Алпамыс" эпосының көркем де толық нұсқасын айтқан, Құлыншақ ақынның шәкірті болған Сұлтанбек Аққожаев өзінің естелік өлеңдерінде береді. Ол өлеңінде Құлыншақ ақынның Кемелдің кенже ұлы екендігі, алты ұл, немере, шөбере сүйіп өсіп - өнгені жөнінде айтқалып:

... Дарыған он бірінде өлең еді.
Әкесі Шөже ақыннан бата әкел деп,
Үш тоғыз түйеменен жібереді.

Шөженің ақ батасын алып қайтты,
Адамзат дауаменен көгереді.
Келген соң киіндіріп, ат мінгізіп,
Баланы еркіменен қоя берді, -
деп оның ақындық өнерге келу жолын да көрсетеді. Одан әрі қарай ақынның осы жолдағы
ізденісі, шығармашылығы туралы:
Күнде той, күнде жиын, күнде өлең ғып,
Күңітіп жібереді жүрген жерді.
Сылдырлап қоңыраудай тіл, көмейі,
Жаңғыртқан керегенің көгінде енді.
Әнандай, өлең мұндай күніндегі
"Шырын - Шекер" сөз бопты тіліндегі.
Еш ақын Құлыншақтай болмайды деп,
Адамдар аңыз ғыпты сол күндегі.
Жеткенше жиырмаға тоқтай алмай
Сейіл ғып аралады төменгі елді.
Арғын, Найман, Қыпшақ, Таспа, Табын,
Сарыарқа, сары дала, сары белді.
Көріпті сол уақытта болған елді,
Ұзын өріс, кен жайлау жүрген жерді, -
деп С.Аққожаев ақын Құлыншақтың шығармашылық өнерінің бірталай
қырларын да ашып береді.
Ұстазым - Орта жүздің Құлыншағы,
Өлеңнен кем болған жоқ берген бағы.
Қосылып құнанында ат бәйгеге,
Тынбай шауып кеп жүрді сынбай бағы, -деп оның ақындығын дәріптей бағалайды.

5. Өзін Құлыншақ ақынның шәкірті санаған белгілі ақын Молда Мұса:
Көтеншіде Құлышшақ өлеңші еді,
Шүу дегенде суырылыл кетуші еді,
Қарсыласып бетпе-бет айтысқанда,
Еш адамнан жеңілдім демеуші еді, -деп ақынның айтыскерлік өнерін жоғары
бағалайды.

6. Жыр алыбы атанған Жамбылдың өзі де өзіне ұстаз тұтқан ақындар туралы
айтқанда:
Қаздай қалқып ерінбей,
Өлең тердім жасымнан.
Майлықожа, Құлыншақ,
Пірім еді бас ұрған, -
деп өлеңіне қосқан болатын.

7. Құлыншақтың Ысқақ деген баласы Қадиша деген қызбен айтысқанда ақын
қыз:
Әзірше жоғары боп сөйлер сөзге,
Әкеңнің сыйланып тұр әруағы.
... Әкеңнің өлең жазған өкпесіне,
Кәсібін құдай берген етпесін бе,
-деген екен.

8. Көрнекті ақын, жазушы Асқар Тоқмағамбетов те бір өлеңінде Құлыншақ ақынды Қаратау өңірінен шыққан аты әйгілі адамдармен қатар атап, бірге көрсете келіп:

Ақсұмбе, Абақ батыр Созақтағы,
Кем еді қай батырдан қазақтағы?
Құлыншақ, Бердібек пен Айтжан ақын,
Талайды сөзбен орап тұзақтады , -

деп оның ақындық, айтыскерлік өнерін құрметтей өлеңіне қосқан екен.

9. Сыр өңірінің белгілі жыр дүлдүлдерінің бірі Бұдабай ақын Құлыншақты қарт Қаратау өлкесіндегі жүйрік ақындардың ішіндегі бірегейі ретінде көрсетіп:

Көтеншіде Құлыншақ,
Өлең сөздің ұстасы.
Майлықожа, Мәделі,
Бұлар оның тұстасы.
Сөздерінің бар еді,
Тістейтіндей қышқашы,
Ең озығы - Құлыншақ,
Өлең десе ұрыншақ.
Шу асауды тоқтатқан,
Бұғалықты бұрып сап, -

деп оның ақындық өнерін онымен тұстас ақындармен салыстыра келіп жоғары бағалаған екен.

10. Құлыншақтың ақындығы туралы Қаратаудың теріскей өлкесінің шежіре жазушысы, әрі ақын Есіркеп Өмірбеков кезінде Құлыншаққа арналған "Еске алу" деген толғау өлеңінде:

Осы жұрт ұмытқан ба Құлыншақты,
Өлеңге бәйге атындай ұрыншақты, -
деп ақын атының елеп-ескерілмей, кей уақыттарда ескерусіз қалып келе жатқанын ескерте келіп:
Келгенде сексен ақын айтысуға
Мәреге бәрінен де бұрын шашты...
... Өлең десе, биіктен өрлеуші еді,
Егесте ешкімге дес бермеуші еді,
Толтыра кең даланы кернеуші еді, -деп оның ақындық өнерін, шеберлігін айқындай,
еске алып өлеңіне қосқан болатын.

11. Құлыншақ ақын өзінің "Ақын деп сыртымыздан әркім қанық" деген өлеңінде ақындық өнері, қабілеті жөнінде деректер береді. Ол өлеңінде ақын:

Құлыншақ сөйлер сөзден ұялмайды,
Жалғанда жаннан айыл жия алмайды, -
деп өзінің ақындық өр бейнесінен хабар бере, ақындық қарымын бағамдайды.

12. Адамзат келер-келер, жүзге келер,
Бәрібір үйде өлсе де, түзде көмер.
Қайыр-қош, аман боп тұр, қайран елім.
Ағайын енді қайда бізге келер, -
деп берілген

13. Ақынның философиялық сипаттары толғау жырларына:

"Дүние -ол бір көздің қасқалдағы",
"Енесі жүдеп нашарлап ("Дүниеде не ғаріп"),
"Адамзат келер, келер жүзге келер",
"Дария білмес иттің сарығанын
"Амалсыз асы - біз күмірә",
"Пенденің көпті күнәсі" толғауларын жатқызуға болады.

14. "Дүниеде не ғаріп"

Енесі жүдеп нашарлап,
Ертелей туған жол ғаріп.
Әуеден жауын кеш болып,
От шықпай қалса, жер ғаріп.
Басшысы нашар жолығып.
Ынтымақ кетсе, ел ғаріп,
Көкала жылқы болмаса,
Бетегелі бел ғаріп.
Қаз, үйрегі болмаса,
Айдынды шалқар көл ғаріп.
Қатарынан кем тартып,
Қуаты қашса ер ғаріп...

Асанқайғының "Бұл заманда не ғаріп?" деген толғауымен сарыңдас.

... Ел жағалай қонбаса,
Бетегелі бел ғаріп.
Қаз, үйрегі болмаса,
Айдын шалқар көл ғаріп.
Ата жұрты бұқара
Өз қолында болмаса,
Қанша жақсы болса да,
Қайратты туған ер ғаріп.

15. "Дүние - ол бір көлдің қасқалдағы"

Дүние - ол бір көлдің қасқалдағы, Жұлдыздай сәуле берер аспандағы. ...
Аққудай көлден ұшқан аспандағы. ...
Сұңқардай қалықтаған аспандағы. ...
Кемнің секілді ол баспалдағы, -деп теңейді.
... Тағдырға айла бар ма қашсаңдағы. ...
Біреуге біреу мейман дегендейін,
Осылай өте бере барлық адам.

16. "Тәнінде мейман жаныңа" өлеңі

...Үйде отырсаң мал қорың,
Дала шықсаң - қамқорың...
Алма мойын, аршын төс,
Біреудің қызын сүйдірген,
Әкең өлмес болсайшы?!
Тас емшегін еріткен,

Тар құрсаған кеңіткен...
 Аязды күні айналған,
 Бұлтты күні бұланған,
 Анаңнан қамқор барма еді,
 Шешең бір өлмес болмайшы?! -деп жырлайды ақын.
 Ананың асыл қасиетін:
 Қашан үйден кеткенше
 Бәйек болып жүретін,-дей келіп, қарындастың қамқорлығын:
 Шешеңнен соңғы қамқорын,
 Шалғып-шаршап келгенде,
 Бір күніңе жарайтын,
 Анаңнан соңғы қамқордың, -деп, жан-жарыңның қымбаттылығын:
 Өзің тыстан келгенде,
 Астыңа төсек тастайды,
 Үйіңде дәмі бар болса,
 Аузыңа сенің ұстайды,
 -деп, ал асыл ағаны:
 Алдыңда тұрса тірегің,
 Әр нәрсеге керегің
 Алатаудай айбаттың,
 Дұшпанға қылар қайраттың, -деп,
 Дұшпаныңды қор қылар,
 Құрыштан соққан болатың, -
 деп інінің орнын айта келіп, осылар "өлмес болсайшы" деп қимастық сезімдерін айтады.
 ...Адамзаттың миуасы,
 Әлдилеп сүйген баласы,
 Ойлаңдар, беглер,- ойлаңдар,
 Перзентсіз елді не дейді,
 -дей келіп:
 Ұясыз адам шырақсыз.
 Қыз бой жетіп өскенде,....
 Қыз, балаң өлмес болсайшы, -
 деп перзент қазасының ата-анаға аса ауыр тиетіндігі жөніндегі ойларын «осы айтқан сөзім әзілсіз» деп ойға жетелей аяқтайды.
 Тау болмайды бұлақсыз,
 Көл болмайды құрақсыз.
 Малсыз адам тұяқсыз,
 Ұлсыз адам шырақсыз, -
 Арғымақ мініп не керек,
 Артынан жабы кеткен соң.
 Ағайын-туған не керек,
 Аңдысып күні өткен соң... -
 деп ежелгі жырауларша ағайын-туғанның ынтымақ-бірлікпен, татулықпен өмір сүруін аңсайды.

17. «Қуды мініп, құланды құрықтап жүр» толғауы әлеуметтік маңызы ерекше. Бұл толғауында ақын ел ішін дендеп жайлаған қулық-сұмдықтарды, озбырлар мен қулардың датқалармен бірігіп енді бүлдіріп жатқан іс-әрекеттерін әшкерелейді.

Билік, мансап, бедел таластырудың дауы ел ішін жайлап бара жатқанын, оған ел билеген әкімдер кінәлі екенін, оның зардаптарын:
Жетікент, Шымкент, Сайрам, Дулат та жау,
Сіргелі, Ыстыменен қалмады сау.
Жүлектен төмен қарай мөрін басып,
Жау болар бір кісіге осындай-ау, -
деп ақын отаршылдықтың әсер-ықпалынан елдегі орын алған бүліншілікті ашық айтады,

18. Ақын "Амалсыз асы біз күмірә" атты толғауында:

Біссіміллә деп бастайын,
Медет тілеп пірлерден,
Амалсыз асы біз күмірә.
Шариат сөзін білмеген,
-- деп бастап, өмір құбылыстарына өзіндік баға бере келіп:
Азғана сөзді қозғайын,
Тыңдасаңдар жақсылар.
Өзіргі мынау күндерден, -.
Жайлауымды жау алып,
Ықтияр кетті-ау күллі елден!
– Енді қалып барасың
Бірігіп басың жүргенен,
Жанның бәрі жарлы боп,
Жалғыз жан жоқ күйге енген,
... Ауқатты байлар әлсіреп,
Жақынына күйгеннен,
-деп бейнелейді ақын.
Момынның көңілі толы жас
Зәлімнің көңілі семірді,
Кісісымақ ысқырып
Есігіме тебінді.
Қадақ болған кісідей
Ала алмай жүрмін кегімді.
Жансар болған жыландай,
Киреңдетті белімді, -
Шашын қойды жігіттер.
Жаулықсыз көрдік келінді.
Сүйгенімен боп кетер,
Шырайлы қыздар келімді.
Қараңғы түнмен қыз кетіп,
Сұрамас ата, тегінді, -деп бейнелей келе:
Бүйте берсе бұл заман
Таяқ алып ақтайсың,
Кейінгі қалған ұрпақтар
Атаңның мынау қазалын
Бәрін де оқып жатпайсың,
-деп болжалды ойларын жырына қосады.
Падишамыз орыс-ты,
Күннен күнге қылып тұр
Көңілдегі жоқ істі.
Қадаулы ағаш, тартқан сым.

Қазақтан алды қонысты, -
 деп жасалған қысымшылық пен жерден салынған салықтардың да халыққа
 ауыр тие бастағанын:
 Қазынаға қарыздар
 Халық көбейді борышты,
 -деп ойын айқындай түседі.
 Маубас өгіз секілді,
 Не көрімдер би болды.
 Мұсылманның баласы
 Табанға түсіп и болды, -
 деп ел мүддесін ойламайтын жандардың қолының билікке жетіп, қарапайым
 халықтың езгіге түсе бастағанын ашына бейнелейді.

19. "Пенденің көп-ті күнәсі" деген толғауында:

Бір жұмыс түссе басыңа,
 Айдаушысын ертіп кеп,
 Баса-көктеп үстіңнен
 Шығады үкімді.
 Олар білмей барады
 Алыс пенен жақынды,
 Тентек пенен мақұлды, -
 Ойлап тұрсаң пенделер
 Қиямет-қайым жақын-ды.



- 1) Қоқан езгісіне қарсылық білдірген батырлар: Жанқожа батыр, Есет батыр, Мұсабек батыр.
- 2) Қоқан езгісіне қарсылықта батырлығымен есімі аңызға айналған Мұсабек Қалдарбекұлы туралы ой-пікір айтқандар: Майлықожа ақын, Т.Отарбаев, Х.Сүйіншәлиев
- 3) Қоқан езгісіне қарсы сарында толғаулар айтқан ақындар: Майлықожа, Сұлтанқожаұлы, Құлыншақ Кәмелұлы, Мәделі Жүсіпқожаұлы
- 4) Құлыншақ ақынның туындылары: «Дүние - ол бір көлдің қасқалдағы», «Мазақ қылма, Көлбайым», «Әркім әуес қылады қолда жоғын»
- 5) Майлықожаның адамгершілік сипаттағы ғибратты толғаулары: «Үш жігіт», «Ноғай мырзаға», «Қасқыр»
- 6) Майлықожаның аллегория тәсілімен құрылған толғаулары: «Қасқыр», «Бұлбұл», «Тотықұс»
- 7) «Шаңқылдап күшіген құс бүркіт болмас,
 Қара су сапырғанмен іркіт болмас.
 Таздың басы, саңыраудың құлағындай
 Бұл жерге аттың басы іркіп болмас», - үзіндісінің авторлары: Майлықожа, Мәделі, Құлыншақ
- 8) Мәделіні ұстаз тұтқан: Майлықожа, Құлыншақ, Базар

7 Зар заман поэзиясы

1927 жылы М.Әуезов әдебиет туралы тарихи мәселедегі аса мәнді жайлар есебінде мынадай күрделі сұрақтарға өз тұжырымын ұсынды. Зар заман деген бағыт неден басталып, немен бітті? Ақындары кімдер? Әдебиетте бұл дәуір қандай орын алады?

М.Әуезов жүз жылдық дәуір аталған зар заман әдебиетіне байланысты бірнеше тұжырым жасады.

1. Зар заман әдебиетін туғызушының бірі – жырау. Оның қазақ әдебиетіндегі орны, өнері, өлеңі несімен ерекше.
2. Тарихи жыр - зар заман әдебиеті тұсында туған түр.
3. Зар заман кімнен басталып, кімнен аяқталады.
4. Зар заман әдебиетінің негізгі сарындарына айғақтар.
5. Зар заман әдебиетінің жанр, түр, өлең үлгісі.

Осы тұжырымдамалардың ішінде әлі де ілгері дамытуды, ашуды күтіп жатқаны аз емес. Соның жырау өнернамасы, ауызша әдебиет пен жазба әдебиет арасындағы өтпелі кезең ерекшеліктері, зар заман әдебиетінің жанр, түр, өлең үлгісі, қай ақын қай сарынмен сөйледі дегендей жайлары әсіресе көкейкесті сол әдебиеттің ғылыми-көркемдік негіздерін нығайта түсуге қажет шарттар.

Жыраулық - қазақтың сөз өнер топырағындағы өзгеше бір құбылыс. Дулат, Мұрат, Шортанбайлардың заман күйін жырлаған толғаулары сол үлкен өнердің бір қыры.

Әрине, әдебиеттегі зар заман ағымы мәселесіне М.Әуезовтың ғасыр басындағы пікірлері арқау болып қала береді. Бүгінгі әдебиеттану ғылымы жеткен меже, таным деңгейінен арғы-бергіні саралап, елеп- екшелеу ғана бұл ағымды қазақ әдебиетінің тарихындағы бір арна есебінде түпкілікті орнықтыруға, ғылыми негіздеуге мүмкіндік бермек. Себебі, зар заман ұғымы бірде ақиқаттың баламасы болды, бірде, жат пиғылдық атауы болды, бір кездерде әдеби, ғылыми айналымда мүлде «ұмытылды».

Қазақ әдебиеті тарихы мәселелері түрлі саяси науқандар тұсында көптеген бұрмалауды, бұралаң жолдарды бастан кешті. Әдебиет тарихында кімдер қалып, кімдер аталмауы керек деген мәселе төңірегінде ұзақ жылдар бойы айтыс-тартыс үзілмеді.

Әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесінде «зар заман» аталған дәуірге байланысты айтылған ой-пікір, солардан туындаған ғылыми, танымдық мәселелер аз емес. М.Әуезов зар заман, отаршылдық дәуір әдебиетіндегі уақыт мерзімін іштей ХҮІІІ ғасырдың соңы мен ХІХ ғасыр әдебиетіне жатқызады.

Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу мәселесінде ең әуелі қай дәуірден бастаймыз, әдебиет тарихына кімдер енуі керек деген жайлар тұрды.

М.Әуезов «Әдебиет тарихында» қазақ әдебиеті тарихын дәуірге бөлудің алғашқы айғақтарын жасап, әдебиетімізді халық ауыз әдебиеті және зар заман ақындары деген межелерге бөліп қарастырады. Зар заман әдебиеті жасаған дәуірді жүз жылдық дәуір деп бөледі.

«Әдебиет тарихы» оқулығының жүйесін саралай отырып, ғалым Мекемтас Мырзахметов жүз жылдық кезеңді отаршылдық дәуір әдебиеті деп атауды ұсынды.

Зар заман ағымы отаршылдық дәуірдің көп өзгешелігін қамтыған үлкен әдеби ағым. Ол дәуірде өзіндік саяси, теориялық өзгешелігімен жаңа сипатты, әлемдік деңгейдегі, европалық мәндегі профессионал әдебиеттің де туып, жасағаны мәлім. Бір дәуірдің әдебиеті, оның негізгі сарын-бағыты, түр, мазмұн өзгешелік-ерекшелгі жөнінен Дулат, Мұрат, Шортанбайлар өмір сүрген кезең белгілі бір деңгейде сараланып, бағаланды. Мысалы:

Мына заман қай заман!?

Азулыға бар заман,

Азусызға тар заман...

Мұның өзі зар заман...

Зар, зар заман, зар заман ...

Зарлап өткен бір заман ...

Зар заманның аяғы –

Заманың кетті баяғы..., деп Шортанбай нақтылай түседі.

1731 жылы Кіші жүз қазақтары Әбілхайыр ханның бастауымен орыс патшасы Анна Ивановнаға ант беріп, бағынған болатын. Орта жүз қазақтары Ресей патшасына бұдан 35-40 жыл кейін – ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысында Абылай хан заманында бағына бастаған еді. Ұлы жүз қазақтары орыс патшасына ХІХ ғасырдың 60-жылдарында бағынды. Сөйтіп, қазақ даласының Ресейге бағынуы 130 жылға созылды. Ресей патшасы отарлау саясатын біртіндеп жүргізді. Оны қазақ даласына бекіністер салып, Ресейдің түпкір-түпкірінен казактар мен Украинаның жерсіз қалған шаруаларын көшіріп әкеп, қазақтардың суармалы шұрайлы жерлерін тартып әперуден бастады. 1743 жылы Орынбор қамалы орнады. ХҮІІІ ғасырдың 30-40 жылдарында Верхнеуральскіде ұзындығы 770 шақырым УЛСК бекініс шебі салынды. Осы шептің бойында Қарағай, Қаракаль, Крутоянск, Уст-УЛСК қамалдары салынды. 1770 жылдары Тройцк, Семей, Орал қалалары ірге көтерді. Қамалдарды орыс армиясы күзетіп тұрды. Әскерлерді ұстау үшін патша үкіметі жергілікті халықтардан ақшалай, заттай алым-салық жинап отырды. Бұл алым-салықтардың ауыртпалығы еңбекші халықтың мойнына түсті. 1822 жылы патшалы Ресейдің қазақ даласын бөлісу жөніндегі жаңа Ережесі шықты. Бұл Ереже бойынша бұрынғы ел билеудің хандық жүйесі жойылып, оның орнына округтер құрылды. Округтердің басына патша үкіметінің қолдауымен сайланып қойылған қазақтың хан, төре тұқымдарынан шыққан аға сұлтандар отырғызылды. Аға сұлтанның екі орынбасары тағайындалды. Оның біреуі ақсүйек тұқымынан шыққан тақты билерден болса, ал екіншісі орыстың әскери майор шенді офицері болды. Округтер – үйездерге, үйездер – болысқа, ал болыстар – старшиндерге бөлінді. Болыс старшиндер сайланып қойылды. Билік басына келу үшін жоғарғы шенді орыс әкімдеріне пара беру керек еді. Сөйтіп, патша үкіметі қазақ байларын билікке таластырып қойып, өздері қойған сенімді адамдары арқылы басқарып, өздері олардың ел билеудегі іс-әрекетін бақылап отырды. Ел ішінде пара алып дау-дамайды шешу, өтірік-өсек айтып бір-біріне

жала жабу, өтірік арыз беру, жесір дауы, жер дауы, барымта, тонау етек алды. Осы әділетсіздіктерді көріп күйінген Дулат, Мұрат, Шортанбай секілді ақындар өткен хандық дәуірін көкsep, жаңа заманның бұзылуын, орыс әкімдерінің озбырлығын сынады.

«Зар заман» деген – XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай ақынның заман халін айтқан бір өлеңінің аты. Шортанбайдың өлеңі ілгері, соңғы ақындардың барлық күй, сарынын бір араға тұтастырғандай жиын өлең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына «Зар заман» ақындары деген ат қойдық» (М. Әуезов Әдебиет тарихы. Алматы, 1991 жыл, 192-222 б.б.).

Мына заман қай заман!?

Азулыға бар заман,

Азусызға тар заман...

Мұның өзі зар заман...

Зар, зар заман, зар заман ...

Зарлап өткен бір заман ...

Зар заманның аяғы –

Заманың кетті баяғы...

М. Әуезов зар заман ақындары деген терминге бірнеше теориялық тұжырымды негіз етеді. Айрықша назар аударар бір түйін: «...Зар заман ақындарынан бастап біздің әдебиет екінші жікке қарай ауысады. Бұдан бұрын қарастырған әдебиет жұрнақтарының барлығы ауызша әдебиет десек, мыналарды жазба әдебиеттің басы деу керек» – деген ғылыми жаңалығы айқын ой.

М. Әуезов жүйелеуіндегі «зар заман әдеби ағымы» мынадай мәселелерді ажыратудан барып айғақталады:

1. Зар заман ақындары деп кімді айтамыз?

2. Бұл дәуірдің ақындары кімдер?

3. Барлығының басын қосатын күй қайсы?

4. Көпшілігі қандай жайды тақырып еткен, нені толғаған?

Зар заман ақындары дегенде, жалпы қазақтың атам заманнан бергі өмір тарихындағы зарды емес, дәл осы М. Әуезов атап беріп отырған, орыспен арадағы саяси ахуалға байланысты туған мұң мен зарды нысанада ұстауымыз қажет.

Патша үкіметінің отаршылдық саясаты жайлы жиырмасыншы жылдары Халел Досмұхамедұлы да батыл, ашық айтты.

Патша үкіметінің отаршылдық саясаты жайлы жиырмасыншы жылдары Халел Досмұхамедұлы да батыл, ашық айтты..

Зар заман өлеңдерінде:

- салт-сананың бұзылуы жырланады;
- халық өмірінің көне әдет-ғұрпы мен ескі салттарының құлдырауы;
- билер мен әкімдердің паракорлығы мен пәтуасыздығы, тұрмыс тіршіліктің нашарлауы, мал санының азаюы мен;
- халықтың жұтауы;
- жайылым-қоныстың тарылуы, қоныс аударушыларға шұрайлы жерлердің

кесіліп берілуі;

- жердің тозуы, елдің азуы;

- аштық, жұт, т.т. сөз болады.

Тарихшы ғалым Б. Сүлейменов зар заман әдебиеті туралы пікір сол процесс жүріп жатқан кездің өзінде айтылғанын еске салады:

«Ы. Алтынсариннің әдеби ағымға көзқарасын **«Горе киргиз»** деген қолжазбасы топ-толық танытады.

Бұл оның Түркістан қазақтарының «Зар заман» туралы шығармаларына жасаған қорытындысы еді.

Түрлі саяси науқандардың тұсында зар заман ағымына қилы мән берілді. Бір кездегі тарихи даму шындығынан туған, халықтың қасірет күйін жеткізген әдебиет деп танылған орасан зор мұраға **«сары уайым, үмітсіз үгілген, жаналықтан үріккен, «діншіл»** әдебиет деген мін тағылды, «зар» ұғымы басқа мағына ала бастады.

Профессор **Ханғали Сүйіншәлиев**: «Оларды түгел әдебиет тарихынан шығарып тастағысы келмеген аға буын әдебиетшілер әр саққа жүгіртіп, өз ойларын «зар заман» әдебиеті дәуірін шығарып та жүрді. Ресми баспа сындары бұл атауды да қабылдамады. Себебі, олардың ойынша, қазақ халқын Россия патшалығының отарлауы, жер-суын жаулап алып, қуғынға салуы – прогресс, Россияның келешегі оны ақтады. Сондықтан отаршылдық дәуірді «Зар-заман», - деп атау саяси қате ...».

Мұхтар Әуезов жүз жылдық дәуір әдебиетін үш кезеңге бөліп, әр ауқымның өзіндік ерекшелігін, ортақ сарын аясындағы өзгерістерін атап-атап көрсетіп отыр.

1. Әлеуметшілдік, ойшылдық сарыны – Бұқар заманы.

2. Ісшілдік – Махамбет.

3. Дін мен мәдениет – Ыбырай.

Зар заман ағымы жайлы сөз болғанда М. Әуезовтің «Әдебиет тарихындағы» концепциясын ғылыми негіз етуге тиіспіз.

Әуезов ол ағымды **әлеуметтік астар** жағынан да, **мазмұндық ерекшелік** жақтан да, **көркемдік өлшем-өзгешеліктер түр, дәстүр, өзгеріс, қолданыс, жанр**, т.б. жақтардан жан-жақты талдады.

Қазақ әдебиетіндегі зар заман поэзиясын қай тұрғыда түйініп – түсіну жөнінде салмақты пікір білдірген ғалымдардың бірі – академик **С. Қирабаев**. Ол мұнда өлең – жырлардың тууы, аталған жыр жампоздарының ішкі күйзелісі мен үмітсіздігіне байланысты екендігі тұрғысынан ой толғады.

Академик **З. Ахметов** зар заман поэзиясын Абай өлеңдерімен жақындатады, ал **Е. А. Костюхин** зар заман ақындарын Абайға қарсы қою тәсілін ұстанды.

Зар заман әдебиетін, оның тұлғалы өкілі Шортанбай шығармашылығымен байланыстыра зерттеп, бұл кезінен өзіндік ерекшеліктерін нақты көрсеткен әдебиетшілердің бірі Қанипаш Мәдібай Қанипаш.

1958 жылы АҚШ–тың Оңтүстік Каролина штатындағы Дьюк университеті Томас Густав Виннердің "Орталық Азия қазақтарының сөз өнері мен әдебиеті" атты кітабын бастырып шығарды.

Виннер зерттеуінде, Шортанбайдың “Зар заман” /" Time of Lament "/және “Алдаушы жалған” /"Faithless Lying"/, Мұраттың “Үш қиян”/"Three Epochs"/ толғаулары орыс тіліндегі аудармасы арқылы ағылшыншаға тәржімаланған.

1940 жылы Мәскеуде жарық көрген “Песни степей” атты қазақ поэзиясының антологиясында (құрастырған А.Соболев) зар заман поэзиясының бір қатар үлгілері енгізілді.

1978 жылы зар заман өкілдерінің (Дулат, Шортанбай, Мұрат) өлеңдері М. Мағауиннің құрастыруымен «Советский писатель» баспасының Ленинград бөлімшесінен орыс тілінде жарық көрді.

С.Мұқанов өзінің естелігінде: «Шортанбайдың үш зары бар: **«Зар заман»**, **«Бала зар»**, **«Өлер зар»**. Осы үш зарында да ол халықтың басына түскен зарды, заманының зарын толғаған. Бұл үш зар — үш поэма және сюжет жағынан біріне-бірі жалғас, бірінің мазмұнын бірі өрбітетін поэма».

«Зар заманда» Шортанбай қазақ халқының көтерілістерін патша үкіметі уақытша басқаннан кейінгі халдің басын айтады; **«Бала зарда»** көтерілістен кейінгі ауырлаған халді сипаттайды; **«Өлер зарда»** Шортанбай өлім халында жатып өмірмен, елмен бақұлдасып, артында тірі қалып бара жатқан жұрттан не тілейтіндігін баяндайды».

Шортанбай жыраудың біздің заманымызға жеткен мұрасының ең мәнді әрі көлемді бөлігі – «Бала зар»

Бұл толғау XIX ғасырдың соңында Қазанда үш мәрте жарияланған болатын. Шортанбай ғұмыр кешкен Сарыарқада кеңінен тараған.

Мынау бір жалған дүниеде
Малы көп кісі би болар.
Көпке тентек, ез, қисық
Қамшыменен би болар.
Ер басына күн туса,
Бұта түбі үй болар.
Ат басына күн туса,
Көксімдегі күй болар.
Көңіл азып, тон тозса,
Берген көйлек кез болар.
Аштықта жасық болса да
Ұдай абзал сол болар.
Мейір кетті пендеден,
Сүйтіп ердің елінен.

Жасыл жайлауларынан, асқар шыңды тауларынан, орман-тоғайлы белестерінен, мөлдір өзен мен көлдерінен, тілі мен дінінен — жалпы ұлттық-этностық рухани келбетінен айырыла бастаған қазақ халқының XIX ғасырдағы шынайы қалпын Шортанбай жырау былайша суреттейді:

*Мынау ақыр заманда
Алуан-алуан жан шықты,
Арам, араз хан шықты,
Қайыры жоқ бай шықты.*

*Сауып ішер сүті жоқ,
Мініп көрер күші жоқ,
Ақша деген мал шықты.
Кедей қайтіп күн көрер? —
Сол себептен қорқамын...*

Шортанбай жырау өз замандастарына ғана емес, болашақ бүкіл ұрпағына өсиет тастайды. Мысалы, оның мына өлеңін ұрпақтарына арнаған аманат жыры

*деп қабылдауға болады:
Жүйрік пенен жорғаңды
Өзің бір мініп, жебеле.
Жалаңаш барып жауға шап,
Ажалдан бұрын өле ме!
Ноқталы басқа бір өлім,
Өлмей де адам жүре ме?
Қатын-бала қамы үшін
Қарсы шап та, мылтық құш,
Құр жабырқап, жүдеме!*

Кеңес кезінде “зар заман” ақындарының ішінде жеткіліксіз зерттеген ақындардың бірі – **Мұрат Мөңкеұлы**.

1940-50 жылдар арасында жарық көрген мектеп оқулықтарында енгізіліп жүрген Мұрат ақын **1947** жылғы атышулы қаулыдан кейін зерттеу объектісінен мүлде түсіп қалды.

Осы олқылықты **Ы.Дүйсенбаев** өзінің докторлық диссертациясында, кейінірек шыққан “**Ғасырлар сыры**” кітабында біршама толтырды десек болады. Еңбегінің 20 бетін түгелімен **Мұрат** ақынға арнап, Ысқақ Тәкімұлы оның шығармашылығын тұңғыш рет мол қамтып, кең түрде, жан-жақты талдаған.

Артына елеулі әлеуметтік мәні зор мұра қалдырған ірі тұлғаның екі түрлі мәселеге орай кейінгі кезге дейін орынсыз ауызға алынбай, зерттелмей келгенін айтады.

Зерттеушінің пікірінше, оның **біріншісі** — патша үкіметінің қазақ даласындағы отарлау саясатының күшеюі әсерінен кейбір шығармаларындағы **жалпы орысқа деген қарсылығы болса, екіншісі**- ірі туындыларының дені әйгілі **Едіге ұрпақтарына байланысты болуы** – делінеді.

Мұрат ақынның шығармаларын **Ы. Дүйсенбаев** тұңғыш рет жүйелеп, үш салаға бөліп қарастырады:

1. Ақынның өлеңдері мен толғаулары
2. Дастандары (“Үш қиян”, “Сарыарқа”, “Қарасай-Қази”)
3. Ақынның айтыстары

Мұраттың сөз өнерінің сұлу сиқырлығы мен әсемдігін көркем бейнелегенін мына жырдан көреміз:

*Жылы қылып сөйлейін,
Ақ теңгенің мөріндей.*

Шалқақтатып сөйлейін,
Айдынның шалқар көліндей.
Асыл қылып сөйлейін,
Базардың алтын беріндей
Жабыстырып сөйлейін,
Тұтқыр сары желімдей.
Сұлу қылып сөйлейін,
Қос жорғаны мініп ап,
Түскен жаңа келіндей!

Мұрат шығармаларының екінші саласына жататын шоқтығы биік – **“Үш қиян” дастаны**. Мұнда оның ел тағдырына байланысты көкейтесті ойлары: халықтың тұрмыс-тіршілігі, өкініші мен күдігі, арманы мен үміті, жұрт бақыты мен ертеңі, жер, қоныс туралы толғаныстары үлкен күңіреніспен сипатталады.

Бұл жырлар Шортанбай, Дулат шығармаларымен терең үндесіп өзара астасып отырады. Дәл осы сарынды Мұраттың **“Сарыарқа”** туындысына да тән деген жөн. Мұнда да “Үш қияндағы” секілді Ресей империясының қанау-тонау саясаты туралы ой ашып айтылады.

«Еділді тартып алғаны –
Етекке қолды салғаны.
Жайықты тартып алғаны –
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды тартып алғаны –
Ойындағысы болғаны»

Зерттеуші Мұраттың айтыстағы шеберлігі мен тапқырлығын оның бес айтысын талдау арқылы көрсете алған. **Жылқышы, Бала Ораз, Кете Жаскелең ақындармен және әйел ақындар Жантолы, Тыныштықпен** айтыстарының көбінде рулық сипат орын алса да, Мұраттың айтыста төселген алғырлығы, сөз өрнегін келістіре білетін шешендігі зерттеуші тарапынан жоғары бағаланады.

Бабатайұлы Дулат (1802-1871) – ойшыл, ақын. Аякөз өңірінде туған. 1880 жылы «Өсиетнама» деген жинағы Қазанда басылып шыққан. Ақын өлеңдерін ел аузынан жинап, сақтаушы - халық ақыны Шәкір Әбенев. Өлеңдерінде саяси-әлеуметтік тақырыптар терең де жан-жақты кең көрініс тапқан.

Жоның жайлау кең алаң,
Атам қонған ен далам.
Мендей сені қызғанар,
Бауырыңда өскен қай балаң?
Көл қорыған қызғыштай,
Сен десе салам байбалам.
Жайлауыңды көргенде,
Жадыраймын, жайланам.
Өксігіңді ойласам –

Ұйқы беріп, қайғы алам.

Келтірілген өлең шумағын Дулаттың ақындық кредосы деуге тұрарлық.

Дулат шығармаларының ең биік белесі – оның «Еспембет» дастаны. Бұл – ерлік эпос стиліндегі сюжетті туынды. Арнау, толғаулардан көлемді, көркем шығарма жазуға дейін көтерілгендіктің куәсіндей маңызды еңбек. Дастанның маңызы жинақы, шындыққа сай баяндалып, оқиға желісі негізгі қаһарманның әрекеттеріне құралған.

Дулат поэзиясының тағы бір өзгешелігі, оның қазақ поэзиясы тарихында алғаш мысал жанрына қалам тартқандығы.

Олар: «Шымшық пен бөдене», «Сары шымшық», «Қара қарға мен сауысқан» сияқты шығармалары.

Ал оның «Нысапсыз бір патша», «Шаштараз» толғаулары аңыздар сюжетінен жазылған, өзі тойса да көзі тоймайтын нысапсыз патшаның мансапқорлығы мен шаштараздай ант бұзған, аузына иелігі жоқтар сыналып, адамгершіл ақылдар ұсынылады.

Зар заман әдебиеті – тұтас бір дәуірдің әдебиеті. Бұл кезең ақындарының шығармалары тәуелсіздік идеясын ту етіп көтергендігімен ғана емес, қазақ өлеңіне жаңа түр-сипат әкелгендігімен де құнды. Бұл ағымның сан-салалы мәселелерін талдап-тарзылау келешектің еншісінде.



- 1) Зар заман туындыларының мәні: отарлаудың озбырлығы, жерден айырылу, діннен аулақтату.
- 2) Зар заман ақын толғауларының негізгі сарыны: елмен қоштасу, жерді аңсау, еркіндік.
- 3) Шернияз қатар жүрген ақындар: Махамбет, Абыл, Қашаған.
- 4) Мұрын жырауға Мұрат ақын үйреткен батырлық жырлар: «Құлыншақ батыр», «Жұбаныш батыр», «Оғыз батыр».
- 5) Мұрат ақын жырлаған тарихи тұлғалар: Қарасай Қазі, Асан қайғы, Қазтуған.
- 6) Дулат ақынның «Он бес жас қайда» толғауының басқа жыраулар поэзиясымен үндестігі: Бұқар, Шал, Шортанбай.
- 7) Шортанбай туралы құнды пікірлер жазылған 1933-34 ж.ж. Алматыда шыққан ХІХ ғ. мен ХХ ғ. қазақ әдебиетінің оқу кітабының авторлары: М.Әуезов, М.Жолдыбаев, Ә.Қоңыратбаев.
- 8) Шортанбайдың толғауларынан басқа, араб әрпімен жазылған дастандары: «Бозұғлан», «Қысса Ибраһим», «Қысса Шерниядан».
- 9) С.Мұқанов Шортанбайдың үш зары туралы: «Зар заман», «Бала зар», «Өлер зар».
- 10) З.Серікқалиев жауапкершілігімен 2002 жылы басылған Дулат Бабатайұлы туралы кітаптар: «Өсиетнама», «Жырау тағылымында», «Тұнық тұма».
- 11) Дулат Бабатайұлы шығармаларында А.Байтұрсынов классификациясы бойынша кездесетін толғау түрлері: сап толғау, марқайыс толғау, намыс толғау.
- 12) Дулат Бабатайұлының нақыл түріндегі, шешендік арнау сипатындағы толғаулары: «Баласына айтқаны», «Кеңесбайға», «Сүлейменге».
- 13) Дулаттың «Он бес деген жас қайда» толғауының басқа ақындармен үндестігі: Бұқар жырау, Шал ақын, Шортанбай ақын.
- 14) Қ.Өмірәлиевтің Дулат өлеңдерін үш түрге бөлуі: терме өлең, ұйқасты жолымен синтаксистік құрылысы сәйкес келетін шумақты өлең, ішкі шумақты ұйқасы әрі шумақаралық ұйқасы бар ұйқасы тұтас өлең.

- 15) Дулат Бабатайұлының дастандары: «Еспембет», «Шаштараз», «Өсиетнама».
- 16) Он-он бес жас шамасында Мұрат Мөңкеұлына берілген атақтар: ділмәр, тақылдақ, өнері судай тасыған.
- 17) Мұрат ақын туындыларының жанрлары: арнау-хат, сын-сұхбат, ақыл-нақыл.
- 18) Мұрат ақынның болыстық билікке, патшалық сайлауға наразылық ниетіндегі туындылары: «Айжарыққа», «Қарақожа болысқа», «Есенғали болысқа» .
- 19) Мұрат ақынның әсемдік әлемін танытатын туындылары: «Аттан сұлу болар ма?», «Жалп-жалп ұшқан жапалақ», «Дүниенің төрт бұрышы».
- 20) Мұрат Мөңкеұлының термелері: «Өлім», «Қыз», «Жалғаншы фәни жалғанда».
- 21) Мұрат ақынның хат түріндегі шығармалары: «Еліне жазғаны», «Бір досқа», «Аққудан қайтқан жігітке хат».
- 22) Х.Досмұхамедұлының жаздырып алған Мұраттың жырлары: «Қарасай-қазы», «Шөлгез», «Қазтуған».
- 23) Мұрат ақынның өмір, тіршілік туралы толғануы: «Үлгілі сөзді сөйлейін», «Өлім», «Не деп айтсам жарасар».
- 24) Мұрат ақынның адамгершілік сарында жазылған шығармалары: «Сыйқыттың тойын бастауы», «Елге сәлем», «Оқудан қайтқан азаматқа».
- 25) Мұрат Мөңкеұлының «Үш қиян» дастанында айтылған жер атаулары: Еділдің бойы, Жайықтың бойы, Маңғыстаудың бойы.

7 XIX ғасырдағы жаңа жазба әдебиет

Қазақ әдебиетінің өскелең бағытын айқындауда XIX ғасырдың екінші жартысында туған демократтық-ағартушылық әдебиеттің орны ерекше. Бұл әдебиеттің өкілдері Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов ғылым-білім, оқу-өнер арқылы алдыңғы қатарлы елдерге теңелуге, теңдікке жетуге болатынына сенді. Шоқанның ғылыми көзқарасы, қызметі арқылы қазақ елі ішінде ағартушылық, демократиялық идеялар тарады. Ыбырай әдебиетке деген ұғым, түсінікті жаңартып, оның жас ұрпақты тәрбиелеудегі ұлы күш екенін көрсетті. Өзі балаларға арналған әңгімелер, өлеңдер жазды. Көркем сөз өнерінің кемелденуі, өлең сөздің қоғамдық қызметін көтеру, сол негізде жаңа көркемдік әдіс — реализмді қалыптастыру ұлы Абайдың үлесіне тиді. Ол Еуропа мен орыстың классикалық әдебиетін еркін меңгеріп, көркемдік таным мен талғамға жаңа талаптар қойды, жаңа сипатты поэзия туғызды. Классикалық әдебиет үлгілерін қазақ тіліне аударып, қазақтың төл әдебиетімен қатар қойды, Қ. әдебиетінің эстетикалық принципі Абай шығармаларында жүзеге асты.

XIX ғасыр әдебиеті ұлттық таланттардың көптігімен және олардың бір-біріне ұқсамайтын сан алуандығымен көзге түседі. Онда айтыс ақындары (Жанақ, Шөже, Орынбай, Түбек, Бақтыбай, Кемпірбай, Сабырбай, Сара, Ырысжан, Ұлбике, Тәбия, Ақбала, т.б.), әнші ақындар (Біржан сал, Ақан Сері, Сегіз Сері, Мұхит, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, т.б.), қиссашыл ақындар (Жүсіпбек Шайхисламов, Ақылбек Сабалов, Шәді Жәңгіров, Мәулекей Юманчиков, Кашафутдин Шахмарданұлы, т.б.) жыршы-жыраулар дәстүрін жалғастырып, халықтық әдебиет үлгілерін сақтап жеткізушілер (Марабай, Абыл, Нұрым, Мұрын, Ығылман, т.б.) қатар өмір сүрді. Бұлардың барлығы өз мүмкіндіктерінше әдеби арнаны толықтырды, өмірді өзінше танып жырлады. Қазақ тіліндегі алғашқы кітаптар осы кезде басылды (“Өсиет наме” — 1880,

“Бала зар” — 1890, “Диуани хикмет” — 1896, т.б.), фольклорлық мұралар жинақталып, жарық көре бастады.

8 Шоқан Уәлиханов (1835-1865)

Қазақтың ұлы ғалымы, ағартушы-демократ Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов отандық ғылым мен әдебиет тарихында үлкен орын алады. Оның қысқа да жарқын өмірі мен ғылыми қызметі қазақ халқының көпғасырғы дамуының, рухани ізденістерінің тамаша қорытындысы, биік жалғасы болды, қоғамдық ой-сана, пікір-тұжырым биіктей өркендеуіне ықпал етті.

1856 жылы Шоқан полковник М.М.Хоментовский басқарған әскери-ғылыми экспедициға қатысады. Қырғыз елін жете зерттеуге, Ыстықкөл аймағының картасын түсіруге тиіс болған бұл экспедицияға қатысу Шоканның ғылыми жұмысын ойдағыдай жүргізуіне мүмкіндік берді. Ыстықкөлге, одан ары Қытай империясының Құлжа қаласына саяхатты және 1856-1857 жылдары Жетісу, Тянь-Шань сапарларында П.П.Семенов-Тянь-Шанскиймен бірге болуы, Қырғыз Алатауына екінші рет баруы нәтижелері оның «Қытай империясының батыс өлкесі және Құлжа қаласы» деген зерттеу еңбегі; «Ыстықкөл сапарының күнделігі», «Қырғыздар туралы жазбалар», қырғыз эпосы «Манасты» жазып алып, біраз тарауын тұңғыш рет орысшаға аударуы, оған тарихи және әдеби талдаулар жасауы, Жетісу, Ыстықкөл аймағының фаунасы мен флорасы туралы зерттеу жазбалары, ориентологиялық, энтомологиялық коллекциялары, гербарийле еді. Сонымен қатар сапарларында қызмет бабына сәйкес Қытай мен Ресей қарым-қатынасын да реттескен.

Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың тарих, география, әдебиет саласындағы еңбектері Петербург ғалымдарының да назарына, ылтифатына, бағасына ие болып, 20-дан жаңа асқан Шоқан 1857 жылы 27 ақпанда Орыс география қоғамының толық мүшесі етіп сайланады. Бұл орыс қоғамы зиялыларының, орыс ғылымының жас ғалым еңбектерін зор бағалағандығы, ғылым мен мәдениетке қосқан үлесін мойындағандығы еді.

1861 жылдың көктемінде денсаулығы тым нашарлап кетуіне байланысты Шоқан Уәлиханов Петербургтен туған жеріне оралды. Мұнда ол творчестволық, ғылыми ой толқындарын өрістете берді, ғылыми еңбектерімен шұғылданады, талай ақын-жыршылардан өлең-әңгімелер, аңыз-ертегілер жинады, талдаулар жасады, қоғам құрылысына көп көңіл бөлді, үстем тап өкіметінің жүгенсіздіктерін, озбырлық-зорлықтарына қарсы күресуді, сөйтіп қазақ халқының тіршілік-тынысын жақсартуға көмектесуді, әділеттілікті ойлады. Шоқан Уәлиханов Атбасар округының аға сұлтандық қызметіне сайлауға қатысып, көпшілік дауыс алғанымен, Сібір әкімшілігі оны аға сұлтандыққа бекітпеді, өйткені демократтық бағыттағы озық ойлы ғалым билеуші топ үшін, зорлықшылар мен жемқорлар үшін қауіпті де кедергі болатын адам деп есептеледі. «Менің сұлтан да болғым келген еді, ондағы ойым халқыма қызмет етіп, оларды чиновниктер мен бай қазақтардың қатал қысымынан қорғау еді»-деп жазды Шоқан Ф.М.Достоевскийге.

Ол Омбыға барып, сол кезде Қазақстанда сот реформасын жүргізудің жобасы жасалып жатқанда, облыстық басқарманың заң комиссиясының жұмысына қатысады, сот реформасы елге тиімді, пайдалы болуды талап етеді. Бұл тұста оның «Сот реформасы туралы жазбалар» еңбегінің маңызы да аса зор. Онда қазақ қоғамының экономикалық, саяси, рухани жағдайлары және қазақ халқының болашақ даму негіздері мен жолдары терең талданды. Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов «...Азаматтық жағынан өсіп-өркендеуінде үлкен үміт туғызып отырған, орыстарды отандас туысқанымыз деп санап отырған және орыс мемлекетінің қарамағына еркімен қосылып отырған миллиондаған адамдардың тағыдыры, Шекспирше айтқанда «болу не болмау» деген сияқты үзілді-кесілді мәселелерді шешерде көбірек көңіл бөліп, көбірек қамқорлық жасауға тұратын іс сияқты», одан әрі Шоқан қазақ елінің дамуы үшін қандай шаралар қажет екенін егжей-тегжейлі сөз етеді.

1864 жылдың көктемінде Шоқан Уәлиханов Оңтүстік Қазақстанды Ресейге қосу жөніндегі полковник М.Г. Черняевтің әскери экспедициясына шақырылады, Әулие ата қамалын алуға қатысады. Бірақ жергілікті халықтарға Черняевтің, оның әскери қызметкерлерінің көрсеткен озбырлығы мен қаталдығына наразы болған бір топ офицермен бірге Шоқан 1864 жылы армиядан бөлініп, Верныйға (Алматы) келеді. Ол албан руының аға сұлтаны Тезек төренің ауылына барып, жергілікті тұрғындарының аңыз-ертегілерін жинап, зерттеумен шұғылданады, сол кезде Батыс Қытайдағы қоғамды-саяси жағдайдың шиеленісуіне байланысты болған дүнгендер көтерілісіне көңіл бөледі. Жұмыс бабымен Қапалға оқта-текте келіп жүрген бір сапарында Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов «Русский инвалид» әскери газетіне Құлжадағы жағдай, дүнген қозғалыстарына байланысты мақала жіберді, ол мақала осы газеттің 1865 жылғы 51 санында жарияланды, бұл оның ең соңғы еңбегі еді.

Шоқан Уәлиханов өзінің қысқа өмірінде қоғамдық ғылымдардың алуан саласында- тарихта, шығыстануда, географияда, этнографияда, эконномикада, филологияда, өнертануда-көптеген құнды еңбектер қалдырды. Ол Қазақстанның, Орта және Орталық Азияның түрік тілдес халықтарының- қазақтың, қырғыздың, өзбектің, ұйғырдың, түрікменнің тарихы мен сол кездегі жағдайы, тілі мен әдебиетін терең зерттеумен шығыстану ғылымына зор үлес қосты. Шоқанның «Қазақтың шежіресі», «Жоңғария очерктері», «Қазақтар туралы жазбалар», «Абылай», «Көне замандағы қазақтың қару-жарак, сауыт саймандары», «Даладағы мұсылмандық», «Қазақтағы шаман дінінің қалдықтары», «Қазақтың көші-қоны», «Оңтүстік Сібір тайпаларының тарихы туралы пікірлер», «Ыстықкөл күнделіктері» тағы басқа еңбектерінде Қазақстан мен Орта Азиядағы түрік халықтарының келелі мәселелері кеңінен зерттелді және де зерттеулер де, мәселелер қою мен шешуде қазақ ғалымы дұрыс ғылыми бағыт ұстағаны кейінгі оқымыстылар зерттеулері арқылы расталды, бүгінгі күні де ғылыми мәні сақталды.

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов-қазақ және қырғыз халықтарының бай әдебиет қорын тұңғыш зерттеуші екендігі де ерекше. Қазақ көркем сөз өнерінің кейбір үлгілерін ол жас кезінде-ақ білген, оған деген ықылас-қызығуы кадет корпусында оқыған жылдары мен қызметтері кезінде арта түскен де, 1850

жылдардың орта шенінен өмірінің соңғы сәттеріне дейін зерттеумен шұғылданған. Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың халықтардың әдеби мұраларының үлгілері туралы ой-тұжырымдары бүкіл ғылыми зерттеулерінде, еңбектерінде қазақ және қырғыз әдебиеттері туралы арнайы шолғандары: «Қазақтың халық поэзиясының үлгілері туралы», «Орта жүз қазақтарының аңыз-ертегілері», «XVIII ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздар», «Едіге мен Тоқтамыс туралы аңыз», «Едіге», «Шона батыр», «Манас» жырын тұңғыш зерттеуі және оның «Көкетай ханның асы» деген үлкен бір бөлімін орысшаға аударуы т.б.

Заманында дүниежүзілік ғылымға елеулі үлес қосқан Шоқан Уәлихановтың әр салалы, терең мазмұнды еңбектері, өзінің асыл тұлғасы мен жарқын бейнесі тарихтың әр кезеңінде жоғары бағаланды. Ол туралы замандастары жан тебіренерлік жылы лебіздер қалдырды. Шығысты зерттеуші әйгілі ғалым Е.И.Ковалевский Шоқанды «Асқан данышпан жас жігіт», «Тамаша ғалым», «қазақ халқының ең жақын досы әрі орыстың мемлекеттік мүддесін қадір тұтушы» деп атады. «Шоқан қазақ ішінен оқырман қауымын тапқан болса, ол өз халқының шын мәнісіндегі асқан данышпаны болар еді»-дейді Г.Н.Потанин. «Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов Шығыс тану әлемінің аспанынан құйрықты жұлдыздай жарқ етіп өте шықты. Орыс ориенталистері бірауыздан оны таңғажайып құбылыс деп қарады, одан түркі халықтарының тағдыры туралы аса маңызды ұлы жаңалықтар ашады деп үміт күтіп еді»-деп жазды аты әйгілі шығыстанушы ғалым Н.И.Веселовский. Оның редакциясымен Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов шығармаларының жинағы Петербургте 1904 жылы жарық көрген еді.

Шоқан еңбегін, өмірін зерттеген ғалымдар көп-ақ. Олар Уәлихановтың шығармашылығын жай ғана зерттеп қоймай, өз еңбектерін кітап ретінде басып шығарған. Бұған дәлел ретінде С.Мұқановтың «Жарқын жұлдыздар», Марғұлан Ә.Х. «Шоқан және Манас», М.О.Әуезов «Ф.М.Достоевский және Ш.Уәлиханов», Ахметов З. «Шоқан Уәлиханов - әдебиетші-ғалым» т.б. сынды еңбектерді келтіре аламыз.

Шоқан жайлы өзінің көзі тірісінде және кейінірек батыс, орыс ғалымдарының айтқан сөздеріне құлақ ассақ:

«Современник» журналы ғалымның көзі тірісінде-ақ ол туралы 1864ж. былай деп атап көрсетті:

«Ш.Уәлихановтың қабілеттілігі және жігерлілігі сонша, Сібірде тұратын бұратана халықтар арасында бұрын-сонды ондай адам болған емес».

Батыстың зиялы қауымы Шоқанның ардақты есімін 60 жылдарда «Ресей туралы ғылыми танымдар архиві» журналының (ағылшын және неміс) басылымдары арқылы танып білді. Американ зерттеушісі Томан Виннер өзінің «Орыс Орта Азиясы қазақтарының әдебиеті мен ауызша шығармалары кітабында»: «Шоқанды Ч.Диккенстің, ағылшын жазушы-саяхатшыларының еңбектері баурап алды», - деп жазды.

Француздың жаһанды шарлаған жиһангез географы Франциядағы 1848 жылғы революцияға қатысқан Элизе Реклю «Жер және адам» деген он тоғыз томдық күрделі еңбегінде Шоқан атын П.П.Семеновпен қатар қойды.

Ғалымның замандасы Н.М.Ядринцев: «Әрқашан оның жұқа еріндерінде кекесінді күлкі тұратын еді. Бұл оған Лермонтов қасиеттерін беретін. Әңгімесі тапқырлығымен көңіл аудартатын. Ол өте аңғарғыш және сықақшыл еді. Мен ұстарадай өткір тілді мұндай адамды сирек кездестірдім».

Қазақ ойшылының өмірі мен шығармашылығын көптен бері тиянақты зерттеп жүрген И.И.Стрелкова: «Подобно многим юношам своего времени, Чокан избрал своим кумиром Лермонтова. Он и внешне копировал Лермонтова, завел ту же прическу, что на известном портрете».

Академик Н.И.Веселовский: «Шығыстану ілімінің тұнық аспанында жарқырап аққан құйрықты жұлдыздай боп көрінген».

Г.Потанин: «Егер де сол кезде оның отандастары арасында оқырман қауым табылғанда, ол өз халқының ұлы жазушысы да болар еді».

Ұлтымыздың мақтанышы жайындағы алғашқы материалдар ана тілімізде 1870 жылдардан бастап жарық көрді. «Айқап» журналының 1870ж. 3 санында және 1872 ж. 1 санында ол туралы құнды мақалалар жарияланды. Ұлы ғалымның дүниеге келгеніне 60 жыл толуы қарсаңында газеттің 1894 жылғы 18 нөмірінде берілген мақалада былай делінген: «Шоқан Уәлиханов ғылым, өнер иесі, халықтың ғадет-заңын біліп, даңғыл, биік жолға шықса да өзінің туған жайын жатырқамай һәм ұмытпады».

1940 жылы Шоқан Уәлихановтың өмірі мен шығармашылық қызметіне зерттеу жүргізіле бастады. Академик Ә.Х.Марғұланның құнды зерттеулері баспа сөзде жарияланды. А.Х.Айдарова 1945ж. «Шоқан Уәлиханов» атты көлемді кітап бастырып шығарды. Айдарованың құрастыруымен ғалымның «Мақалалары мен хаттары» 1947 жылы орыс тілінде, ал 1949ж. қазақ тілінде жарық көрді.

Ғалым шығармашылығын ғылыми тұрғыдан байсалды сөз еткен: Ә.Марғұлан, З.Ахметов, С.Зиманов, М.Фетисов, Е.Бекмаханов, Е.Букетов, Ш.Сәтбаева, М.Елеусізов, О.Сегізбаев, Н.Смирнова, Қ.Бейсембаев және оның әдеби бейнесін жасауға ден қойған С.Мұқанов, С.Марков, С.Бегалин, И.Стрелкова, П.Косенко, С.Бақбергенов басқа да қаламгерлер елеулі шығармалар жазды.

М.Әуезовтың еңбектерінде, Р.Бердібаевтың, М.Қаратаевтың, Б.Кенжебаевтың, Х.Сүйіншәлиевтің, Е.Мағауиннің бірқатар мақалаларында, көптеген ғылыми басылымдарда Шоканның әдебиетші, публицист ретіндегі шығармашылық жолы әр қырынан қарастырылды.

Шоқан Уәлиханов - XIX ғасырдың II жартысында Қазақстанда туған демократтық, ағартушылық мәдениеттің тұңғыш және талантты өкілдерінің бірі. Ол-өз дәуіріндегі әр алуан ғылым саласын алғаш рет зерттеген адам.

Жастайынан халық мұрасына сусындап өскен Шоқан әдебиет, оның теориясы жөнінде сол кездің өзінде-ақ көптеген тың пікірлер, тұжырымдар жасап, өз халқының тіршілігі мен мәдени дамуының жағдайларына көптеген өзіндік үлес қосқан.

Қазақ поэзиясының халықтық сипаттары жайлы жаңаша көзқарас танытып, тың ой пікірлер білдіреді.

Халықтың рухани серігі болған поэзия туралы ол: «Бұл халықтың ертеден өзіне тән тұрмысында есте қалдырмаған бірде бір маңызды оқиғасы, бірде бір тамаша адамы жоқ деуге болады. Олардың бірін суырыпсалма ақындар не жыршылар жыр емес, екінші біреулерінің атын кейінгі ұрпақ естерінде ұмтылмастай етіп белгілі бір сыбызғышы не қобызшы музыканттар тастап кеткен» деп жазады.

Шоқан халық ауыз әдебиетін өзіндік беті бар құнды мұра ретінде жоғары бағалады.

Қазақ аңыздары мен жырларының, күйлерінің пайда болуына, олардың тарихи кезеңге, оқиғаға байланысты екеніне назар аударды.

Ғалымның әдеби зерттеу еңбектерін үшке бөлеміз.

- Ауыз әдебиетін жинауы («Абылаймен оның батырлары туралы аңыз», «Ұлы жүз қазақтарының ертедегі аңыздары»).
- Жанақ, Түбек, Орынбай, Бұхар, Шал, Шөже ақындар туралы
- Ақындық өнер, өлең жөніндегі пікірлері
- Халық мәдениеті мен ақыл – ойының көрсеткіші есебінде танылатын халық шығармашылығын талмай зерттеген оқымысты оны басқа ел ауыз әдебиетімен салыстыра қарады.

"Жоңғар очерктерінде" қырғыздар мен қазақтардың көптеген ертектерін, мифтарын, эпос жырларын және аңыздарын жинап жүріп, олардың Еуропа халықтарының, әсіресе славяндардың сол сияқты шығармаларымен сыртқы ұқсастығына таң қалған.

Шоқан қазақ сахарасында «филология» деген ұғымды ғылыми мағынада алғаш және бірінші рет қолданды.

Ол: «...бүкіл халық аузынан айтылған шығармалар халықтық, филологиялық және де психологиялық назардан тыс қалмау керек...» деп жазды.

Ш.Уәлиханов:

- *қазақ халқының көп ғасырғы өмірі мен дамуында сөз өнері үлкен рөл атқарғанын;*
- *оның қоғамдық мәні үздіксіз даму үстінде болғанын;*
- *молдығын, өзіндік ерекшелігін ашып, атап көрсетті;*
- *мазмұндық және көркемдік сапаларын саралады;*
- *ел аузынан халық шығармаларының үлгілерін жинап, хатқа түсірді;*
- *салыстырулар жүргізді;*
- *орысшаға аударып түсініктер жазды.*

Қазақ әдебиеті тарихында М.Әуезов, С.Мұқанов, А.Нұрқанов, З.Ахметов, Р.Бердібаев, М.Қаратаев, Қ.Жұмалиев, т.б. ғалымдар Шоқанды **әдебиетші, публист** ретінде сипаттады.

Шоқан Уәлиханов қазақ халқының әдебиетіне кең талдау жасап, тарихи өмірмен байланыстылығын, идеялық – көркемдік қасиеттерін ашқан, жанрларына анықтама берген **тұңғыш филолог ғалым**.

- ❖ «Қазақ халқының поэзиясының түрлері жөнінде»
- ❖ «Тәңірі»
- ❖ «Оңтүстік Сібір тайпаларының тарихынан»
- ❖ «Жоңғария очерктері»

- ❖ «Қазақ шежіресі»
- ❖ «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы»
- ❖ Профессор И.Н.Березиннің «Хан жарлықтары» атты кітабын оқығанда»
- ❖ «Жамиғат тарауихтан»
- ❖ «Ұлы жүз қазақтарының аңыздары»

Бұл зерттеулері, мақалалары ғалымның филолог ретінде биік ой – тұжырымдарын, терең білімдарлығын, халқының көркемсөз қазынасын, тілін ерекше сүйгендігін және басқа халықтардың рухани қорынан еш кем түспейтін қадір – қасиеттерін жоғары бағалағандығын танытады.

Қазақтың ауыз әдебиеті Шоқанды бала күнінде қызықтыра бастағаны белгілі.

Оған Уәлихановтар әулетінде:

- ✓ қазақтың сөз өнері аса құрметтелгені;
- ✓ ауылында талай айтыстар болғандығы,
- ✓ әжесі Айғанымның халық даналығын, ертегі, аңыздарын шебер әңгімелейтіні;
- ✓ араб, парсы тілдерін меңгеруі;
- ✓ Шыңғыспен бірге ел аралағанда халықтың әңгімелерін жинап жүргені ықпал еткен.

Шоқан **«Қозы Көрпеш – Баян сұлу»** және **«Ер Көкше»** атты халық дастандарын бала кезінде жазып алып, кейін өзінің ұстазы Н.Ф.Костылецкиге берген.

Шоқан **«Едіге туралы аңызды»** 1842 жылы Арыстанбай деген ақынның айтуымен жазып алған, оны ұзақ зерттеген.

Осы еңбегін 1905 жылы профессор П.М.Мелиоранский Петербургте бастырып шығарған.

«Ер Тарғын», «Қобыланды», «Алпамыс» т.б. эпостық жырларды зерттеген.

Шоқан қазақ халық әдебиетін көп жинап, ол туралы ең алғаш орыс тілінде құнды пікір қалдырды.

Ең алдымен қазақ халық әдебиетіне құнды көркемдік мұра ретінде қарады.

Шоқан: «...ата – балалардың ерлігі туралы тарихы жыр дастандар дегенде, халық сүйіспеншілігінде шек жоқ, соншалықты мол мұраны ауыздан ауызға, ғасырлар бойы ойда сақтау, ғажап қабілеттің көрініс болса керек.

Шоқан Уәлиханов тарихи оқиғаларға байланысты туған эпостық жырларға назар аударған, зерттеген.

Ғалымның ойынша, Алтын Орда батырларының жайын баяндайтын эпостық жырлар сол кез тарихын, орданың құлдырау себептерін ашуға да көмектеспек.

Ғалым ноғайлы заманының туындылары ХІҮ-ХҮ ғасырларға жататынын, онда Алтын Орда кезеңіндегі көптеген жайлар анықталатынын мұқият зерттеген.

«Ер Көкше» жырын зерттегенде шығарманың басты кейіпкері Көкше батыр тарихта болған адам екенін,

1423 жылы шайқаста қаза болғаны туралы жазба дерек табады.

Эпостық жырлардың көркемдік қасиеттеріне, құрылымдық ерекшеліктеріне зейін қоя талдаған.

«Ер Көкше мен Ер Қосай» жырын талдай келіп, ол былай деп жазады: «Қазақтардың арасында маған белгілі тағы екі жыр бар, оның бірі «Ер Көкше мен Ер Қосай». Бұл жырда Уақ елінен шыққан Ер Көкше батыр мен оның баласы Ер Қосай батырдың қуатты қыпшақ тайпасымен күресіндегі ерліктері суреттеледі. Осы дастанда нақты қызығарлық нақтылы деректілік жоқ, оқиғаға қатысты батырлардың аттары да белгісіз, солай бола тұрғанымен, өлең құрлысы мен жағымды дыбыс ұйқастылығымен адамды баурап әкетеді.

Жыр – дастан оқиғасының қызықты іс – әрекеттерімен алмасуы тыңдаушысының үнемі ширықтырып, ынтықтырады да отырады, бір қызығы шығарманың алғашқы бөлігіндегі негізгі қаһарман ұрыста денесінде сау-тамтығы қалмай жараланып, қаза табады, демек жеңіледі. Оның баласы Ер Қосай әкесінің өлімі үшін қыпшақтардан өш алады. Жыр дастанның бұл бөлімі, ертедегі көшпелі жауынгерлерінің ұрыс жүргізудегі әдіс – айлаарын рет-ретімен ұғымды суреттеумен қызғылықты.

Шоқан «Орақ батыр» жырының уақиға желісіне де назар аударады: «Енді бір жырдың аты «Орақ батыр». Бұл жырда Орақ батырдың бастан кешкен тағдыры әңгімеленеді. Орақ батыр Қарауыл руынан, Россияға жорыққа аттанады, орыстардың қолына түседі, тұтқында абақтыда он жыл отырады, содан соң үйленіп, бала-шағалы болады, бірақ туған жерге, елге деген сағыныш жібермейді, ақыры еліне оралады».

Қазақ ауыз әдебиетіндегі аңыз – әңгімелердің, ертектердің мәні мен мазмұны, өзгешеліктері де зерттеушінің назарында болған.

Бірсыпыра аңыздар ғалымның

- «Қазақ шежіресі»
- «Абылай»
- «Ұлы жүз қазақтарының аңыз ертегілері»
- «Сахарадағы мұсылмандық туралы»
- «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы»
- «Он сегізінші ғасырдағы батырлар туралы тарихи аңыздар» т.б. еңбектерінде жинақталып талданған.
- Ғалым қазақтың аңыз – әңгімелерінде ерте заманғы адамдардың **дүние,табиғат, өмір, туралы түсініктері, космологиялық ұғымдары, топшалау-толғамдары, әдет-ғұрыптары, ырым-нанымдары, діни сенімдері** бейнеленгеніне көңіл бөледі.

Ол ерте замандағы аңыздарды тексере отырып, оларда түсінік – ұғымдар қалыптасуындағы ізденістерге назар аударады.

«Өлімнен қашудың өзі, алланың жазымышынан бас тарту – ислам діні бойынша күнәкәрлік, есте болмайтын нәрсе, ал шамандық халықтардың аңызының көбісі өлімнен қашу...» (Ш. Уәлиханов).

Шоқан дүние жүзі әдебиетін көп оқыған, шығармаларына пікір айтқан, зерттеген.

Ағылшын, француз, неміс, орыс және түрік тілін жетік білген.

Шоқан француз халқының ҮШҒ. Роланды туралы жырын, Грецияның «Илладасы» мен «Одессеясын», үндінің «Рамаянасын», кавказдың «нарттарын», қарақалпақтың «Қырық қызы» мен қырғыздың «Манасын» зерттеп, олардың мазмұнымен толық танысқан.

Шоқан 1856ж. М.М.Хоментовский басқарған экспедицияға қатысқан сапарында

Манасқа назар аударады.

Іленің басындағы Манас жорық жасады деген қаланың орнын барып көреді.

Кейінірек «Манасты» айтушылардан негізгі нұсқасын жазып алып, **«Көкетай ханның асы»** деген тарауын алғаш рет орыс тіліне аударады.

««Манас» - бүтін бір халықтың шығармасы, соның көп жылдық творчествосының жемісі – дала «Иллиадасы» десе де болғандай» - деп Шоқан бұл жырды жоғары бағалаған.

Қазақ өлеңдерінің халықтығы жайлы құнды пікірлер білдіруде Шоқан халық әдебиетінің бағалы нұсқаларын жасай білген және ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілерін жырлаған Орынбай, Шөже, Жанақ, Арыстанбай, Құрымбай сияқты ақындардың еңбектеріне жүгініп, мысалдар келтіреді.

Қазақ поэзиясының жанр, түр, өлең құрылысын зерттей келе, мұндай ғажап дүниені орыс ғалымдарына таныстыруды мақсат тұтқан.

Шоқан қазақ өлеңдерін бес түрге бөледі:

- ☐ **жыр**
- ☐ **жоқтау**
- ☐ **қара өлең**
- ☐ **қайым өлең**
- ☐ **өлең**

Өлең құрылысын жыршылардың **қобыз не домбыраға** қосып айтуына қарап жүйелейді.

Өлеңге, әсіресе, суырып салма өлеңге бейімділік барлық көшпелі елдердің өзіне тән ерекшелігі екенін анықтайды.

«Не ексең, соны орасың»

- ✓ «Ексең егін, аларсың тегін»
- ✓ «Еңбегі көптің - өнбегі көп»
- ✓ «Ақыл сақалда емес»
- ✓ «Құл князьдан артық біледі, бірақ айтуға дәрмен жоқ»
- ✓ «Өткір пышақ қынға қас, өтірік сөз жанға қас»
- ✓ «Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң, каларсың ұятқа»
- ✓ «Ақыл – дария екен, көңіл – дүлдүл екен»
- ✓ «Сусыз жерде қамыс жоқ, азған елде намыс жоқ» т.б. мақал-мәтелдердің

ұтымды, ұтқыр жақтарына Шоқан ерекше зер салған.

Шоқанның өзі туған халқы алдында сіңірген еңбегін бірер сөзбен былай түйіндесек болады: ол халқын өзін өзі тануға, өзін өзі түсінуше шақырды, сөйтіп, арманының орнына барынша ғылымды игеру мәселесін қоя білді.



- 1) Шоқан Уәлиханов «Қазақ халық поэзиясының түрлері жөнінде» еңбегінде поэзияны түрлерге бөлуі: жыр, жоқтау; қайым өлең, қара өлең, өлең.
- 2) Шоқанның хаттары: Ф.М.Достоевскийге, А.Н.Майковке, Г.А.Колпаковскийге.
- 3) Ш.Уәлиханов ел мәдениеті туралы көлемді еңбектері: «Шаман дінінің қазақ арасындағы қалдықтары», «Елдегі мұсылманшылдық туралы», «Құлжа күнделіктері».
- 4) Ш.Уәлихановтың фольклорлық келбетін танытатын еңбектері: «Өлі мен тірі», «Абылай мен оның батырлары туралы аңыз», «Ұлы жүз қазақтарының ертедегі аңыздары».
- 5) Ш.Уәлиханов туралы еңбектеріне енгізген ойшылдар: А.И.Герцен, Г.Потанин, К.Губарев.
- 6) Шоқан және оның еңбектері туралы зерттеулер жазған қазақ ғалымдары: М.Әуезов, Ә.Марғұлан, С.Мұқанов.
- 7) Ш.Уәлихановтың саяхаттары: Тарбағатай, қырғыз еліне, Қашқария.
- 8) Ш.Уәлихановтың ғылыми очерктері мен күнделіктері: «Құлжа күнделіктері», «Алтын шаһар», «Қашқария туралы».
- 9) Ш.Уәлиханов еңбектерін бастырып шығарған орыс зерттеушілері: Г.Н.Потанин, И.Веселовский, П.М.Мелиоранский.
- 10) Шоқан еңбектерінің шетел тілдерінде жарық көруі: француз, ағылшын, неміс.
- 11) Шоқанның көркем әдебиеттегі бейнесі: Романда (С.Мұқанов), пьесада (С.Мұқанов), повесіте (С.Бегалин).
- 12) Шоқан Уәлиханов қазақ өлеңдерінің құндылығы жайында көптеген ақындардың еңбектеріне жүгінеді: Орынбай, Жанак, Шөже.
- 13) Шоқан Уәлиханов дала өмірін жырлаған елдердің поэзиясын салыстыра негізгі ұқсастықтарды айтады: көшпелі ел тұрмысы, сұлу табиғат, рулық тартыс.
- 14) Шоқанның Қырғыз Алатауына екінші сапарының нәтижесінде жазылған еңбектері: «Жоңғария очерктері», «Қызғыздар туралы жазбалар», «Қытай империясының батыс провинциясы және Құлжа қаласы».
- 15) Шоқан Уәлихановтың еңбектері: «Қырғыздар туралы қолжазбалары», «Қазақтардағы шамандықтың қалдықтары», «Қырғыздың шежіресі».

10 Ыбырай Алтынсарин (1841-1889)

Ыбырайдың оқу-ағарту жұмысына, әдеби-этнографиялық, публицистикалық және басқа шығармаларына кезінде саликалы баға беріп, ықыласпен насихаттаған, 1876-7906 жылдары шығып тұрған «Оренбургский листок» деп аталатын бұқаралық әдеби газет болды. Оның редакторы Иван Ильич Евфимовский-Мировицкиймен (1839-1905) Ыбырай Алтынсарин жақсы таныс еді. Ыбырай өзінің белгілі «Қазақ хрестоматиясын» Орынбор қаласындағы баспада дайындағанда одан баспаханалық түзетулер жөнінде кеңес алып отырған И.И.Евфимовский-Мировицкий қазақ даласы, «оның ішінде Торғай облысын зерттеп, көптеген бағалы мақалалар жазған, сөйтіп, қазақ қоғамын орыс жұртшылығына таныту барысында едәуір еңбек еткен адам көрінеді». Ол редактор-шығарушы ретінде қазақ халқының тамаша ұлының ағартушылық және әлеуметтік еңбектерін кезінде лайықты бағалай да, бар болмысымен түгел түсіне де білген. Мысалы, 1879 жылы И.И.Евфимовский Ыбырай Алтынсарин туралы былай жазды: «Ибраһим Алтынсарин мырза дала тұрғындарының халық ағарту сияқты аса ұлы ісіне, бұлардың қай-қайсысынан да бар жанымен, бүкіл күш-жігерімен еңбек етіп, көп жетістікке жетті. Ол қазақ

тілінде кітап жазып шығарды, бұл кітап орыс алфавиті негізінде басылып шықты. Дала өмірінің нағыз ортасында, Торғайда болған кезінде қызмет бабымен ел аралап жүріп, Алтынсарин өз халқын тереңірек танудың бірде-бір мүмкіндігін бос жіберген жоқ» - деп жазды Ә.Дербісалин.

Оның әдеби шығармалар жинағы, қазақ-жазба әдебиетінің төл басы «Қазақ хрестоматиясы» алғаш рет 1879 жылы Орынбордан жарыққа шыққан. Бұл кітап патша әкімшілігінің тергеп-тексеруге қойған сан-салалы сатыларынан сүрінбей өтті. Ақыры патшаның халық ағарту министрі Д.А.Толстой: «Баспаға ұсынамын», - деп қол қойды. Бұл тұңғыш кітап «сол кездегі дала тұрмысы үшін ең үлкен тиражбен – 2000 дана болып, орыс алфавиті негізінде басылып шықты. Оның бар шығынын оқу министрлігі өз мойнына алып, сатылатын орындары туралы «Оренбургский листок» газетінде арнайы хабарлама жасады. «Ыбырай Алтынсарин жазып шығарған оқулық тек Бөкей ордасы, Орал және Торғай облыстары мектептері үшін ғана емес, Түркістан өлкесі мен Батыс Сібір қазақтарына арналған. Олар да оқу-білімге талпынып отыр ғой» - деп жазды Әсет Ламашев.

«Қазақ хрестоматиясы» кейін 1896, 1899 жылдары «Махтубат» деген («Хаттар» - деген мағынада) атпен біраз қысқартылған күйінде араб алфавиті негізінде жарияланды. Ыбырай Алтынсариннің ізбасары болған А.В.Васильев орыс алфавиті негізінде біраз өзгерістер енгізіп, 1906 жылы қайта жариялады.

Ыбырай Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясына» енген шығармалары Ұлы Октябрь революциясына дейінгі ресми баспасөз беттерінде көп болмағанмен, оқтасанда жарияланып отырғанын атап өтуіміз керек. «Кел, балар, оқылық!», «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңдері «Оренбургский листок» газетінің 1879 жылғы желтоқсан айының 2-жұлдызында, И.А.Крыловтың «Қарға мен түлкі» мысалының Ыбырай аударған нұсқасы «Дала уәлаяты» газетінің 1892 жылғы қазан айының 24-жұлдызында жарияланды. Ысқақ Шүленбаев дегеннің түсініктемесімен Ыбырайдың «Қазақ хрестоматиясына» енген «Лұқпан хакім» аңызының бір нұсқасы «Дала уәлаяты» газетінің 1894 жылғы 3-санында басылып шықты.

Айта кету керек, оның шығармалары үстем тап өкілдеріне үнемі ұнай бермеді, ислам діні өкілдері Ыбырай Алтынсаринді «шоқынған, құран жазуына қарсы шыққан «кәпір», - деп сөкті, алайда, ағартушының тәрбиесін көрген жас қауым, қазақ оқығандары, оны мен солын түсінетін «көзі ашықтар» ұлы педагогті барлық уақытта да қоштады, оның көзқарастарына өз сүйіспеншілігін білдіріп отырды. Мысалы, Торғай облысы қазақтары 1884 жылы сәуір айының 26-жұлдызында «Оренбургский листок» газетінде «Әдеби тұрғыдан қарағанда Алтынсаринның қазақтар үшін маңызы» деген арнайы мақала жариялап, онда былай деген: «Автордың «Өсиет», «Жаз», тағы басқа да өлеңдері, сондай-ақ халық арасынан жинаған шығармалары барлық жерде авторға деген сүйіспеншілік пен тілектестікті арттыра түсуде. Мұндай ағартушылық сипаты еңбек ұмытылмауға тиіс. Біз, қазақтар, Алтынсаринның осындай еңбектері мен қазақ халқына сүйіспеншілігі үшін оған алғыс айтуды өз міндетімізге алып отырмыз... Біздер Алтынсаринның ісінен бүкіл халықтың сипатын, оның рухы мен ақылын, адамгершілігі мен мінез-құлқын, тұтас алғанда, оның барлық

өмірін көреміз. Осыдан бастап, біздің көшпелі Азия фанатизм мен діни сенімдерді ысырып тастап, прогресс жолына түсті, өмір сүрудің нағыз дұрыс жолын таңдады деп ойлауға болады.

«Қазақ хрестоматиясының» пайда болуы Ыбырайдың ағартушылық қызметімен тығыз байланысты. Хрестоматияның жаңа ашылған метептер үшін арналып жазылуының өзі осыны дәлелдейді. Ыбырай бұл еңбегінде көркем шығармалары арқылы өзінің ағартушылық және педагогикалық идеяларын толық көрсете және насихаттай алды.

«Қазақ хрестоматиясы» 1876 жылдан бастап жазылып, 1879 жылы аяқталды. Бұл кезең Ыбырай Алтынсариннің көркем шығармаларының жазылған кезеңі болып саналады.

«Қазақ хрестоматиясын» Ыбырай Алтынсарин: «татар тілінде жазылған кітаптардан құтылу үшін» жаздым дейді. Ағартушының хрестоматияға бұлайша маңыз беруі біраз нәрсені аңғартады. Қазақ даласында діни оқудың кең тарауына татар молдалары мен татардың діни кітаптарының едәуір әсерін тигізгені мәлім. Ыбырай «татар тіліндегі кітаптардан құтылуды» мақсат еттім деп көрсеткенде, сол діни кітаптарды қоғамдық өмірден шеттеуді, сол арқылы жалпы діни сенімдерді әлсіретуді, қазақтың ұлттық тілінің беделін көтеруді көздегенін білдіреді. Әйтпесе ағартушы татардың халқын жек көрген емес. Мұның өзі Ыбырайдың әдеби еңбегінің діни идеаларға қарсы айқын демократиялық мақсатта туғанын танытады.

Хрестоматияны алғашқыда екі кітап етіп шығаруға жобалаған еді. Екінші кітабында «қазақтың төл әңгіме, аңыздарынан басқа табиғат сыры мен жалпы тарихы жөнінен, география, өндіріс техникасы жөнінен және кеңес ісін жүргізу үлгілерінен мақалалар» беруді көздеген болатын. Бірақ бұл екінші кітабын ол толық аяқтай алмады. Оның жазылып біткен жеке тараулары ағартушының өзі қайтыс болғаннан кейін, қолжазба күйінде жоғалып кеткен. Бұл кітабына ағартушы айрықша үміт артқан еді. «Қазақ халқының қазіргі жағдайында маңызы күшті болатын бұл еңбекті, - деп жазды ол 1880 жылы, ойдағыдай орындап шығуыма құдай тек өмір мен күш беретін болсын, мұны жақсылап қолдана білсек, бұл қазақ даласына көп өзгеріс енгізеді» - деп жазды М.Жармұхамбетов.

Ыбырай Алтынсаринның әдеби көзқарастарының белгілі жүйеге келіп, айқындала түсуі кезең жағынан алып қарағанда, оның ағартушылық еңбектерінің басталу мерзімімен шамалас. 1862 жылы Ыбырай Алтынсарин жаңа типті мектеп ашу мақсатына әлі де жете алмай жүрген кездің өзінде қазақтар үшін «... өздеріне түсінікті тілде жазылған, оқығанда ақыл беріп, ой түсіретін кітаптар керек» деп жазған болатын. Ыбырай бұл пікірінде, сөз жоқ, діни оқуға, қазақ молдаларының діншілік әрекеттеріне тек ағартушылық тұрғыда ғана қарсы шығып қоймай, халыққа ұсынылатын жалпы кітаптың да, не көркем шығарманың да озық тәрбиелік мәнде болуын талап еткен еді. Осы арқылы ол өзінің әдебиет туралы көзқарасын байқатқан еді. Ыбырай да, басқа ағартушылар сияқты әдебиеттің қоғамдық өмірдегі тәрбиелік маңызына айрықша мән берді. Оның пікірінше, әдебиет халықты сауаттандыра отырып, оны білім мен мәдениетке қарай жақындатуы керек, өмірге көзқарасын

тәрбиелеп, қоғамдық санасын жетілдіре түсуге міндетті. Ыбырайдың оқушының «ақыл, ойын кеңейте түсетін кітаптарды» - шығармаларды талап етуі оның осы негізгі мақсатынан туған.

Ыбырай шығармаларының әлеуметтік мазмұны мен идеялық бағытына көңіл бөлсек, даусыз бір мәселені байқаймыз. Ол – жазушының әдебиеттегі қоғамдық құбылыс ретінде бағалай білуі. Ыбырайдың әңгімелері мен өлеңдері аз да болса, тікелей өмір мәселелерін суреттеуге арналды. Сол кездегі ескішіл ақындардың шығармаларына тән діни уағыздаулар, қоғамнан, халық тілегінен тыс мәселелер бос қиял мен үмітсіздікке, дәрменсіздікке бой ұру, дараланушылыққа салыну, өмірден торығу, т.б. Ыбырай шығармалары үшін мүлде жат құбылыстар. Жазушы шығарманың тақырыбын күнделікті өмірдің өз ішінен алып, оған өзінің озық ойлары тұрғысынан баға беруге талаптанады. Бұдан оның жаңа идеяларды қоғам ішінде кеңінен жая түсу үшін көркем әдебиетті бірден-бір күшті құрал ретінде танығанын және шебер пайдаланғанын көреміз.

Ыбырайдың әдеби еңбектерінің жинағы – «Қазақ хрестоматиясы» ағартушылық мақсатта жазған екі өлеңімен ашылады. Автор бұл шығармаларын кітаптың өз кезіндегі басылуында «Сөз басы» деген атпен жариялады. Қазіргі кезде олар «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер-білім бар жұрттар» деген атаулармен айтылып, жұртшылық ұғымына сіңісіп кетті. Ыбырайдың бұл екі өлеңді кітаптың алғашқы бетінде беріп, «Сөз басы» деп атауында белгілі бір айқын мақсат бар сияқты. Бүкіл өмірін халық ағарту ісіне арнаған Ыбырай әдеби еңбектерінде де сол негізгі идеяларын жүзеге асыруды көздеді, халық ағарту мәселесін шебер көтере алатын шығармаларды көптеп жасауға баса назар аударады. Ол өнер-білім жағынан мешеу сатыда тұрған қазақ халқы үшін ғылым мен техниканың жетістіктерін насихаттай алатын қысқа көлемдегі поэтикалық шығарманың қажеттігін сезінді, ондай еңбектердің ел арасында кеңінен жайылып, жатталып кететініне, сол арқылы бүкіл халыққа әсерін тигізетініне сенді.

XIX ғасырдың 2-ші жартысында жарияланған «Сула миф», «Тәкаппар әскер туралы», «Ғашықтығы һәм данышпандығы Соломонның», «Испанияның бұрынғыдан қалған сөзі», «Қытай патшасының уәзірінің қызы» тағы сондай аңыз-әңгімелер шет елдіктер өмірінің әр саласынан қазақ тыңдармандарына хабар береді.

Ыбырай «Қазақ хрестоматиясындағы» көп әңгімелеріне шетел тақырыбын мол енгізген. Ыбырай Алтынсаринның Коменскийдің «Ұлы дидактикасы», Реклюдің «Жер, құрылық және мұхит», Ушинскийдің «Балалар әлемі» кітаптарын өте ұқыпты пайдаланғаны жасырынбаған. Бірақ Ыбырай Алтынсарин тек үйренуші ғана емес, өз алдына нәзік педагогикалық шешімдер қабылдаған, өте шебер дидактик болып қалыптасқаны күмәнданбауымыз керек-ақ.

Ыбырай шетел тақырыбын іріктеуде аса талғампаздық көрсеткен. Орыс материалдарын ой елегінен өткізіп, халқымыздың мінез - психологиясына, көшпенді тіршілік ырқына көнетін материалдарды екшеген.

Егер Ыбырай орыс тілінен алынған кейбір материалдардың мазмұнын,

кейіпкерлер аты-жөнің қазақ жастары ыңғайына икемдесе («Асыл шөп», «Аурудан аяған күштірек»), ал шетел тақырыбындағы әңгімелерде мұны істемеген. Неге? Неге сол – Ыбырай Алтынсарин сірә, дидактиканың ең күшті жағы, ең нәзік тұсы – пәнаралық байланысты мықты ескерген бе деп ойлаймыз. Өйткені «Зиректіктегі» Броун, «Дүние қалай етсең табылады дағы» Антон, «Тәкаппаршылықтағы» Вениамин Франклин есімдері естілуі және айтылуы өте қиын болса да, батыл қолданған.

Шетел тақырыбын көтерген әңгімелердің берілуі де педагогикалық жағынан ұтымды. Бұл әңгімелер жас өспірімді ата-анаға мейірімді болуға, зеректікке, бақылағыштыққа, көз сатпай, тер сатуға үйретеді. Ғалым ұстаз әсіресе, көне шығыс әңгімелеріндегі иман-уағыз, өміршең-зәру мәселелеріне көп көңіл бөледі. Тәржімә шығармалардың тақырыптары да тәнті: «Үнді» әңгімесі балалар детективіне, ал «Данышпан қазы» әңгімесі философиялық – халық даналығына құрылған. Әңгімелер шәкірттерді терең ойлануға, жіті қадағалауға үйретеді. Жіті үңілген жанға әйгілі «Қазақ хрестоматиясы» шетелдер өмірінің хроникасы іспеттес. Географиялық анықтамалық міндетін де атқаруда. Жас ұландар көне Қытай, ежелгі Үнді, кәдімгі қызылбас (Фарсы елі) елдеріне ойша саяхат жасайды, Европаның Версаль, Брюссель, Лондон, Мадера қалаларын аралайды. Түрлі өмірлік жағдайларға тап болады, қиындықты жеңуді, түрлі өмірлік тағлым алып, өнеге жинақтайды.

Шетелдік хикаяларды шағын әңгіме, мысал, нақыл, өсиет-үгіт, миф-ертегі түрінде беруде Ыбырай зор зергерлік көрсеткен. Шағын шығармалар арқылы шалқар шындықты танытып, шалғайды қазақ жас өспірімдеріне тіптен жақындатқан. Әңгімелердің тілі таза, тәлімі тәтті. Шығармалар шәкірт жадына тез сіңеді, жадыға тез тұтынады, жылдам түсініледі. Міне, сондықтан да болса керек, заманы бөлек характерлер әлі күнге дейін эстетикалық дәмін бұзбай, жас өспірімдерді жан-жақты тәрбиелеуде әлі қадір-қасиетін жоймай келеді.

Ыбырай Алтынсаринның «Мұсылманшылықтың тұтқасы» («Шараит-ул-ислам») атты еңбегі 1884 жылы Қазан қаласында араб әрпімен жарық көрген соң, қайтып басылған емес. Ұлы ағартушымыздың төл еңбегі аттай ғасыр бойы бес – алты толқын ұрпақтың танымынан тыс қалып, архивтің қараңғы қоймасында сақталып келді.

Жетпіс жыл бойы кеңестік дәуірдің ықпалында болған қазақ мектептері діни біліммен өзінің іргесін аулақ салып келген болса, Ыбырай сол кездің өзінде-ақ оқыту ісін дінтанудан, мұсылмандық тәрбиеден бөлген жоқ. Мектепте дін сабағының дұрыс та сауатты жүргізілуіне қамқорлықпен қарады. Құдай парызын оқытуға арнап, «Мұсылманшылықтың тұтқасы» атты кітабын дін оқытушыларына әдістемелік көмек ретінде ұсынды.

Күні кешеге дейін атеистерді тәрбиелеп, тіпті Ыбырайдың өзін атеист етіп сипаттаған, мектептен діни білімді алшақтатып келген біздің қоғамымыз үшін «Мұсылманшылықтың тұтқасы» нағыз инновациялық туынды – деп жазды Тана Әуелбекқызы.

Бұл кітапты жарыққа шығаруда Ыбырай орыс миссионерлері тарапынан талай тосқауылға тап болды. Ильминский Ресей империясы мектептерінде оқытылатын дін сабақтарына оқулық есебінде жазылған бұл еңбекті де «Қазақ

хрестоматиясы» сияқты орыс әрпімен бастырып шығару керек дейді. Ыбырай Алтынсарин бұған батыл уәж айтады: «Бұл арада тағы бір ескерте кетуге қажет нәрсе – мұндай оқу құралы, менің басында ойлағанымдай орыс әрпімен жазу мүмкін емес, өйткені мұндай дін кітабы, шарифат тұрғыларына толық сай құрастырылғанымен де, сыртқы жағынан қарағанда мұсылманша болмаған соң, қазақ арасында сенімді болмас еді, әр түрлі қолайсыз әңгімелер туғызар еді».

Ыбырай Алтынсаринның «Мұсылманшылықтың тұтқасы» кітабы араға бір ғасырға жуық уақыт салып барып, 1991 жылы «Қазақстан» баспасынан басылып шықты. Кітаптың алғы сөзінде жазушы Ақселеу Сейдімбек бұл еңбектің жазылуының екі түрлі себебі болды деп, бірін сол кезеңдегі мектептегі дін сабағына арналған оқу құралы есебіндегі міндетімен, екіншісін, сол кездегі қазақ әдеби тілінің таза орнығуы жолындағы мүддеден туған міндетпен орынды байланыстырды.

Ыбырай Алтынсаринның кезінде өзінің жазған түсініктемесінде кітаптың мақсаты анық көрсетіліп тұр: «Біріншіден, қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін, ал екіншіден, қазақтың жазба тілінде татар тілі орынсыз етек алуына жол бермеу үшін мен соңғы кезде Мұхамбет шарифатын үйрене бастап... осы оқу құралын құрастыруға кірістім». Бұл жерде «теріс бағыт» деп Ыбырай Алтынсарин дінді шала, дүмшелікпен ұғындыруды айтып отыр.

Еңбектің біссімлләсі Абай айтқандай «Махаббатпен жаратқан адамзатты» бір құдайдың алланың құдіретін мадақтаудан басталады, Мұнан соң мақтау Мұхаммед Мұстафа салла аллаһу аллаһи уассаламға арналады. «Ләкин ислам мәнісін білмек әрбір мұсылманның өз басына парыз түспейді. Парыз түсу түгіл бұл мұқтаж шарттарды білмеген кісі мұсылман да болмайды. Құдайтағала өзі сақтасын, соның үшін бізбен қатар татар, түркі уа ғайри халықтар аят хадистің мұқтаж керекті бұйрықтарын өз тілінше көшіріп, түсінетін кітаптар шығарып, діннің ғылымын жұрттарына жайды. Бірақ біздің қазақ тілінде әркім түсініп оқып немесе біреу оқыса тыңдаған қара халық түсініп отыратын бір де кітап жоқ. Сол себептен жалғыз кітап таныған молдалар болмаса көп қара халық өзінің діні не екенін де кәміл түсінбейді. Хатта көп адам осы қалыпша көпір болып та жүрген шығар. Мұны көріп біз, Фақыр Қыпшақ руының Ибраһим Балғожа биұғлы, қарындас халқымыз қазақ жұртына пайда келтірмек ниетпен һәм қараңғы туғандарымызды түсінікті тіліменен өзінің дінін түсіндіру үшін бұл кітапты жазуға кірістік» - деп жазды Қанипаш Мәдібай.

Еңбектің мазмұны, тілі, жазылу жөні, мақсаты туралы сөзді Абай шығармаларындағы, әсіресе, қара сөздеріндегі дін жайымен Шәкәрімнің «Мұсылманшылықтың шарты» (1911) еңбектерімен сабақтастыққа қозғау, біздіңше, оның құндылығын, тарихи мәнін ашуға тартар тура жолдың бірі көрінеді. Ыбырайдағы, Абайдағы адамды, алланы сүю парызымен имандылық мұсылманшылық жөнімен желілес сабақтас ой иірімдері салыстыра зерттеу нәтижесінде көріне, ашық түсері сөзсіз. Ыбырай мен Абайдың арасындағы екеуін аса туыстырып жіберетін шығармашылық бөлекше бітім тек олардың бұрынғы әдебиетте болмаған көркемдік үрдіс, үлгілерінде ғана емес, осы дүниетанымын, дінтаным, дінге қатыстылық иірімдерінде де өзгеше бүтіндікке

тартып жатқан таным табиғаты.

Ыбырайдың «Мұсылманшылықтың тұтқасы» еңбегі мен Абайдың қара сөздеріндегі діннің мәнін ұғындырудағы, ой құрап, сөйлем құраудағы, тіл қолданыстағы қайсыбір ұқсастықтар мынадай үлгілерде көрінер еді. Ыбырай Алтынсаринның кітабындағы әуелгі бап – «Иман турасында». Осы иманның жайына Абай бірнеше қара сөзінде (12, 13, 28, 36, 38) қайрылып отыратыны белгілі. Осындағы иманды ұғындырудағы тіл стиль ұқсастығы сөйлемдердің етістік – баяндауышының растамақ, сенбек, иланбақ, т.б. түрінде көрінеді. Екі ойшылдың да сөйлем соңында керек көмекші етістігін жиі қолданып отырғаны байқалады. Сонымен, бірге сөйлемнің соңындағы сөздің «деп» болып келуі, «болады екен» деп аяқталуы, «емес» сөзінің жиі кездесетіні, Қазіргі баяндау тілінде басымырақ қолданылатын етістіктің –ды, -ді, -ты, -ті жұрнақтарымен аяқталған сөйлем сирек кездеседі [26, 30].

Мәселен, Абайдың 15-қара сөзіндегі әрбір ой түйдегі «болады екен», «қалады екен», т.б. тіркестерімен тұйықталып отырады. Мұндай орамның Ыбырайда болмауы қара сөзбен «Мұсылманшылықтың тұтқасы» кітабының жанрлық айырмашылығында болса керек. Ыбырай шығармашылығының ғылыми стилі басым. Абай қара сөздері бірде сұрақ-жауап, бірде еркін баяндау, ғылым тілінен гөрі қарапайым тілмен ұғындыру үлгілерінде келіп отырғаны белгілі. Ыбырай бастан-аяқ бір формада жазып шықса, Абай әңгімелесе отырып, айтпағын қоздырып, жандандырып, ой шалып сөйлейді. Ал діни негіздерге анықтама беріп тоқталуында Ыбырай да, Абай да бір үлгіде сөз сатпайды. Бұл гәптің де бірнеше себебі тарата талдауға зәру.

Ыбырай шығармаларындағы дін мазмұнын, діни ағартушылық сарын жөнінде Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаева мынадай ойлар айтқан: «Осы діни құралында Ыбырай Алтынсаринның өлеңдері мен әңгімелеріндегі бірсыпыра ой – пікірлер, сарын - әуендермен сәйкестік, үндестіктер баршылық. Мысалы, оның «Өсиет өлеңдерінде» айтылатын «бәріміз бір адамның баласымыз, жігіттер, бір-біріне қарасаңыз» деген жолдар «Мұсылманшылықтың тұтқасында» мынадай түрде кездеседі: «Дүниеде қанша адам болса бәріміз бір атадан өрбіген ағайынбыз...». «Қазақ хрестоматиясы» қазақ баласы «А» деп, Өліп, биді үйрене бастаған сәттен таныс, ыстық; білімінің бұлақ бастауындай, жақсылықтың, игілікті істің жарасымды жоралғысындай құлаққа сіңісті «Кел, балалар, оқылық!» өлеңі «Бір құдайға сыйынып» деп басталады. Ыбырай өз шығармаларында әрдайым алланы аузына алып отырған. Нұрлы дүние, сұлу жаратылысты жаратқан құдай дегенді айтудан тынбайды.

Құдайға, шүкір айтар жас пен кәрі
Бердің деп жанға рақат мұндай дәрі.
«Жақындар құдайымның көктен күні,
Тең болар жарлықпенен күн мен түні».
«Сәуірдің әрбір күні дертке дәрмен,
Құдайым дәрмен бол деп етер пәрмен...»
«Адамзат сайран етер көңілі жай,
Секіріп ойын салар құлын мен тай

Қой маңырап, сиыр мәңіреп жат болады
Тасиды күркіресіп, өзен мен сай
Аяғын алшақ басып түйе шығар
Жаратқан мұнша таңсық жаббар құдай».

«Оқу білген таниды, бір жаратқан құдайды». «Жаратты неше алуан жұрт бір құдайым». «иманды ер құдайынан ұялады, ұялып иесінен сый алады...» «Ұшпақтың бір сәулесі жерге түсіп, Жақындар құдайының көктен күні». «Жөн білмеген адамға, қыдыр ата дарымас».

Ыбырай Алтынсарин XIX ғасырдың соңына таман қазақ қоғамында мақсаткерлікпен жандана түсіп, дамыған діни ағартушылық ағымның негізгі ұстанымдарын да қалыптастыруға зор ықпалын тигізген бір парасын қазақ арасына исламның негіздерін орнықтыру жөніне арнаған жаратылысы сирек заманалық тұлға.



- 1) Ыбырай Алтынсариннің этика, мінез-құлық, әдептілік, достық идеясына жазылған әңгімелері: «Қарға мен құрт», «Жаман жолдас», «Ақымақ дос».
- 2) Ыбырай Алтынсариннің өнер-білім тақырыбына жазылған өлеңдері: «Кел, балалар, оқылық», «Өнер-білім бар жұрттар», «Балқожаның хаты».
- 3) Ы.Алтынсариннің табиғат лирикасы: «Жаз», «Жаз шыққанда», «Өзен».
- 4) Ы.Алтынсариннің мысал жанрындағы туындылары: «Егіннің бастары», «Екі шыбын», «Қарға мен түлкі».
- 5) Ы.Алтынсариннің сатира жанрында жазылған туындылары: «Аласы ағайынның алаңдатады», «Фітнелік күннен күнге барады асып», «Залым төреге».
- 6) Ыбырай Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясына» енген шығармалар: өлеңдері, әңгімелері, мысалдары.
- 7) Ыбырай Алтынсариннің балаларға үлгі ететін жәндіктері: өрмекші, құмырсқа, қарлығаш.
- 8) Ы. Алтынсариннің «Таза бұлақ» әңгімесінің кейіпкерлері: судагер, молда, келбетті жігіт.
- 9) Ы.Алтынсарин хаттарының негізгі тақырыбы: оқу жұмысының жайы, оқулық шығару, мектеп ашу, елдегі әлеуметтік қайшылықтар және басқа көптеген өмірлік мәселелер.
- 10) Ы.Алтынсариннің хаттары: «Н.И.Ильминскийге», «В.В.Катаринскийге», «Ф.Д.Соколовқа».
- 11) Ы.Алтынсариннің арнаулары: «Кел, балалар, оқылық!», «Әй, достарым!», «Әй, жігіттер!».
- 12) Ы.Алтынсарин әңгімелерінің үш топқа бөлініп қарастырылуы: новелла, ертегі аңыз үлгісіндегі әңгіме, мысал үлгісіндегі өнеге сөздер .
- 13) Ы.Алтынсариннің оқу-ағарту мәселелері туралы жазбалары: «Қостанай бекінісінде қазақ қыздарына арнап мектеп ашу туралы», «Екі кластық мектептің меңгерушісіне нұсқау хат», «Торғай облысы халық ағарту ісінің жайы туралы».
- 14) Ы.Алтынсариннің төл әңгімелері: «Бай мен жарлы баласы», «Киіз үй мен ағаш үй», «Қыпшақ Сейіткүл».
- 15) Ы.Алтынсарин еңбектері: «Мұсылманшылықтың тұтқасы», «Қазақ хрестоматиясы», «Өнер-білім бар жұрттар».

11 Абай Құнанбайұлы (1845-1904)

Қазақ халқының тұтас бір дәуірінің ақыл – ойы мен мәдениетінің, өнері мен әдебиетінің асқар шыңын бейнелейтін кемеңгері Абай Құнанбаев. Абай - өз ұлтының реалистік жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, қазақ поэзиясының қоғамдық дамудың озық деңгейіне бағыттап, өз кезінің шындығын дәл бейнелеп, дұрыс қорытынды шығара білген прогресшіл ақын.

Кемеңгер ақынның ұлы мақсат – мүдделері бізге тамаша әдеби еңбектері арқылы жетті. Абай қалдырған бұл мұралар өз дәуірінің алуан түрлі мәселелерін қамтиды, сол кездегі қазақ қоғамының шын сырын ашты. Абайдың шығармалары - өз дәуірінің келелі мәселелерін реалистікпен суреттейтін, мазмұнға бай, ізгі ойға толы, шебер тілді көркем туындылар.

Абай шығармалары (бір-екі өлеңінен басқасы) қолдан көшіріліп, қол жазба күйінде не жатқа айтылу арқылы ғана дараланды. Ақын өлеңдерін шағын жинақ ретінде 1909 жылы Кәкітай Ысқақов бастырған еді. Ал одан кейін 1917 жылы Құрманов дегеннің редакциясы бойынша Абайдың таңдамалы өлеңдерінің шағын жинағы Орынборда басылып шықты.

Россия географиялық қоғамы Абай туралы мәліметтерді ерте кезден-ақ бере бастады. 1906 – 1907 жылғы «Хабарларында» ақынның суретін және ол туралы мақала жариялады. Ал 1917 жылы сол қоғам А.Н.Веселовскийдің құрметіне арнап шығарылған «Шығыс жинағының» үшінші бөлімінде ақынның кейбір өлеңдерін бірінші рет орыс тіліне аударып басты.

Абай ақындық жолға бет бұрғандағы алғашқы сөзін орыс мәдениеті мен білімінен үйренуге, оның маңызын насихаттауға арнады. Оның «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңі бұл тақырыптағы тұңғыш шығармасы болумен қатар, ақынның сөз өнері жолындағы жаңа ізденісін де танытады. Абай мұнда ақынға керек ғылым жайын сөз етеді.

Абай дін жайын, адамның жартылыс сырын өлеңде де, қара сөзде де көп қозғаған ойшыл. Ол шығармаларда ислам дүниетанымын, ислам негіздерінде жатқанын арнайы, кең, әрі ғылыми негіздерді, исламның ғылыми, танымдық қағидаларын ескере отырып, ендігі кезеңде соны пайымдаулар жасаудың қажеттілігі айқын сияқты.

...Көңілге шек мүбәлі ой алмаймын,
Сонда да оны ойламай қоя алмаймын,
Ақылдың жетпегені арман емес,
Құмарсыз құр мүлуге тоя алмаймын.

1898 жылы жазылған өлеңі «Өлсем, орным қара жер» М.Әуезовтың түйіндеуінде Абай өмірінің соңғы шағының үлкен қорытындысы.

1902 жылғы «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген өлеңінде де ақын дін, исламият жайын қорғайды. Адамзатты махаббатпен жаратқан алланы сүюге тартады.

...Махаббатпен жартқан адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жөннен тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті.

Абай қазақ жеріндегі теңсіздікті, тағы басқа қайшылықтарды түсіне білді. Оны өзінің бойындағы ақындық шабыттың бар күшімен жырлады. Бай мен кедейдің арасындағы тұрмыс қайшылығын, дәулет теңсіздігін көрді. Өзінің «Күз», «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» деген өлеңдерінде қазақ кедейлері мен байларының өмірін салыстыра бейнелеп, кедейлердің аянышты халін аша суреттеді. Кедейдің үй ішінің көрінісін ауыр тұрмысына ұштастыра реалистікпен бейнеледі.

Кедейдің өзі жүрер малын бағып,
Отыруға отын жоқ үзбей жағып.
Тоңған үйін жылытып, тонын илеп,
Шекпен тігер қатыны бүрген қағып.

Қожасының малының соңында ауыр азапта жүрген кедей тұрмысы, оның реңсіз үй іші, құлазыған үйде бүрсен қағып, тай терісін илеп, шекпен тігіп отырған әйелі көзіне елестейді. Абай А.С.Пушкин мен М.Ю.Лермонтовтың реалистік әдістерін жете меңгерген еді. Осы әдіспен қазақ ауылының тұрмысына тән көріністерді бейнелейді. Әлеуметтік өмір шындығын жырлады. Мәселен, ол оқушыларға кеңінен мәлім «Жаз» деген өлеңінде тек көкрай шалғын, бәйшешек басқан даланы, не үйрек ұшып, қаз қонған қоғалы көлді жалаң суреттемей, көл жағасын жайлаған құлан тайлары, маңыраған малымен қонып жатқан қазақ байларының салтанатын қоса суреттейді.

Абай шығармаларында халық поэзиясының көркем тілі, қанатты сөздері көп кездеседі. Мысалы, халық аузында иі кездесетін теңеу, эпитет, метафораларды Абай мол қолданады. Ақынның «Қар аппақ, бүркіт қара, түлкі қызыл, ұқсайды қоса сұлу шомылғанға». «Сен жаралы жолбарыс ең, мен киіктің лағы ем», «Қақтаған ақ күмістей кең мандайлы, аласы аә қара көзі нұр жайнайды» деген және тағы басқа сол сияқты жолдарындағы теңеу, эпитет, метафоралар, образды сөздерінің негізі, сайып келгенде, әрине, халықтық. Өйткені, халықтың мақал – мәтелдерін, импровизаторлық поэзияның кейбір үлгілерін орынды пайдаланды. Бұл да Абай поэзиясының халықтығының және реалистігінің бір сипаты еді.

Абай өлеңдері – тіл жағынан ерекше көркем. Ол – қазақ тілінің лексикалық байлығын жете меңгерген ақын. Абай, әсіресе, қазақ тілін діни сөзбен шұбарлаушыларға өте-мөте наразы болды. Ол тіл бүлдірушілерді қатты сынға алып, өзі қазақтық әдеби тілін байытты. Ақынның:

Бөтен сөзбен бұлғанса сөз арасы,
Ол ақынның білімсіз бейшарасы, -

деп келетін атақты өлең жолдары бәрімізге жақсы таныс.

Сөйтіп, Абай «тілге жеңіл жүрекке жылы тиетін», айналасы теп-тегіс өлең кестесін жасап берді.

Абай поэзиясының тілі туралы алғаш ғылыми пікір қозғаған профессор Құдайберген Жұбанов: «Абай тілінің сөздігі, грамматикасы, Абай өлеңінің өлшеуі, ырғағы, ұйқасы, Абай суретінің бейнесі – бәрі бірге қосылып та, бірге тұрып та, жеке тұрып та негізгі тақырыптық күйіне билеп тұраты... Өлеңінің өлшеуі мен ұйқасына кіргізген сыртқы өзгерісінің өзі тек өздігінен бола салған іс емес. Абайдың барды сынай отырып, соған тартқанынан туған межесі» деген

орынды пікілер айтып, ақын жаңалықтарын ғылым тұрғысында тұңғыш танытты.

Абай поэзиясындағы бірнеше әдіспен, маңызды тақырыптар түйісіп, шоғырланып келетін өлең – «Сегіз аяқ». Бұл өлең өз басының мұңын шаққан ақынның арнауынан басталады. Ол сөз өнерін:

Жүректен тербеп,
Алыстан сермеп,
Шымырлап бойға жайылған,
Қиуадан шауып,
Қиыннан тауып,

Тағыны жеңіп қайырған, - деп жырлай келіп елдің берекесін кетіріп, көзін аштырмай отырған бір – бірімен дауласу, қастасу, өтірік ауыз беру секілді жаман әдеттер бар екенін нақтылап көрсетіп:

Таласып босқа.
Жау болып досқа,

Қор болып құрып барасың, - деп өкініш білдіреді.

Абайдың табиғат лирикасы өлеңдерінде ақынның ой – сезімі, жан – дүниесі де терең ашылған. Ол өзінің шығармашылығында жыл маусымдарының: қысты, күзді, көктем мен жазды береді. Табиғат лирикасының ішінде өзгелерден тақырыбы жағынан оқшаулау туған өлең – саятшылық өнерді өте көркем, келісті бейнелейтін «Қансонарда шығады аңға». Бұл өлеңде Абай аңшының құс салып түлкі алуын түрлі – түсті бояумен бейнелеген суреттегідей көзге айқын елестете сипаттаған.

Абайдың табиғатты суреттеудегі туындылары күзге арналған. Көшпелі елдің күзгі тіршілігі мен табиғатының жүдеу көрінісін ақын былайша суреттейді:

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айырылған ағаш қурай.

Абай шығармалары біз үшін аса қымбат мұра екедігін, Абайдың қазақ әдебиетінің тарихында ерекше орны бар, әдебиет тілдің негізін қалаған классик ақын екендігін дәлелдейді. Сондықтан оны Мұхтар Әуезов «Қазақтың классикалық әдебиетінің атасы, қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі» деп орынды атаған.

Абай – XIX ғасырдағы ағартушыларының озық идеясын қазақ жеріне алғаш әкелуші. Олардың тамаша шығармаларын өз халқы тіліне аударып таратушы.

Абайдың қазақ мәдениеті мен әдебиеті тарихынан алатын орны да оның шығармашылық жан – жақтылығымен, тереңділігімен, ағартушылық, ақындық еңбегінің зор маңыздылығымен белгіленеді.

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы абайтану мәселелері

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы әдебиет тарихының үлкен бір саласы - Абайтану. Зәки Ахметов: «Абайтану кемеңгер ақынның өмірі мен

шығармашылық өнері, философиялық, қоғамдық, эстетикалық көзқарастары, қазақ поэзиясындағы өлең жүйесін, ақындық тілді дамытудағы үлесі, музыкалық мұрасы жайлы сан-салалы зерттеу еңбектерді қамтиды».

Абайдың өмірі мен шығармашылық өнерін зерттеудің алғашқы өнімді кезеңі деп **А.Байтұрсынов, К.Ысқақұлы, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, І.Жансүгіров, Қ.Жұбанов, Ы.Мұстамбайұлы, Ғ.Тоғжанов** секілді әдебиет пен мәдениет қайраткерлерінің зерттеу еңбектерін, мақалаларын атауға болады.

Абайтануды дербес ғылым саласы дәрежесіне көтерген **М.Әуезов** болды.

М.Әуезовтің Абай жөніндегі зерттеулері осы ғылымның мызғымас негізі болып табылады. М.Әуезов **1933 -1957** жылдар аралығында ақын шығармаларын жариялауда, олардың ғылыми басылымын жасауда орасан зор еңбек етті.

1957 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген, М.Әуезовтің басшылығымен және тікелей қатысуымен дайындалған **Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы** абайтану ғылымындағы елеулі табыс болды.

М.Әуезов ұзақ жылдар бойы ізденіп, сан алуан деректерді зерттеп, жүйеге түсіріп, Абайдың ғылыми өмірбаянын жазып шықты.

Кейінгі жылдарда абайтану ғылымы көптеген әдебиетшілер, тіл зерттеушілер, музыка мамандары және басқа ғылым салаларының өкілдерінің еңбектерімен толыға түсті. Абайтану ғылымына

С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Т.Тәжібаев, Қ.Мұхамедханов, М.Сильченко, Ы.Дүйсенбаев, З.Ахметов, Б.Ерзакович, М.Мырзахметов, Ғ.Есімов, Ж.Ысмағұлов т.б. ғалымдар салмақты үлес қосты.

М. Мырзахметұлы мен Л. Әуезовалардың құрастыруымен жарық көрген кітап **«Абайтану дәрістерінің дерек көздері»** деп аталады.

М.Әуезовтің бұл кітабының үлкен тарихи маңызы бар.

Академик ғалымның Абай мұрасы туралы ғылыми-зерттеу жұмыстары мен көркем туындылары, олардың түрлі қолжазба нұсқалары мол.

Ұлы жазушының абайтану саласында жарияланбаған, архив сөресінде сақталынып келген материалдарының өзі әлденеше кітап болатыны белгілі.

М.Әуезовтің абайтану саласындағы ғұмыр бойғы ізденістері екі салада қатар жүргізіледі: ғалымның ұлы ақын мұрасын ғылыми негізде тану бағытындағы зерттеулері жиырма жылға жуық мерзімді қамтыса, Абайдың көркем бейнесін әр түрлі жанрда сомдауға он екі жыл өмірін арнады. М.Әуезовтің бұл кітабында абайтанудың негізін салу жолындағы мол мұрасы жүйеленіп берілген.

I. Абай өмірбаяны

II. Абай шығармаларының текстологиясы

III. Абай мұрасының рухани көздері

IV. Абайдың ақындық дәстүрі

V. Абайтанудың арнаулы курсы

VI. Баяндамалар, сөздер, пікірлер

VII. Абайтану жайлы еңбектерге пікірлер

VIII. «Абай жолы» эпопеясының жүргізілу тарихынан

IX. Түсініктемелер. Комментарии

«Абайды білмек парыз ойлы жасқа» (Ибраһим Құнанбайұлының ғұмырнамасы» деп аталып, оқу құралы ретінде ұсынылған. Бұл кітаптың өзіне тән ерекшелігі бар, дәлірек айтқанда кітаптың атауына сәйкес Ибраһим Құнанбайұлының ғұмырнамасы, яғни Әуезов қаламынан туған Абай өмірбаянының төрт түрлі нұсқасы жүйеленіп берілген.

Әуезов ұлы ақынның ғылыми өмірбаянының алғашқы нұсқасын **1933 жылы** түзген екен. Уақыт өте келе жаңа, тың деректермен толықтырып **1940 жылы** екінші нұсқасын, ал **1945 жылы** ұлы Абайдың туғанына 100 жыл толу мерекесі қарсаңында үшінші нұсқасын жазған. Ғалым **1950 жылы** ақын өмірбаянының ең соңғы төртінші нұсқасын жазған.

Бұл кітап екі бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімде Мұхтар Әуезов және Абай әлемі (алғысөз орнына), Мұхтартану және Абай ғұмырнамасы деген екі зерттеу берілген, бұл екі зерттеудің авторы Мекемтас Мырзахметұлы, ал екінші бөлім жоғарыда айтқандай Абай ғұмырнамасының төрт нұсқасы жайында.

Жалпы қазақ ақындарының арасында тұңғыш рет **Абайға ғана** баспасөзде арнайы өмірбаяндық деректер беріле бастады.

Бұл салада Абайдың тұңғыш биографы - Кәкітай Ысқақұлы. Көптеген Абай шығармаларының дүниеге келу сыры мен жазылу себептерін де өз ортасында кімнен болса да анағұрлым жетік білді. Абай өлеңдерінің қай жылы жазылғанын анықтау жолында да көп еңбек сіңірді.

Кәкітай Ысқақұлы жазған Абайдың тұңғыш қысқа түрдегі өмірбаяны өз заманында елеулі қызмет атқарып, соңыра абайтану тарихынан лайықты орны мен бағасын алды да.

М. Әуезов Абай еліне деректер іздестіру мақсатымен дүркін-дүркін соғып отырған. Тек баспасөзде жарияланған деректерге ғана сүйенгеннің өзінде:

-**1936 жылы** Абай туралы жаңа деректер жию мақсатымен; -**1943 жылы** арнайы ұйымдастырылған экспедицияны өзі басқарып барған;

-**1944 жылы** Е.Ысмайылов бастаған экспедицияны ұйымдастыруға ат салысқан;

-**1945 жылы** Ақмола, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан тарапынан да арнайы экспедиция шығару мәселесін мерейтой комиссиясы алдына қояды.

1924 жылдың өзінде-ақ М.Әуезов Абай шығармаларының тұңғыш толық жинағын құрастырып, Абайдың қазақ әдебиеті тарихындағы алар орнын анықтап алуға ұмтылды.

«Абай», «Шолпан» журналындағы ақын жайлы пікірлері мен Орыс Географиялық Қоғамы Семей бөлімінің Абайға арналған салтанатты кешіндегі «Қазақ әдебиетіндегі Абайдың орны» деген баяндамасы - **осы әрекеттің айғағы.**

Абайтану ғылымына ерекше үлес қосқан ғалымдардың бірі де, бірегейі де академик **Зәки Ахметов.**

Әйгілі ғалым зерттеулерінің ішінде ерекше орын алатын еңбегінің бірі **«Абайдың ақындық әлемі».**

Бұл еңбекте ғалым ұлы Абайдың ақындық тұлғасын, адамгершілік мұраттарын бүгінгі заман ұғым-түсініктері деңгейінде жан-жақты, толық сипаттай отырып, оның шығармашылық мұрасының танымдық, эстетикалық, көркемдік, тағылымдық мәнін жүйелі түрде ашып көрсетуді мақсат еткен.

«Абайдың ақындық әлемі дегеніміз мағыналық ауқымы өте кең ұғым. Абай поэзиясы - өз заманындағы қоғамдық өмірдің ең көкейкесті, ең күрделі және маңызды мәселесін қозғаған, толғаған поэзия. Оның өлеңдерінде, қарасөздерінде қазақ өмірінің көркемдеп бейнеленген телегей теңіз шындығы бар. Абай шығармаларының қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында өзінше бөлек, өрісі аса биік, мүлде жаңа ой-пікір, көркем сезім әлемін ашқаны даусыз. Абайдың ақындық әлемі деп соны айтамыз» (З. Ахметов).

З.Ахметов «Абайдың ақындық әлемінде» көптеген мәселелерді тереңінен қарастырады: «Абайтану белестері», «Ақын тұлғасы, адамгершілік мақсат-мұраты», «Өлеуметтік әуендер», «Ғылым-білім, ақыл-парасат жайлы ойлар», «Махаббат сарындары, сұлулық сымбаты», «Ақындық өнер мен ән-күй туралы толғаныстар», «Поэмалардың сыр-сыпаты», т.б. болып келеді.

Ұлы Абай шығармашылығын, абайтану мәселелерін жан-жақты сөз еткенде назар аударатын мәселелер бар: Абайдың ақын шәкірттері, Абайдың ортасы, ақындық мектебі. Мұның бәрі абайтану мәселесін тек тереңдете түсетіні сөзсіз.

«Абайды ұлы ізашар ақын деп қарағанда, оның шығармашылық дәстүрлерін дамытып жалғастырған ізбасар ақындар деп қазақ поэзиясының бір туар аса көрнекті қайраткерлерінен Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Мағжан, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовты алдымен айтамыз».

Шәкәрімді Абайдың оқу-білім, ғылымды, адал еңбекті, талаптылықты, адамгершілікті уағыздау өнегесін фәлсапашыл ойшылдығын өзінше өрістеткен ақын десек, Сұлтанмахмұтты әсіресе өлеуметтік өмірдің қайшылықтарын, өз заманының шындығын нақтылы түрде, үлкен сыншылдықпен ашып көрсетуі жағынан Абай дәстүрлерін дамытуда өзіндік тың, жаңа өріс тапқан дей аламыз.

Мағжанды айтсақ, ол теңдесі жоқ лирик ақын ретінде Абайдың өз көңіл күйін және жалпы адамның жан дүниесін, ішкі сезімін суреттеудегі дәстүрлерін өзінің сыршылдық шеберлігіне тірек етіп, өзінше жалғастырған деу орынды.

А.Байтұрсынов Абайға қоғам өмірінің бірталай маңызды мәселелер жайлы толғана айтуы және мысалшылдығы жағынан, ал М.Дулатов әсіресе сөз өнерін халықтың санасын оятудың, қоғам көшін алға бастаудың бірден бір күшті құралы деп санаған ағартушылық өнегесі жағынан үндес екенін айтамыз.

Белгілі абайтанушы Қ.Мұхамедханұлы «Абайдың ақын шәкірттері» деп аталатын кітабының алғы сөзінде: «Абайдың ақын шәкірттерінің» 1993 жылы басылған бірінші кітабына: Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл, 1994 жылы басылған екінші кітабына Кәкітай, Көкбай және Уәйіс ақындар енген еді. Мына үшінші кітабына: Әріп, Әсет, Мұқа және Әубәкір ақындар кіргізіліп отыр» - дейді.

Абай саласының қиын да күрделі бір арнасы - Абай шығармаларындағы Шығыстық қайнар көздер.

Абай мұрасының шығысқа қатысы жайлы баспасөзде алғаш жарияланған пікірлер Кәкітай Ысқақов пен «Уақыт» газетіндегі (1908, №388) мақала еді.

Абай мұрасының шығыстық белгілері жайлы абайтану саласында М.Әуезов ең алғаш мақсатты түрде мәселені қойды.

Абайтанушы ғалым М.Мырзахметов өзінің «М.Әуезов және абайтану проблемалары» (1982) монографиясындағы «Абай» мұрасының Шығысқа қатысы М.Әуезов зерттеуінде» деген тарауда былай дейді: «М.Әуезовтің Абай мұрасының Шығысқа қатысы жайлы зерттеулері, ондағы ғылыми ойының қорлану, жетілу, жаңа сапа тауып тұрбірлі пікірлерге бет алу жолына ой жіберсек, әр кезеңде әр түрлі таным тұрғысынан айтылған ой толғаныстарын да көреміз».

С.Мұқанов жазған «Халық мұрасы» атты кітаптың қамтитын ауқымы кең.

«Жазба әдебиет белестері» деп аталатын бесінші бөлімде ұлы ақын жайында

«Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845-1904)» деп аталатын көлемді еңбек берілген.

С.Мұқанов Абай Құнанбаевтың тек қана өскен ортасы, шыққан тегі жайында ғана емес, оның ақындық өнері жайында да кеңінен сөз қозғайды. Ұлы Абайдың әлеуметтік мәселелерді қозғайтын ойшыл өлеңдерінің астарына терең үңіледі.

Абайтану бойынша құнарлы еңбек еткен ғалымдар: М.Әуезов, С.Мұқанов, Х.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов, М.Сильченко, Ә.Тәжібаев, Т.Әлімқұлов, А.Нұрқатов, Ә.Жиреншин, З.Ахметов, Х.Сүйінішәлиев, М.Мырзахметов т.б.

Ұлы ақын өмірі мен шығармаларын ғылымның бұған дейінгі жетістіктеріне сүйене отырып, тереңдеп тексеретін сала-сала тақырыптар бар.

Ол тақырыптардан басым бөлігі ұлы жазушы, үлкен ғалым М.Әуезов өзінің еңбектерінде ертелі-кешті айтып, ескертіп отырған, негізгі ойлар мен желілерді тізіп көрсеткен.

«Дана ақынның өз халқынан және жалпы адам баласының өнер-ой байлығынан алған үш үлкен салалы түп-төркіні барын байқаймыз.

- 1) қазақ халқының есте жоқ ескі заманнан жиып, өсіріп келген өз даналығы, халықтың ауызша әдебиет қоры.
- 2) араб, парсы, түрік тіліндегі шығыстың көркем классик поэзиясы.
- 3) орыс халқының мәдениеті және сол арқылы Еуропа мәдениеті.

Осы соңғы өріске құлаш созған Абай өз заманы үшін әрі жаңа тарих, жаңа дәуірдің басы, әрі кең майдан келешек еді».

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы абайтану тарихы

«Абайтану ғылымының бел-белестері» деп аталатын ғылыми еңбек жазған академик С. Қирабаев:

«Абайтану - қазақ әдебиеттану ғылымының ең көп зерттелген өнімді саласының бірі. Ақын шығармаларының алғаш баспасөз бетінде жарық көріп, оқырман жүрегіне жол табуынан бастасақ, оның бүгін жүз жылдан астам тарихы бар. ...Абайдың алғашқы зерттеушілерінің аты-жөні мен еңбектері соңғы кезге дейін жабық саналып, Абайтанудың алғашқы кезеңі ақтаңдақ

күйінде қалып келді. Тек еліміздің тәуелсіздік алуы жағдайында ғана бұл мәселені ашық әңгімелеуге мүмкіндік туды».

Ғалым былай деп бағамдайды: «Абайтанудың арғы бастау бұлағы, қайнар көзі жайында айтқанда, алдымен Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтың мақалаларын ауызға аламыз. А.Байтұрсынов, 1913 жылы «Қазақ» газетінде басылған «Абай - қазақтың бас ақыны» атты мақаласында: «Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ», - деп Абайды аса жоғары бағалады».

Абай шығармаларын жинап, қағазға түсіріп, реттеп баспаға дайындау ісі ақын қайтыс болғаннан соң ұзамай-ақ қолға алынғанын дәлелдейтін нақтылы деректер жетерлік. 1909 жылы Санкт-Петербургте басылған Абай өлеңдерінің жинағында ақынның жүз қырықтай өлеңдері (аударма өлеңдерін қосып санағанда) және «Ескендір» мен «Масғұт» поэмасы басылған.

Бұл тұңғыш жинақты дайындаған, бастырып шығарған Кәкітай Ысқақұлы мен Абайдың баласы Тұрағұл болатын.

Кейінгі жинақтарды айтсақ, бір топ бұрын жарық көрмеген жаңа өлеңдер 1916 жылы Орынборда Самат Әбішұлы бастырған «Абай термесі» атты кітапта жарияланды. 1922 жылы Ташкентте, Қазанда басылған жинақтар сол 1909 жылы жинақта жария болған шығармаларды қамтиды.

І.Жансүгіров 1923 жылы «Тілші» газетінде Ташкентте шыққан жинаққа сын пікір ретінде «Абай кітабы» атты мақала жазып, бір алуан қате басылған сөздерді қалай дұрыстап оқу керек екендігін нанымды көрсетті.

Абай шығармаларына қатысты жеке деректер туралы айтсақ, ақынның көзі тірісінде 1903 жылы Санкт-Петербургте Бөкейханов берген мағлұматтар бойынша басылған «Ресей. Біздің Отанымыздың географиялық баяны» атты көптомдық жинақтың 18-кітабында А.Сиделькинов жазған мақалада: Абай - қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыттың өкілі деген баға берілгенін көреміз. Абай шығармалары жеке кітап болып басылғанға дейін де қолжазба түрінде және ауызша тарап келген болатын. А.Байтұрсынов та ақын өлеңдерімен 1903 жылы Абай өлеңдері жазылған дәптер арқылы танысқанын айтады.

1914 жылы Санкт-Петербургте шыққан «По киргизской степи» деген кітабында Дм.Львович «Татьяна хаты» ел ішінде әнге салып айтылып жүргені туралы нақтылы дерек келтірген.

Абай шығармашылығына қайтадан жүйелі, дәйекті түрдегі дұрыс көзқарастың қалыптаса бастағанын 1933 жылы М.Әуезов бастырған жинақтан және 1934 жылы жарық көрген І.Жансүгіров, Қ.Жұбанов секілді белгілі әдебиет, ғылым қайраткерлерінің мақалаларынан байқауға болады.

Ұлы Абай, кемеңгер Әуезов шығармашылығын көп зерттеген ғалым Айқын Нұрқатов Абай жайында былай дейді: «Өз дәуірінің, өз халқының нағыз ұлы, шын мәнісіндегі ұлттық ақыны болған кемеңгер Абай сонымен бірге бүкіл адам баласына тұтастай тән мәңгілік тақырыптарды мәңгі өшпестік дәрежеге көтеріп жырлай алды. Сондықтан оның ғажайып мұрасы болашақ сан ықлым буындармен де бірге мәңгі-бақи жасай бермек».

Абайдың өмірі мен шығармашылығын зерттеу, тағылым алу, бүгінгі күннің тұрғысынан баға беру, тану ісі, үрдісі жалғасып келеді. М.Әуезов

атындағы әдебиет және өнер институтының бір топ ғалымдары құрастырған «Абай және қазіргі заман» атты кітапта Абай өмірі мен әдеби мұраларының жаңа қырларын танытады.

Абайтануға өзіндік үлес қосып жүрген ғалым Жұмағали Ысмағұловтың «Абайтану белестері» деп аталатын еңбегінің де абайтану тарихына деген өз үлесі бар.

Абайтану - әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихының үлкен бір саласы болып әбден қалыптасты. Абайтану дербес ғылым саласы ретінде қалыптасуына XX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген ұлы тұлғалар А.Байтұрсынов, Қ.Ысқақұлы, М.Дулатов, І.Жансүгіров, Қ.Жұбанов, Ғ.Тоғжанов т.б. хал-қадірінше үлес қосты, алайда XX ғасырдың ұлы жазушысы, кемеңгер Әуезовтің бұл саладағы еңбегі ұшан-теңіз.



- 1) Абайдың табиғат лирикасы: «Жаз», «Қыс», «Күз» .
- 2) Абайдың үлгі ретінде орыстың ұлы ақындарының шығармаларын қазақшаға аударуы: А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, И.А.Крылов.
- 3) Абайдың әйгілі «үш сүюі»: Адамның Алланы сүюі, Адамның адамзатты сүюі, Адамның әділетті сүюі.
- 4) Абай арнаулары: «Әбдірахманға», «Оспанға», «Көкбайға».
- 5) Абайдың ақын шәкірттері: Шәкәрім, Ақылбай, Мағауия.
- 6) Абайтану тарихының даму жолдары: М.Әуезов дәуіріне дейінгі кезең , Абайтанудағы М.Әуезов дәуірі, М.Әуезовтен кейінгі уақыттағы кезең.
- 7) Абайтанушы ғалымдар: М.Әуезов, Б.Майлин, Қ.Жұбанов.
- 8) Абай туралы зерттеу-мақалалар: «Қазақтың бас ақыны», «Қазақ әдебиетінің классигі», «Ақын поэзиясының тіл кестесі».
- 9) Абайдың демократтық-ағартушылық, халықтық көзқарасының дамуына үлес қосқан орыс ойшылдары: Михаэлис, Долгополов, Гросс.
- 10) Абай поэмалары: «Ескендір», «Масғұт», «Өзім әңгімесі».

12 Абайдың ақын інілері мен ұлдары

Кәкітай Ысқақұлының шығармашылық өнері. Абайдың інісі Ысқақтың тұңғыш баласы. Кәкітай 1869 жылы дүниеге келген. Абайдың Мағауия деген баласы Кәкітаймен құрдас болғандықтан екеуі жас бала күнінен үнемі бірге ойнап-күліп, тату-тәтті құрбы, айырылмас дос болып өседі. Олар екеуі сегізжасынан бастап ауыл молдасынан сабақ оқып, саутын ашады. Кәкітаді әкесі Ысқақ он төрт жасында үйлендіреді. Кәкітай он алты жасқа келгенде 1885 жылы бірінші баласы дүниеге келеді.

Кәкітайдың атасы Текті, тарихта белгілі, Каракерей, Мұрын руының тана мырза атанған атақты адамының қарындасы, Жанпейістің қызы.

Қай ақынды болса да ең мол танытатын баспаға шығу болатынын айта келіп, Мұхтар Әуезов Кәкітай туралы былай дейді:

- Бұлжөнінде қазақтың мәдениет тарихына, Абай мұрасына ерекше еңбек сіңірген, абай өзі тәрбиелеп, баулыған жас жұртшылықтың көрнекті өкілі болған- Кәкітай Ысқақұлының еңбегін айрықша айту керек.

- Кәкітай Абай шығармаларының ең алғашқы таңдамалы жинағын бірінші рет Петербургтегі Бораганский баспасында 1909 жылы шығарды. Сол жинақтың аяғында ақынның Кәкітай жазған бірінші өмірбаяны беріледі деп, Кәкітайдың Абай мұрасына сіңірген ерекше еңбегін атап айтып беріп; «Абайдың баспаға шығуында тарихтық, бірінші зор еңбек етуші-Кәкітай дейміз, - дейді Мұхтар Әуезов

- Кәкітай өзінше талдау-жіктеу жасаған. «Ой туралы», «Өзі туралы», «Ел туралы», «Ғашықтық туралы» деген сияқты тақырыптарды бөліп шығарып, әр өлеңнің мазмұнына қарай мөлшермен жіктейді. Азамат соғысы кезінде 1918 жылы «Қытайға қашып бара жатқан ақтардың әскерін қуып келе жатқан қызылдар жолда жатқан Кәкітайдың қыстауында болып, оның үш сандықта сақтаулы тұрған кітаптарын, қолжазбаларын өртеп кеткен. Осы себептен, залалкес жауыздардың қиянаты кесірінен отыз жыл еңбектеніп жиған Кәкітайдың мұралары кейінгілерге жетпеді» деген дереккөзі бар. кәкітай Абай мұрасына ерекше зор еңбек сіңірген мәдениет қайраткері ғана емес, ол сонымен қатар, өз заманында, саяси-әлеуметтік іске белсене атсалысқан, қоғам қайраткері ретінде абыройлы азамат болған.

Көкбай – Абайдың талантты әрі әнші шәкірті. Көкбай – Абайдың ең талантты ақын, әрі әнші шәкірттерінің бірі. Ол Абаймен 1880 жылдан бастап, жиырма бес жыл жолдас, дос болған адам. Ол 1886 жылы қазіргі Семей облысы, Абай ауданында туған. Көкбай он жасынан бастап он бес жасына дейін Төлетай деген молдадан оқиды. Он бес жасында оқуды тастап, бозбалалық, ойын-сауық, той-дұман құрып кетеді. Ән-күйге, өлең-жырға құштар, талапты жас Көкбай домбыра тартып, ән салып, өлең айтып, ауыл арасының ойын-сауығынан қалмайтын болады. Жас кезінен ширақ, пысық, өткір тілді, өжет әрі тентектеу де болыпты. Кісінің мінез-құлқын, жағымсыз қылығын, ұнамсыз жүріс-тұрысын әзіл-қалжың етіп, қолма-қол суырып салып өлең шығаруға жас күнінен бейім болады.

Көкше ішінде Балтай, Қаркүшік дейтін руының биі, атқамінер ақсақалы – Төребай деген адамды әжуа етіп шығарған Көкбайдың бір ауыз өлеңі елге тарап кетеді:

Көкекте күн ұзайы жазға бастап,
Болады сонда Төкең үйден қашқан,
Үйінде жалғыз турам дәм болмайды,
Барғанда кісі үйіне сондай асқақ.

Сөйтіп, Көкібай ауылда ән салып, өлең айтып жүреді де, он жеті жасында Семей қаласына оқуға кетеді. Оның орысша оқуға Семейге келуіне үлкен себеп болған Әріп еді.

Ауылдан қашып келіп, орыс мектебінің есігін ашқан Көкбайдың бірінші класта, оқу жылының бірінші жартысында оқуға осындай үлгеруі жаман болмаса керек. Ал қала баласы Малтабаров бар сабақтан «3» деген бағаны алады.

Көкбай оқуға түскен жылы бұл училищенің әрбір қаласында оқитын қазақ балалары болған. Көкбай оқитын үш кластық училищеде оқитын шәкірттердің

көбі орыс балалары болады. Бұл қазақ балаларының орыс тілін жақсы біліп шығуына ерекше пайдалы еді.

Ауылда бала жасынан домбыра тартып, ән айтып, суырып салып өлең шығаруға машықтанған Көкбай, енді қолына қалам алып, өлең жаза бастайды. Оқып жүргендегі алғашқы өлеңдері өзімен бір мектепте оқитын, құрбы-құрдастарына арналған әзіл, мысқыл сияқты өлеңдер болады.

Көкбай училищеде оқып жүрген кезінде медресеге де түсіп оқиды. Кәмәли молдадан сабақ алады. Сөйтіп, Көкбай Семей қаласындағы үш кластық уездік училищені бітіріп, және медреседе оқып, орысша, мұсылманша білім алған. Оқуын аяқтап, елге қайтып келген соң үнемі Абайдың жанында болады. Абай өзі жазған көп өлеңдерін бірнеше жыл бойы Көкбай атынан таратады. Көкбайдың аты Абай өлеңі арқылы 1889 жылы баспа жүзінде мәлім бола бастаған. Көкбай Абайдың өле-өлгенше айырылмас адал досы, ақын шәкірті болды. Көкбайдың суырып салып айтқан өлеңдері көп болған. Ондай өлеңдерін қағаз бетіне түсірмеген. Тек шәкірттерінің жазып алғандары, ел ауызында ұмытылмай сақталғандары ғана бізге жеткен. Сондай-ақ суырыпсалма-импровизатор ақындық өнерімен қатар әрі қалам қайраткері. Ол ұзақ өлеңдерін жазып шығаратын болған. Көкбай уақиғалы үлкен шығармалар жазған, кең құлашты эпик ақын. Оның тарихи тақырыпқа арнап жазған үлкен дастаны-«Сабалақ».

Кенже ұлы Мағауия шығармалары. Мағауия Абайдың Ділде деген бәйбишесінен, әкесінің жиырма бес жасында туған. Мағауия тоғыз жасынан бастап, төрт жылдай «кіші молда» деп аталатын татар молда Мұхаметкәрімнен оқып, хат таниды. Мағауияны он екіге жеткенде Абай Семей қаласындағы орыс мектебіне оқуға береді. Мағауия оқуға аса қабілетті, зерек болады. Орыс мектебінде екі жарым жылдай оқып, науқасқа шалдыққан соң, дәрігерлердің кеңесімен ауылына қайтады. 1885 жылдан бастап әкесінің тәлім тәрбиесінде болады. Абайдың ерекше жақсы көрген, үлкен үміт күткен баласы Мағауия ұлы ақынның ең талантты, талапты шәкіртінің бірі болады. Мағауия үнемі әкесінің қасында болып, Абайдың өсиет, насихатын зер салып тыңдайтын, зейінді, ұғымтал саналы шәкірт болған.

Мағауия он бес –он алты жасынан бастап өлең жазады. Бұл кездердегі өлеңдері - жастық, махаббат жайындағы лирикалық өлеңдер. Мағауия Абайдың жан-жақты талантты шәкірттерінің бірі болған. Ақындығымен бірге домбырашы, гармоншы, скрипкашы да болған. Мағауияның қазақтың өткен өміріне арналған «Еңлік-Кебек» атты поэмасы, Африкадағы құлдар жайынан жазған «Медғат-Қасым» атты поэмалары бар. Абайдың ақын шәкірттеріне арнап тапсырған тақырыбының бірі «Еңлік-Кебек» поэмасын Мағауия жиырма жасында 1890 жылдары жазады.

Мағауия өзінің ерекше адамгершілік қасиетімен, кең ақылмен, ақ көңіл, майда мінезімен, турашыл әділдігімен өз еліне аса сүйкімді адам болады. Жасынан жабысқан науқас Мағауияны меңдетіп жеңеді. 1903 жылы ноябрь айынан төсек тартып жатып, 1904 жылы 12 майда 34 жасында Мағауия дүние салады.

Әке жолын құған –Ақылбай. Ақылбай Абайдың Ділдә бәйбішесінен 1861 жылы туған тұңғыш баласы. Құнанбайдың кіші әйелі Нұрғаным, өзінен бала болмағандықтан, Ақылбайды кішкене күнінен өз бауырына басады. Ақылбай туғанда Абайдың өзі де жас, жаңа отау иесі еді. Сөйтіп, Ақылбай жас күнінен Нұрғаным тәрбиесінде болып, Құнанбай баласы, Құнанбайдың кенже тоқалының еркесі атанып өседі. Ақылбайды 9-10 жас шамасында Құнанбайдың указной молдасы атанған Ғабитханға оқуға береді. Ақылбай 4-5 жылдай молдадан оқу алады. Ақылбай бір жасынан бастап Нұрғаным қолында өскендіктен және Абайдың 16 жасында туған баласы болғандықтан, өз әкесі Абайға баласы сияқты емес, ағайындас Ырғызбайдың бір мырзасы сияқты көрінеді.

Ақылбай Абай төңірегіндегі әржақты талантты шәкірттерінің бірі. Ақылбайдың ақындығымен бірге ән шығаратын композиторлық өнері де болған. Ақылбайдың ақындық атын тарихта қалдырған оның поэмалары. Ақылбайда бізге мәлім ондай поэмалар үшеу. Олар- «Дағыстан», «Зұлыс», «Жаррах батыр» поэмалары. «Жаррах батыр» бізге жетпеген. «Зұлыс» поэмасының басқы бір-екі бөлімі ғана сақталған.

«Дағыстан» поэмасының тақырыбын ақын шәкірттеріне Абай өзі ұсынады. Бұл поэманы жазуға Ақылбай, Мағауия тағы бірер шәкірті кіріседі. Поэманы бәрінен бұрын жазып шығып, оқыған Ақылбай болады. Поэманың тақырыбы әділет пен жауыздық күресі, «махаббат пен ғадует майдандасқан» тартыс. Әділет пен жауыздық тартысы Абай поэзиясының негізгі бір желісі. Махаббат мәселесі мен әділет, адамгершілік мәселесі Абайда бір-бірінен бөлек емес. Махаббатың мәні адамның бас бостандығында. Байлық пен ескі әдет-ғұрып, зорлық, жауыздық болып тұрғанда махаббат бостандығында, адамның бас еркіне, бостандыққа жол жоқ. Ондай бостандықтың жолы – күрес. Поэма осыны жырлайды.

Ал «Зұлыс» атты үлкен поэмасын Ақылбай ақын 1900 жылдары жазған. Зұлыстар туралы поэманы әуелде Мағауия жазбақ болып жүреді екен. Кейіннен Мағауияның денсаулығы нашар болуы себепті жазбақ поэманың ойлаған оқиғасын ағасына айтып беріп, «Зұлысты» Ақылбай жазып шығады. «Зұлыс» поэмасының оқиғасы ағылшын жазушысы Хаттард, Генри Райдердің «Сүлеймен патшаның қазынасы» «Копи царя Соломона» атты әйгілі романынан алынған. «Зұлыс» поэмасы – Абайдың ағартушы-тәрбиешілік, ақын-ұстаздық еңбегінің жемісі. Ақылбай сияқты ақын шәкіртіне ағылшын жазушысы Г.Р.Хаггардтың шығармаларының ішіндегі ең таңдаулысын танып тауып, таныстырған және сол романның сарынымен поэма жаздырған Абай екені дауыссыз.

Ақылбай жас кезінде төрт-бес жыл Құнанбай ауылының молдасынан ескіше оқып хат танығаннан басқа ұзап оқымаған. Абайдың үлгі -өнегесімен Ақылбай саналы азаматы, әдебиетке шын берілген ақын болады. Абайдың әдебиет, өнер-білім жайындағы, адамгершілік, мәдениет жайындағы өсиеті Ақылбайдың дүниеге көзін ашады.

Ақылбай ұстазы Абайдың ақылымен тау халқының өмірінен «Дағыстан», Африкадағы зұлыстар жайынан «Зұлыс» сияқты тамаша романтикалы поэмалар

жазып, қазақ әдебиетінде поэма жанрының жаңа түрін дамытқан, талантты, мәдениетті ақын.

Тұрағұл Абайұлы. Абайдың екінші әйелі Әйгерімнен туған тұңғыш баласы- Тұрағұл (Тураш). Тұрағұл әкесі туралы естелігін үлкен әңгіме етіп жазып қалдырған. Тураш жас шағынан әкесі Абайдың қолында болып, тәлім-тәрбиесін көп көріп өскен баласы болады. Ол жасынан зерек, ұғымтал, зерделі болған. Әкесінің қадір-қасиетін ерте түсініп, табиғи ақындық қуатын ерте танып өскен, Абайдың ең талапты, әрі талантты баласының бірі. Абай жалғыз сөз өсиетіне қанағат қылмай, талантты жас шәкірттерінің сезім тәрбиесін толтырмақ болып, 1889 жылы музыка үйретпекші болғанын, сол мақсатпен Көкен еліндегі Мұқа деген скрипкашыны ауылына алғызғынын М.Әуезов атап өтеді.

Абайдың осындай тәрбиесінің арқасында бала жасынан өнерге бейім Тураш домбыра, скрипка сияқты музыка аспаптарын еркін меңгерген, шебер музыкант, өз шешеші Әйгерімге тартқан әнші де болады.

Жас Тураштың бойында ақындық қуаттың барын сезген әкесі: Тураш үш ауыз өлең жазып әкелші деп баласының ақындық өнерін байқап көрмек болады. Ақын табиғатты жанды бейне түрінде алып, оның түрлі көріністерімен мұндасып, сырласады. Абайға шейін қазақ поэзиясында болмаған, ақындық өнердегі жаңалық Тураштың ақындық қуатын анық танытатын өлеңі. Тураштың жастық махаббат тақырыбына жазған өлеңдерінен сақталып бізге жеткені екі-үш өлеңі ғана.

Жиырма тоғыз жасқа аяқ басқанда Тураш ең ауыр қайғы-қасіретке душар болады. Оның әкесінің және бауырларының қайтыс болуы өте ауыр тиеді.

Абайдың ақындық әлемі дегеніміз мағыналық ауқымы өте кең ұғым. Абай поэзиясы заманындағы қоғамдық өмірдің ең көкейкесті, ең күрделі және маңызды мәселелерін қозғаған, толғаған поэзия.

Оның өлеңдерінде, қарасөздерінде қазақ өмірінің көркемдігі бейнеленген телегей теңіз шындығы бар. Абай шығармаларының қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында өзінше бөлек, өрісі аса биік, мүлде жаңа ой-пікір, көркем сезім әлемін ашқаны дауыссыз. Абайдың ақындық әлемі деп осыны айтамыз.

Абайдың ақындық өнердегі тарихи еңбегі қазақ халқының мәдени даму, өркендеп өсу жолындағы ерекше елеулі кезеңдерінің бірі болды. Абай өз халқының ең ардақты асыл арманын, ой-пікірін, сезім сырын жеріне жеткізе жырлай алатын жаңа бағыттағы, жаңа әдебиеттің атасы. Қазақ көркем әдебиетінің көрікті әдеби тілін шырқау биікке көтеріп, өркенін өсіріп, байытқан ұлы ақын Абай екені даусыз.

Көркем әдебиеттің заман талабына сай келіп, биік идеялы, терең мағыналы болуы-ең негізгі қағида деп білген Абай, «қуатты ойдан бас құрап» шыққан құдретті көркем жырымен халықтың сана сезімін сергітіп, ел көңілін өмірдің келелі мәселелеріне аударып, болашаққа бой ұрған мұрат мақсатының жетекшісі болды. Қазақтың ақындық өнерін нағыз халықтық, ұлттық биік дәрежеге көтерген, тұңғыш кемеңгер қалам қайраткері де Абай.

«Ақын» деген ұғым, Абай атымен, оның әдеби еңбегімен келіп ұштасқаннан бастап, қазақ әдебиеті тарихында жаңа мағынаға ие болып, ең ардақты атаққа

айналады. Ақынның қоғам өміріндегі орны, халық алдындағы міндеті, абыройлы мұрат-мақсаты бұрынғыдан әлдеқайда айқындала түсті. Абай әдебиет майданына шыққаннан бастап, қазақ жазба әдебиеті тарихында «ақын» деген ұғым саяси-әлеуметтік мәні зор, құрметті абыройға ие болды.

Абай поэзиясы қазақ халқының ұлттық мақтанышы.

Абайдың өзі тірісінде оның айналасына жиналған талапкер, өнерлі жастардың саны көп болған. Бұлардың ішінде әншілер, композиторлар, халық фольклорын жынаушылар, әнші ақындар, орыс мәдениетін білуге жай көзі ашық жастар аз емес еді. Бұлар әр буыннан шыққан болатын. Іштеріндегі жас жағынан Абайға тетелес: Көкбай, Мұқа, Бейсембай ақын сияқтыларынан бастап, Абайдың балалары: Ақылбай, Мағауия және інісі – Кәкітай сияқты көп адамдар болды. Ақылбай, Мағауия, Көкбай сияқты ақындар туралы айта келіп, Әуезов: «Бұлардың еңбектерін шолуда, алдын-ала есте тұтатын бір жайды ескерте кету керек. Ол осы шәкірт ақындардың еңбек үлгілерінен және айқындап көріне түсетін, Абайдың өзінің ерекшелігі болады. Өзге ақындар «шәкірт» деп аталған соң, Абай, әрине, олардың басшысы – ұстаз ақын болмаққа керек. Әрбір әдебиеттік мектеп осындай аға мен іні ақындардың екі буыннан құралатын болса, өзгеше идеялары, өз халқының әдебиет тарихына кіргізген анық тарихтық, көркемдік жаңалықтары – қысқасынан айтқанда, барлық қасиеттері, әралуан түрде бой көрсететін болды», - дейді.

Өзін-өзі тексеруге арналған тест сұрақтары

Махамбет Өтемісұлы

1. «Қызғыш құс» қай сарында жазылған өлең?
А) Батырлық.
В) Элегиялық.
С) Романтикалық.
D) Ғашықтық.
E) Жоқтау.
2. Сөйлемді толықтырыңыз: «Махамбет өлеңдері көбіне шешендік өрнекке құрылған - ..., ..., ... түрінде келеді».
А) Нақыл, терме, толғау.
В) Жыр, толғау, жоқтау.
С) Арнау, нақыл, жыр.
D) Толғау, терме, арнау.
E) Мадақтау, арнау, жоқтау.
3. Махамбеттің философиялық лирикаға жататын өлеңін көрсетіңіз:
А) «Соғыс».
В) «Арғымақтың баласы».
С) «Күн қайда».
D) «Баймағамбет сұлтанға айтқаны».
E) «Тарланым».
4. «Ханнан қырық туғанша,
Қарадан бір-ақ тусайшы ...» - бұл өлең жолдары Махамбеттің қай өлеңінен алынған?
А) «Мұнар күн».
В) «Соғыс».
С) «Мен мен едім, мен едім».
D) «Арғымақтың баласы».
E) «Бағаналы терек жарылса».
5. Әдебиет зерттеушісі Б. Аманшин қандай роман жазды?
А) «Абай жолы».
В) «Боран».
С) «Қарақұм трагедиясы».
D) «Махамбеттің тағдыры».
E) «Жыл құстары».
6. «Еділдің бойы ен тоғай –
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол елге
Мал толтырсам деп едім», - деген жолдарды жазған ақынды табыңыз.
А) Доспамбет.
В) Махамбет.
С) Абай.
D) Шәкәрім.
E) Асан қайғы.
7. Исатайдың алданып, опық жегенін Махамбет қай өлеңіне арқау етті?
А) «Мен мен едім, мен едім».
В) «Соғыс».
С) «Әй, Махамбет, жолдасым».
D) «Мұнар күн».
E) «Арғымақтың баласы».
8. Исатай батырдың сом тұлғасы жасалған Махамбеттің шығармасын көрсетіңіз:
А) «Мен мен едім, мен едім».
В) «Соғыс».
С) «Тарланым».
D) «Мұнар күн».
E) «Арғымақтың баласы».
9. «Мұнар күн» қай батырдың өліміне арналған классикалық шығарма?
А) Бөгенбай.
В) Кенесары.
С) Баян.
D) Исатай.
E) Науша.
10. «Жақсыларға еп едім,
Жамандарға көп едім.
Ерегескен дұшпанның,
Екі талай болғанда
Азыққа етін жеп едім,» - деген жолдары алынған Махамбет өлеңінің атын табыңыз.
А) «Мен мен едім...».
В) «Қызғыш құс».
С) «Соғыс».
D) «Мұнар күн».
E) «Бағаналы терек».
11. Махамбет ата жауы Баймағамбетті неге балайды?
А) Ешкіге.
В) Айғырға.
С) Итке.
D) Қарғаға.

Е) Нарқоспаққа.

12. Мына үзінді Махамбеттің қай өлеңінен алынған: «Бұлықсып жүрген ерлерден, Бұрынғы бақыт тайған күн...»?

- А) «Исатай деген ағам бар».
- В) «Мұнар күн».
- С) «Атадан туған ардақты ер».
- Д) «Мінкен ер».
- Е) «Тарланым».

13. «Мен кескекті ердің сойымын, Кескілеспей басылман» - деген жолдар Махамбеттің қай өлеңінен алынған?

- А) «Ұлы арман».
- В) «Махамбеттің Жәңгір ханға айтқаны».
- С) «Мұнар күн».
- Д) «Баймағамбет сұлтанға айтқаны».
- Е) «Тарланым».

14. Қ. Жұмалиевтың мына сөзін аяқтаңыз: «Махамбет екі образ жасады. Бірі Исатай образы, екіншісі ...»:

- А) Ел образы.
- В) Махамбеттің өз образы.
- С) Жер образы.
- Д) Жауынгерлер образы.
- Е) Соғыс образы.

15. Махамбет қолданған «Аламан» сөзінің мәнін табыңыз.

- А) Көпшілік, бұқара.
- В) Диалект сөз.
- С) Күреске шақырған ұран.
- Д) Садақ оғы.
- Е) Батырдың аты.

16. Көтерілістен кейін Махамбетпен кездесіп, ұзақ әңгімелескен орыстың белгілі ғалымы, қоғам қайраткері, саяхатшы жазушысы кім?

- А) Е. П. Ковалевский.
- В) А.Ф. Рязанов.
- С) Н.М. Щербаков.
- Д) Н. Савичев.
- Е) Г. Потанин.

17. Аз сөйлер де көп тыңдар
Хас асылдың баласы...
Жаманнан туған жақсы бар.
Атасын айтса нанғысыз, - деген үзіндінің авторын табыңыз.

- А) Ақтамберді.
- В) Доспамбет.
- С) Жиёмбет.
- Д) Төле би.
- Е) Махамбет.

18. Махамбеттің 1839 жылы елде қалған жолдастарына жазған хатын кім тауып мәлімдеді?

- А) А. Рязанов.
- В) Е. Ковалевский.
- С) Н. Савичев.
- Д) Ф. Достоевский.
- Е) М. Перовский.

19. Қай өлеңінде Махамбет портретін өз жасап, өзіне мінездеме береді?

- А) «Мұнар күн».
- В) «Соғыс».
- С) «Мен мен едім, мен едім».
- Д) «Еңселігім екі елі».
- Е) «Бағаналы терек жарылса».

20. Қазақ поэзиясында күресшілдік бағытты нығайтқан кім?

- А) Шортанбай.
- В) Махамбет.
- С) Орынбай.
- Д) Әбубәкір.
- Е) Көтеш.

21. С. Қасқабасов Махамбет поэзиясын шартты түрде неше кезеңге бөледі?

- А) 5.
- В) 3.
- С) 4.
- Д) 2.
- Е) 6.

22. М. Өтемісұлы өмірінің қай кезеңі сан жағынан алғанда, ең көп шығармаларының арқауы?

- А) Ордада жүрген кезі.
- В) Көтеріліс жеңілгеннен кейінгі кез.
- С) Орынборда болған кезі.
- Д) Түрмеде отырған кезі.
- Е) Көтеріліс кезі.

23. «Өкініш те, күйіну де, жабығу да, тіпті түңілу де» орын алған Махамбеттің шығармасын көрсетіңіз:

- А) «Мұнар күн».

- В) «Соғыс».
- С) «Қайда бар».
- Д) «Еңселігім екі елі».
- Е) «Бағаналы терек жарылса».

24. Бірнеше эпизодты қамтыған Махамбеттің шағын ғана шығармасын көрсетіңіз:

- А) «Қайда бар».
- В) «Соғыс».
- С) «Мен мен едім, мен едім».
- Д) «Еңселігім екі елі».
- Е) «Бағаналы терек жарылса».

25. «Ішкі Орда старшинасы – Исатай Тайманов» атты тұңғыш еңбектің авторын көрсетіңіз:

- А) Тарас Шевченко.
- В) Е.П. Ковалевский.
- С) В. Даль.
- Д) Н. Савичев.
- Е) А. Рязанов.

26. Махамбет Өтемісұлы өлеңдерінде әдеби бейне тұрғысында жырланған жағымды тарихи тұлға кім еді?

- А) Исатай
- В) Жәңгір
- С) Баймағамбет
- Д) Ықылас
- Е) Қарауылқожа

27. Махамбет Өтемісұлы өлеңдерінде әдеби бейне тұрғысында жырланған жағымсыз тарихи тұлғалар кімдер еді?

- А) Жәңгір, Баймағамбет
- В) Исатай, Жақия
- С) Ерсары, Қалдыбай
- Д) Гекке, Даль
- Е) Кетбұға, Асанқайғы

28. "Жайық қазақтары және өткен ғасыр қырғыздары" атты поэма, Исатай-Махамбет көтерілісі туралы мақала жазған орыстың тарихшы-этнограф ғалымы кім еді?

- А) Н.Ф.Савичев
- В) Е.И. Даль
- С) В.В.Радлов
- Д) И.А.Березин
- Е) Г.Н.Потанин

29. Махамбет өлеңдері жинағын тұңғыш құрастырушы, алғы, соңғы сөздерін жазып жеке кітап етіп жариялаған қай ғалым еді?

- А) Х.Ж.Сүйіншәлиев
- В) А.Байтұрсынов
- С) Қ.Жұмалиев
- Д) З.Қабдолов
- Е) Т.Кәкішев

30. "Шашақты найза шалқар күй" (1982) атты күйлер жинағы қай ақынның мұрасы еді?

- А) Махамбет Өтемісұлы
- В) Дулат Бабатайұлы
- С) Шортанбай Қанайұлы
- Д) Сүйінбай Аронұлы
- Е) Мұрат Мөңкеұлы

31. Махамбет толғаулары:

- А) «Күлдір де күлдір кісінетіп»
- В) «Ереуіл атқа ер салмай»
- С) «Ей, Қатағанның хан Тұрсын»
- Д) «Еспенбет»
- Е) F) «Үш қиян»

32. Махамбет Өтемісұлының арнаулары:

- А) «Жетім қыз»
- В) «Үш қиян»
- С) «Баймағамбет сұлтанға айтқаны»
- Д) «Өсиетнама»
- Е) «Ей, Қатағанның хан Тұрсын»

33. Махамбет шығармаларының жанрлары:

- А) Драма
- В) Сонет
- С) Романс
- Д) Толғау
- Е) Эпос

34. Қ.Жұмалиев зерттеуі бойынша Махамбет жырларында кездесетін ұйқас түрлері:

- А) Шұбыртпалы
- В) Шалыс
- С) Егіз
- Д) Аралас
- Е) Қара өлең

35. Махамбет толғауларында кездесетін аллегориялық ұғым:

- А) Лашын

- В) Екі бөшке
- С) Қарға
- Д) Қарға мен түлкі
- Е) Аққу, шортан һәм шаян

36. Махамбеттің өз бейнесін танытатын толғаулары:

- А) «Қамыстың басы майда, түбі сайда»
- В) «Алаң да, алаң, алаң жұрт»
- С) «Заман-ай»
- Д) «Бұдырайған екі шекелі»
- Е) «Қылыштай қиғыр алмас ем»

37. Махамбеттің 7-8 буынды толғаулары:

- А) «Күлдір де күлдір кісінетіп»
- В) «Еменнің түбі сары бал»
- С) «Қамыстың басы майда, түбі сайда»
- Д) «Ей, Қатағанның хан Тұрсын»
- Е) «Бұдырайған екі шекелі»

38. «Мен тауда ойнаған қарт марал,
Табаным тасқа тиер деп,-
Сақсыным шыққан қиядан», - үзіндісінде
кездесетін көркемдік құрал түрі:

- А) Метафора
- В) Параллелизм
- С) Инверсия
- Д) Сарказм
- Е) Градация

39. Махамбет туындыларының буын саны:

- А) 7, 7-8, 11
- В) 6
- С) 9-10
- Д) 9
- Е) 5-6

40. Махамбеттің жорық рухты жыраулық мектебінің іргесін келесі жыраулардан көреміз:

- А) Қазтуған
- В) Шал
- С) Көтеш
- Д) Абыл
- Е) Асан

41. Махамбет күйі:

- А) «Домбыра»
- В) «Ақсақ Темір»
- С) «Сарыарқа»
- Д) «Күйші»
- Е) «Өкініш»

42. Махамбеттің жыраулық келбетінің ерекшелігін сөз қылған зерттеуші:

- А) Қ.Жұмалиев
- В) М.Жұмабаев
- С) І.Жансүгіров
- Д) Б.Майлин
- Е) О.Бөкей

43. Махамбеттің Исатай батырға арнаған өлеңдері:

- А) «Қылыштай қиғыр алмас ем»
- В) «Ақсеркем»
- С) «Буырылтай»
- Д) «Арғымаққа оқ тиді»
- Е) «Зар заман»

44. Махамбеттің мұңды, шерлі толғаулары:

- А) «Бұл заманда не ғаріп?»
- В) «Бөгенбай өліміне»
- С) «Айналайын, Ақжайық»
- Д) «Адыра қалған Нарында»
- Е) «Асқар, асқар, асқар тау»

45. Махамбет толғауларындағы сұрай арнау:

- А) «Мұнар күн»
- В) «Қайда бар»
- С) «Жалған дүние».
- Д) «Толарсақтан саз кешіп»
- Е) «Тілек»

46. Махамбеттің нақылға толы толғауы:

- А) «Өлгенде не өлмейді»
- В) «Күлдір де күлдір кісінетіп»
- С) «Мен тауда ойнаған қарт марал»
- Д) «Қамыстық басы майда, түбі сайда»
- Е) «Жігіттер жаман сөзді кәсіп етпе»

47. Махамбет толғауларында көп кездесетін көріктеу құралы:

- А) Эллипсис
- В) Тенеу
- С) Гротеск
- Д) Градация
- Е) Инверсия

48. Махамбеттің Әлім жұртынан қол жинап, елді қайта көтерем деген мақсатпен атқарған істерінің толғауларында көрініс табуы:

- А) «Мұнар күн»

- В) «Тарланым»
- С) «Алтын жақса, жарасар»
- Д) «Толарсақтан саз кешіп»
- Е) «Ай, заман-ай, заман-ай»

49. Махамбеттің жыраулығы жайлы зерттеген ғалымдар:

- А) Ш.Жәңгіров
- В) Х.Досмұхамедұлы
- С) М.Қалтаев

- Д) М.Жұмабаев
- Е) Н.Наушабаев

50. Махамбет толғауларын кейінгі жеткізуші.

- А) Қуан жырау
- В) Шернияз
- С) Абыл ақын
- Д) Дулат
- Е) Асан қайғы

Сал-серілер

1. Мына өлең жолдары қай ақындікі?
Жанбота, өзің - болыс, әкең-Қарпық,
Ішінде сегіз болыс болыс шенің артық
Өзіңдей Азнабайдың поштабайы,
Қолымнан домбырамды алды тартып.

- А) Махамбет Өтемісұлы
- В) Сүйінбай Аронұлы
- С) Ақан Қорамсаұлы
- Д) Біржан Қожағұлұлы
- Е) Мәделі Жүсіпқожаұлы

2. Атастырылған күйеуінің нашарлығынан ғана сөзден тоқталған әйел ақынмен болған қандай айтыс еді?

- А) Сүйінбай мен Тәті қыз айтысы
- В) Майлықожа мен Гүлханым айтысы
- С) Сегіз сері мен Дариға қыз айтысы
- Д) Біржан сал мен Сараның айтысы
- Е) Әсет пен Рысжан айтысы

3. Мына өлең жолдары қай ақынның лирикалық туындысынан алынған?

Жайықтың ақ түлкісі аралдағы,
Алдымнан сен бір қашқан маралдағы
Қараймын томағамды ашып-жауып,
Тауыңның ақиықша Оралдағы

- А) Сегіз сері (Мұхамед-Ханапия) Баһрамұлы
- В) Балуан-Шолақ (Нұрмағамбет) Баймырзаұлы
- С) Біржан Қожағұлұлы
- Д) Ақан Қорамсаұлы
- Е) Нұрым Шыршығұлұлы

4. Орыстың бір ақынының поэмасын назира - аударма жолымен жырлауда бас кейіпкер қыз есімін "Тәтіш" деген атаумен де еркелете жырлаған қай ақынның қай дастаны еді?

- А) Базар Оңдасұлының "Мақпал-Сегіз" дастаны
- В) Мұрат Мөңкеұлының "Қарасай-Қази" дастаны
- С) Абай Құнанбайұлының "Масғұт" дастаны
- Д) Әсет Найманбайұлының "Онегин мен Татьяна" дастаны
- Е) Шортанбайдың "Ақжолтай батыр" дастаны

5. "Ләйлім шырақ", "Көлбай-Жанбай", "Жанбота" ән-өлеңдерінің авторы қай ақын еді?

- А) Ақан Қорамсаұлы
- В) Біржан Қожағұлұлы
- С) Дулат Бабатайұлы
- Д) Әсет Найманбайұлы
- Е) Сегіз сері Баһрамұлы

6. Мына өлең жолдары қай ақынның қандай шығармасында еді?

...Ақ иық, мұзбалақпын жерге түспес,
Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес...

...Жел қабыз, жезтағалы еңіреумін,
Қара тер шыққан сайын кетем ағып

- А) Сүйінбайдың Тәті қызбен айтысқандағы өлеңі
- В) Мансұрдың Дәмемен айтысқандағы өлеңі
- С) Майлықожаның Айманмен айтысқандағы өлеңі
- Д) Біржанның Сарамен айтысқандағы өлеңі
- Е) Сейдәлінің Алтынмен айтысқандағы өлеңі

7. Мына өлең жолдары қай ақынның қандай шығармасында еді?

... Ішінен ер Қаптағай шықтым дара
 Он үште домбыра алып сөз сөйлеп ем,
 Келемін бір сүрінбей жалғыз қара...
 Тақсыр-ау, күні құрсын ұрғашының,
 Билігі болмайды екен бір басының
 Тері-терсек бергенсін ит те алады
 Бұлындай берекесіз арбашының
 А) Меңеш қыздың Әжіниязбен
 айтысқандағы өлеңі
 В) Ырысты қыздың Оңғар жыраумен
 айтысқандағы өлеңі
 С) Нұриланьң Үмбетәлімен айтысқандағы
 өлеңі
 D) Сараның Біржанмен айтысқандағы
 өлеңі
 E) Айкүмістің Жамбылмен айтысқандағы
 өлеңі

8. Мына өлең жолдары қай ақынның
 қандай шығармасынан еді?
 ... Қиссасыл әнбиден естіп пе ең?
 Белгілі мәлім болды надандығың
 Адамды топырақтан жаратты хақ,
 Надандығың білінсін, бұл сөзге бақ.
 Хауаға бұрын барған Адам Ата,
 Жоқ па еді есіткенің мұны да ақымақ.
 А) Тәті қыздың Сүйінбаймен
 айтысқандағы өлеңі
 В) Бибісарының Нұржанмен айтысқан
 өлеңі
 С) Күзеннің Жүсіп Ешниязұлымен
 айтысқандағы өлеңі
 D) Сараның Біржанмен айтысқан өлеңі
 E) Дәменің Мансұрмен айтысқандағы
 өлеңі

9. Мына өлең жолдары қай ақынның
 шығармасынан еді?
 Жел соқса, қамыс басы майда деймін,
 Ат қостым, ат айдаушым, айда деймін...
 Ор болып қалушы еді шапқан жерің,
 Шаттанып тұрушы еді қосқан елің
 Атығай-Қарауылға олжа салған
 Бота тірсек, қыл сағақ сандал керім
 А) Біржан салдың "Жамбас сипар" ән-
 өлеңі
 В) Әсет Найманбайұлының "Қоңыр қаз"
 ән-өлеңі
 С) Ақан серінің "Құлагер" ән-өлеңі
 D) Балуан Шолақтың "Ғалия" ән-өлеңі
 E) Жаяу Мұсаның "Ақ сиса" ән-өлеңі

10. Ақан сері Қорамсаұлы туралы роман-
 дилогияның авторы қай жазушы еді?
 А) Мұхтар Мағауин
 В) Әбіш Кекілбаев
 С) Сәкен Жүнісов
 D) Дулат Исабеков
 E) Қалихан Ысқақов

11. Жаяу Мұса Байжанов туралы
 романның авторы қай жазушы еді?
 А) Сафуан Шаймерденов
 В) Тахауи Ахтанов
 С) Зейтін Ақышев
 D) Зейнолла Қабдолов
 E) Төлен Әбдіков

12. Мына шумақ қай ақынның қандай
 өлеңінен алынған?
 Ауылым қонған Сырымбет саласына
 Болдым ғашық ақ сұңқар баласына
 А) Ақан Қорамсаұлы "Сырымбет"
 В) Біржан Қожағұлұлы "Ләйлім шырақ"
 С) Балуан-Шолақ "Ғалия"
 D) Жаяу Мұса "Ақ сиса"
 E) Мәди Бәпиұлы "Қарқаралы"

13. Мына шумақ қай ақынның өлеңінен?
 Неше жыл жүрсем-дағы мен айдауда,
 Шыдаймың, қажымаймын денім сауда.
 Дәм жазып осы жолдан аман қайтсам,
 Сұрша қыз, көрісерміз Баянтауда
 А) Әсет Найманбайұлы
 В) Ақан Қорамсаұлы
 С) Жаяу Мұса Байжанұлы
 D) Балуан-Шолақ
 E) Базар Оңдасұлы

14. Қазақтың әнші-композитор ақындары
 туралы "Замана бұлбұлдары" атты
 кітаптың авторы кім?
 А) Мұхтар Әуезов
 В) Ахмет Байтұрсынов
 С) Ахмет Жұбанов
 D) Сейіт Қасқабасов
 E) Бағыбек Құндақбаев

15. Адамгершілік мінез-құлықтары әртүрлі
 он үш түрлі жігітті сипаттаған қай
 ақынның қандай өлеңі еді?
 А) Ақан Қорамсаұлының "Айтамын
 замандасқа біраз кеңес" өлеңі

- В) Сүйінбай Аронұлының "Жақсы мен жаман адамның қасиеттері" өлеңі
- С) Әсет Найманбайұлының "Жас жігіт надандықпен алданады" өлеңі
- Д) Базар Оңдасұлының "Жігіттік" өлеңі
- Е) Мұрат Мөңкеұлының "Мұраттың жалпыға айтқаны" өлеңі

16. Фольклордағы синкретизм (өнер тұтастығы) дәстүрлі ақындық поэзия өкілдерінің қандай тұлғаларында мол сақталды?

- А) лирик әнші-ақындар (сал-серілер)
- В) қиссашыл ақындар
- С) жыршы-ақындар
- Д) жазба ақындар
- Е) нәзирашыл ақындар

17. Балуан-Шолақ туралы қай жазушы прозалық туынды жазды?

- А) Сәкен Сейфуллин
- В) Бейімбет Майлин
- С) Ілияс Жансүгіров
- Д) Сәбит Мұқанов
- Е) Мұхтар Әуезов

18. С.Мұқановтың «Қазақтың ХҮІІІ–ХІХ ғасырлардағы әдебиет тарихынан очерктер» (1942) еңбегіндегі бөлім атауы:

- А) «Аңыздар туралы»
- В) «Бостандық жырлары»
- С) «Эпикалық туындылар»
- Д) «Айтыстар туралы»
- Е) «Батырлар жыры»

19. ХІХ ғасырда дамыған қазақ әдебиеті тарихындағы айтыс түрі:

- А) Бәдік айтысы
- В) Қайым айтыс
- С) Жануарлар айтысы
- Д) Ақындар айтысы
- Е) Шал мен қыз айтысы

20. Айтыс бастау алған тұрмыс-салт жыры.

- А) «Тұсау кесер».
- В) «Бәдік»
- С) «Сыңсу».
- Д) «Бесік жыры»
- Е) «Жоқтау»

21. ХІХ ғасырдағы ақындар айтысының түрі.

- А) Жанр айтысы
- В) Лирикалық айтыс
- С) Ру айтысы
- Д) Әлеуметтік айтыс
- Е) Романтикалық айтыс

22. ХІХ ғ. дәстүрлі айтыстың жүйріктері:

- А) Қазтуған
- В) Шәді
- С) Нұрым
- Д) Мақыш
- Е) Асан

23. М.Әуезовтің зерттеулері бойынша айтыстың алғаш жиналуына үлес қосқандардың бірі:

- А) Ш.Уәлиханов.
- В) Н.Наушабаев
- С) М.Дулатов
- Д) Ш.Жәңгіров
- Е) М.Жұмабаев

24. Біржан салдың жорға аттың сипатын суреттейтін әні:

- А) «Күйші»
- В) «Құлагер»
- С) «Қобыланды»
- Д) «Телқоңыр».
- Е) «Күлдір де күлдір кісінетіп»

25. Біржан салдың әні:

- А) «Сүйген жардан айырылдым»
- В) «Қыз сипаты»
- С) «Байлар хақында айтқан өлеңі»
- Д) «Көңіл сыры»
- Е) «Көкек»

Зар заман, айтыс ақындары

1. «Әуелі жеңіп орыс елді алды,
Сартау, Астраханның жерін де алды.
Артынша Есілден соң Нарынды алды,
Тоғайдың ағаш, қамыс, талын да алды» -
бұл қай ақынның өлең жолдары?
А) Мұрат.
В) Махамбет.
С) Шәңгерей.
D) Сүйінбай.
E) Дулат.
2. Дулат өлеңдерін жазып алып, қолжазба
күйінде сақтаған ақсақал?
А) Бекқожа.
В) Шәкір.
С) Бәйділдә.
D) Ғаббас.
E) Жанпейіс.
3. Дулат шығармашылығынан елеулі орын
алатын ұзақ толғау, батырлар жыры
үлгісіндегі патриоттық мәні зор шығарма.
А) «Шаштараз».
В) «Кенесары».
С) «Бір патша».
D) «Еспембет».
E) «Ақтанға».
4. Дулат ақынның уәдеге берік, ұстамды
болуға үндейтін мысал стилінде жазылған
шығармасын атаңыз:
А) «Қара қарға жем тілеп».
В) «Шаштараз».
С) «Шымшық пен бөдене».
D) «Бір патша».
E) «Сары шымшық».
5. Дулаттың И.А. Крыловтың «Қарға мен
түлкі» мысалымен идеялас, мазмұндас
мысалын көрсетіңіз:
А) «Бір патша».
В) «Сары шымшық».
С) «Шымшық пен бөдене».
D) «Қара қарға жем тілеп».
E) «Шаштараз».
6. «Өсиетнама» атты өлеңдер жинағын
алғаш жинап бастырушы адам:
А) Есілұлы Мәулекей.
В) Ғаббас Байділдәұлы.
С) Үміткүл Сейітқазыұлы.
D) Қайрамбай Дулатұлы.
E) Ғаббас Мәулекейұлы.
7. «Дулат - ақын, жырау. Ол Бұқардан
кейінгі қазақтан шыққан даңқты
жыраулардың бірі...». Бұл қай
зерттеушінің сөздері?
А) М. Әуезов.
В) Қ. Жұмалиев.
С) Ы. Дүйсенбаев.
D) М. Жармұхамедұлы.
E) Х. Досмұхамедов.
8. «Бір жағынан Баймағамбет сұлтанды
өлтіре сынайды, екінші жағынан, оны
мақтайды.» - Шернияз жөнінде айтқан қай
зерттеушінің сөздері?
А) Е. Ысмаилов.
В) Қ. Жұмалиев.
С) С. Мұқанов.
D) Б. Аманшин.
E) Х. Сүйіншалиев.
9. Шөженің өз өмірі туралы едәуір мәлімет
беретін өлеңі.
А) «Дүржан үйінде».
В) «Қосқұлаққа».
С) «Кім өлсе, соған түсер заман ақыр».
D) «Домбыра шыққан тыңқылдан».
E) «Бәйтік үйінде айтқаны».
10. «Жалғыз соқыр халқына тиышсыз
болса,
Құтылсаңшы мына отырған
Құнанбайдан» - бұл Шөженің қай ақынмен
айтысқанда айтқан сөзі?
А) Қыз ақын.
В) Орынбай.
С) Балта.
D) Кемпірбай.
E) Ұлбике.
11. Шөже ақынның ақындық қызметіне
алғаш талдау, зерттеу жасаған ғалым кім?
А) С. Сейфуллин.
В) Қ. Жұмалиев.
С) С. Мұқанов.
D) Х. Сүйіншалиев.
E) Ш. Уәлиханов.

12. Шөже ақын сүйсіне жырлап келген эпостық жыр қалай аталады?

- A) «Қозы Көрпеш – Баян сұлу».
- B) «Қыз Жібек».
- C) «Ер тарғын».
- D) «Алпамыс».
- E) «Манас».

13. «Көшіп кетер жерің жоқ, жау айбынар ерің жоқ, қамалып қазақ сандалды», - деген жолдардың авторы қай ақын?

- A) Махамбет.
- B) Шортанбай.
- C) Шөже.
- D) Дулат.
- E) Мұрат.

14. Сүйінбай ақын шығармаларын зерттеуші Х. Сүйіншалиев қандай салаларға бөледі?

- A) Толғаулар, арнаулар, айтыстар.
- B) Термелер, арнаулар, өлеңдер.
- C) Өлеңдер, айтыстар, термелер.
- D) Дастандар, өлеңдер, айтымстар.
- E) Айтыстар, термелер, арнаулар.

15. Сүйінбай Абайдың «Болыс болдым, мінекей!» сияқты классикалық шығармасы дәстүріне лайық, пікірлес стильде қандай сатиралық туынды жасады?

- A) «Ханмын деген төреге».
- B) «Кәрілік».
- C) «Жұмыққа».
- D) «Даткаларға».
- E) «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері».

16. Сүйінбай «Өмірде құны ескіrmес, бағасы құнды асыл сөз», - деп не жайында айтқан?

- A) ақындық өнер туралы.
- B) сауда туралы.
- C) ел билеу туралы.
- D) әділдік туралы.
- E) еркіндік туралы.

17. Сүйінбаймен «саяси сайысқа» түскен кім?

- A) Қаңтарбай.
- B) Күнбала.
- C) Тезек.
- D) Баймағамбет.

E) Қатаған.

18. Сүйінбай өлеңдерін жазып алып сақтап келген Ойылдың халық ақыны кім?

- A) Үмбетәлі.
- B) Төкешев Қазтай.
- C) Бақтыбай.
- D) Қаңтарбай.
- E) Уәзипа.

19. Шортанбай Қанайұлы шығармаларында кімдердің қатты сынға түскендігін анықтаңыз.

- A) орыс патшасы, жандарал, майырлар.
- B) аналар.
- C) жас балалар
- D) әділетті жандар.
- E) хандық дәуірді ансаған қариялар.

20. Дулат Бабатайұлының поэмасын табыңыз.

- A) «Сұраншы батыр».
- B) «Жетім қыз».
- C) «Еспембет».
- D) «Өтеген батыр».
- E) «Сұлушаш».

21. Күйеуінің кемтарлығы себепті Мұрат Мөңкеұлынан жеңілген қыз?

- A) Айша.
- B) Тыныштық.
- C) Қарашаш.
- D) Айбала.
- E) Жантөлі.

22. Мұраттың қоян жұты кезеңіндегі қайғылы көрінстерді суреттейтін шығармалары.

- A) «Үш қиян», «Қазтуған».
- B) «Сарыарқа», «Өттің бір қапы дүние».
- C) «Үш қиян», «Қарасай-Қази».
- D) «Қазтуған», «Қыз».
- E) «Дүниенің төрт бұрышы», «Айжарыққа».

23. Шортанбай Қанайұлының өлеңінен алынған үзіндіде не туралы айтылғанын анықтаңыз.

Асылық азған заманда,
Алуан-алуан жан шықты,
Сауып ішер сүті жоқ,
Мініп көрер күші жоқ,

Ақша деген мал шықты.

- A) Қазақ даласына келген сауда.
- B) Әйелдердің теңсіздігі.
- C) Адамгершілік қасиет.
- D) Жастардың бас бостандығы.
- E) Оқу, білім, өнер.

24. Мұрат: «Би болам деп таласып, Дүние малын шашады», - деп кімді сынайды?

- A) Есенғали болысты.
- B) Айжарықты.
- C) Тұрабай болысты.
- D) Қарақожа болысты.
- E) Дәулетімбетті.

25. «Бұрандап ақ моншақтай керілген қыз, Оздырдың салтанатты еліңнен қыз. Сәулесі ақ жүзіңнің жерге түссе, Реңін сары алтындай көрінген қыз...». Қай ақынның өлеңінен алынған жолдар?

- A) Шортанбай.
- B) Дулат.
- C) Сүйінбай.
- D) Шернияз..
- E) Мұрат.

26. Еркін жатқан қайран ел, Дәулетің бейне шалқар көл... Енді келіп қамалдың Орыс салған қамалға... – деген өлең шумағының авторын табыңыз.

- A) Шортанбай.
- B) Дулат.
- C) Бұқар жырау.
- D) Ақтамберді.
- E) Асан қайғы.

27. Мұрат «Жалғаншы пәни жалғанда» - деп басталатын өлеңінде нені жырлайды?

- A) Дүниедегі жарасымдылықтарды.
- B) Сұлулықты.
- C) Өнер-білімді.
- D) Ерлікті.
- E) Жомарттықты.

28. Шернияз:

Ар жақта Арынғазы дүмбірлеген,
Байеке елің бар ма бүлдірмеген? – деп
кімге айтқандығын анықтаңыз.

- A) Арынғазыға.
- B) Жәңгірге.

C) Қарауылқожаға.

D) Жәнібекке.

E) Баймағамбетке.

29. Мұрат өлеңін жадында сақтап жеткізген кім?

- A) Қазтай Текешев.
- B) Үмбетәлі ақын.
- C) Бекқожа.
- D) Ғылман Шөрекұлы.
- E) Ғаббас.

30. «Жер кімдікі?» дегенде

Аға сұлтан, қазылар

Не деп жауап береді?» - деген жолдардағы Дулаттың ойын анықтаңыз.

- A) Ата-қоныс жерін тастап кеткенін айтып отыр.
- B) Жерінің құнарсыздығынан ұялып отыр.
- C) Орыс переселендеріне қазақ жерін беруге қарсылығын көрсеткен.
- D) Қазақ жерін ұлғайту керектігін айтқан.
- E) Кең қоныстың тарылуына ренжіп отыр.

31. Мұрат Мөңкеұлының өлеңдерін көрсетіңіз.

- A) «Әсемпаз болма әрнеге», «Жаз».
- B) «Анама хат», «Қазақ қалпы».
- C) «Замана», «Насихат».
- D) «Үш қиян», «Өлім».
- E) «Сырым», «Елім-ай».

32. Мұраттың шығармаларын кішігірім жинақ ретінде «Мұрат ақын сөздері» - деген атпен бастырған зерттеушіні атаңыз:

- A) С. Мұқанов.
- B) Қ. Жұмалиев.
- C) Х. Сүйіншалиев.
- D) І. Жансүгіров.
- E) Х. Досмұхамедұлы.

33. Тезекке айтқан сөзінде «мақтамен бауыздау» әдісін қолданған ақын кім?

- A) Базар жырау.
- B) Майлықожа.
- C) Бақтыбай Жолбарысұлы.
- D) Мәделі Жүсіпқожаұлы.
- E) Орынбай Кертағыұлы.

34. Сағынам, ауызға алсам Исатайды,
Ер тумас ел жағынан ондай жайлы, - деп
жырлаған ақынды атаңыз.

- А) Жанұзақ.
- В) Шернияз.
- С) Махамбет.
- Д) Шалкиіз.
- Е) Байтоқ.

35. Датыңды айтсаң майырға,
Сібірге кеттің айдалып.
Дулаттың осы өлең жолдарындағы «дат»,
«майыр» деген сөздерге анықтама беріңіз.

- А) Әкім және реніш.
- В) Майор және өтініш.
- С) Чиновник және арыз.
- Д) Аға сұлтан және хат.
- Е) Орыс және жағдай.

36. Шортанбай Қанайұлының төмендегі
өлең тармақтарында не айтылғанын
анықтаңыз:

- Бай кедейді көрмейді,
Кедей байға ермейді.
Қызметін бір күн қылмаса,
Майлы сорпа бермейді.
- А) Әйелдер теңсіздігі.
 - В) Өнер, оқу, білім.
 - С) Бостандықтың туғандығы.
 - Д) Қазақ ауылындағы тап жігінің ашылғандығы.
 - Е) Табиғаттың тамаша көрінісі.

37. Базар «Әр нәрсенің нарқы бар»
өлеңінде нені уағыздайды?

- А) Адалдықты.
- В) Адамгершілікті.
- С) Батырлықты.
- Д) Көрегендікті.
- Е) Ептілікті.

38. Сүйінбай сөзіне өзек еткен қазақ
батырларын көрсетіңіз:

- А) Өтеген мен Сұраншы.
- В) Исатай мен Махамбет.
- С) Қабанбай мен Бөгенбай.
- Д) Еспембет пен Ерқосай.
- Е) Ақтамберді мен Бөгенбай.

39. «Қазақтар арасында ақындық
творчество аса дамыған, ақын деген
сахараға сыймайды...»- деп қандай орыс
ғалымы тебіренген?

- А) В. Даль.
- В) Г. Потанин.

- С) Т. Шевченко.
- Д) А. Янушкевич.
- Е) А. Левшин.

40. Адайдың атақты ақыны домбырашы
Абылға еріп ел аралап, одан ақындық өнер
үйреніп, ақыры Абылдың батасын алып
ажырасқан ақын кім?

- А) Шернияз.
- В) Сүйінбай.
- С) Дулат.
- Д) Көтеш.
- Е) Мұрат.

41. «Зар заман ақындары» ағымының
атауын әдебиет тарихына енгізіп,
кітабында арнайы тарау етіп жазған кім?

- А) Шоқан Уәлиханов
- В) Ахмет Байтұрсынов
- С) Халел Досмұхамедұлы
- Д) Мұхтар Әуезов
- Е) Сәбит Мұқанов

42. XIX ғасырдың екінші жартысында қай
жылдары украин халқының қандай
қаламгері Қазақстанда айдауда болды?

- А) 1879-1889 ж.ж. М.М.Коцюбинский
- В) 1847-1857ж.ж. Т.Г.Шевченко
- С) 1827-1837ж.ж. И.П.Котляровский
- Д) 1866-1876ж.ж. И.Франко
- Е) 1890-1900ж.ж. Л.Украинка

43. Ер Қосай есімді атасы, Ақбөрте
аталатын тұлпары бар батыр туралы қай
ақынның қай дастанында жырланды?

- А) Базар Оңдасұлының "Айна-тарақ" дастаны
- В) Әсет Найманбайұлының "Салиха-Сәмен" дастаны
- С) Дулат Бабатайұлының "Еспембет" дастаны
- Д) Шортанбай Қанайұлының "Ақжолтай батыр" дастаны
- Е) Ақылбай Абайұлының "Дағыстан" дастаны

44. Сыр сақтай білуді идеялық арқау,
көркемдік түйін еткен қай ақынның қандай
дастаны?

- А) Шәңгерей Сейіткерейұлының "Сардар Сегіз" дастаны

- В) Абай Құнанбайұлының "Ескендір" дастаны
- С) Дулат Бабатайұлының "Шаштараз" дастаны
- Д) Әсет Найманбайұлының "Шеризат" дастаны
- Е) Мағауия Абайұлының "Медғат-Қасым" дастаны

45. Мына өлең жолдары қай ақындікі?

Мынау азған заманда
 Қарасы – антқор, ханы – арам,
 Батыры көксер басы аман,
 Бәйбішесі – бошалаң...

- А) Ақан Қорамсаұлы
- В) Шортанбай Қанайұлы
- С) Дулат Бабатайұлы
- Д) Базар Оңдасұлы
- Е) Мұрат Мөңкеұлы

46. Кенесары ханның әскері мініетін тұлпар іздеп, мақсатына жеткен батырдың басынан кешкен оқиғалар жырланған қай ақынның қандай дастаны еді?

- А) Базар Оңдасұлының "Мақпал-Сегіз" дастаны
- В) Мұрат Мөңкеұлының "Қарасай-Қази" дастаны
- С) Шортанбай Қанайұлының "Ақжолтай батыр" дастаны
- Д) Дулат Бабатайұлының "Шаштараз" дастаны
- Е) Әсет Найманбайұлының "Ағаш ат" дастаны

47. Мына өлең жолдары қай ақындікі?

Бөрі басы - ұраным
 Бөрілі менің байрағым
 Бөрілі байрақ көтерсе
 Қозып кетер қайдағым?

- А) Базар Оңдасұлы
- В) Шортанбай Қанайұлы
- С) Сүйінбай Аронұлы
- Д) Мұрат Мөңкеұлы
- Е) Махамбет Өтемісұлы

48. Қазақ тарихындағы Қарасай Алтынайұлы, Өтеген Өтеғұлұлы, Сұраншы Ақынбекұлы, Саурық Ыстанбекұлы және т.б. батырлар туралы жырлау дәстүрін қалыптастырған ақын кім еді?

- А) Мұрат Мөңкеұлы

- В) Әбубәкір Боранқұлұлы
- С) Мәделі Жүсіпқожаұлы
- Д) Сүйінбай Аронұлы
- Е) Нұрым Шыршығұлұлы

49. Мұрын жырау Сенгірбайұлына "Қырымның қырық батыры" батырлық жырларын үйреткен жыршы-ақын кім еді?

- А) Махамбет Өтемісұлы
- В) Әсет Найманбайұлы
- С) Шөже Қаржаубайұлы
- Д) Мұрат Мөңкеұлы
- Е) Сүйінбай Аронұлы

50. Мұрат ақынның "Үш қиян", "Қазтуған", "Сарыарқа" лирикалық-эпикалық толғауларында жырланған негізгі мәселе қандай?

- А) адамдардың малының, ақшасының көбейіп баюын аңсау
- В) өзі ғашық болған сұлу жарға қосылуды көксеу
- С) адамдардың қасиетті ата-мекендерінен, дәстүрлі әдет-ғұрыптарынан айрылғанына күйзелу
- Д) басқа елдің мекендерін иеленуді ойлау
- Е) адамдардың кеңпейілділігін, қонақжайлылығын мадақтау

51. XIX ғасырдағы эпикалық мазмұндағы сүре айтысы жанрын қалыптастырған ақын кім еді?

- А) Мұрат Мөңкеұлы
- В) Шөже Қаржаубайұлы
- С) Шортанбай Қанайұлы
- Д) Сүйінбай Аронұлы
- Е) Әсет Найманбайұлы

52. Мына өлең жолдары қай ақындікі?

Жанбота, өзің - болыс, әкең-Қарпық,
 Ішінде сегіз болыс болыс шенің артық...

- А) Махамбет Өтемісұлы
- В) Сүйінбай Аронұлы
- С) Ақан Қорамсаұлы
- Д) Біржан Қожағұлұлы
- Е) Мәделі Жүсіпқожаұлы

53. Мына үзінді қай ақынның өлең жолдары?

Аққан бұлақ сай-салаң,
 Шытырман тоғай айналаң
 Жоның жайлау кең алаң,

- Атам қонған кең далам!
 А) Абай Құнанбайұлы
 В) Базар Оңдасұлы
 С) Махамбет Өтемісұлы
 D) Шернияз Жарылғасұлы
 E) Дулат Бабатайұлы

54. Мына үзінді қай ақынның қандай дастанынан алынған?

Сөз қоспай дәл айтпасаң,
 Естіме, көрме, сөзден без.
 Аузыңа ие болмасаң,
 Бәле үйір, жала тез.

Аузыңнан шықса, жел есіп,
 Жер түбінен жетер тез...

- А) Базар Оңдасұлы "Айна-тарақ" дастаны
 В) Әсет Найманбайұлының "Салиха-Сәмен" дастаны
 С) Шортанбай Қанайұлының "Ақжолтай батыр" дастаны
 D) Дулат Бабатайұлының "Шаштараз" дастаны
 E) Абай Құнанбайұлының "Ескендір" дастаны

55. Мына өлең жолдары қай ақынның қандай дастанынан алынған?

... Дос та елден, жау да елден,
 Алды-артыңа қарарсың
 Күндестік те еліңнен
 Міндестік те еліңнен...

Елменен ер ержетіп
 Емендей өсіп толады...

- А) Абай Құнанбайұлы "Масғұт" дастаны
 В) Шортанбай Қанайұлының "Ақжолтай батыр" дастаны
 С) Дулат Бабатайұлының "Еспембет" дастаны
 D) Базар Оңдасұлының "Мақпал-Сегіз" дастаны
 E) Әсет Найманбайұлының "Салиха-Сәмен" дастаны

56. Дулат Бабатайұлының әдеби бейнесі алғаш рет қай жазушының қандай шығармасында бейнеленді?

- А) Мұхтар Әуезовтің "Абай жолы" роман-эпопеясы
 В) Сәбит Мұқановтың "Аққан жұлдыз" романы
 C) Зейтін Ақышевтің "Жаяу Мұса" романы

- D) Әнуар Әлімжановтың "Махамбеттің жебесі" романы
 E) Берқайыр Аманшиннің "Махамбеттің тағдыры" романы

57. Жазушы Асқар Тоқмағамбетовтың "Жыр күмбезі" романындағы басты кейіпкер қай ақын еді?

- А) Сүйінбай Аронұлы
 В) Базар Оңдасұлы
 С) Шортанбай Қанайұлы
 D) Жамбыл Жабаев
 E) Құлмамбет Құланаян

58. "Қарадөң" батыр ұрпақтары он төрт батыр туралы жырлардың жыршысы қай ақын еді?

- А) Абай Құнанбайұлы
 В) Мұрат Мөңкеұлы
 С) Дулат Бабатайұлы
 D) Сүйінбай Аронұлы
 E) Мағауия Абайұлы

59. "Зар заман поэзиясы" тақырыбында жаңа зерттеулер жазған қазіргі заманғы қазақ зерттеушілері кімдер еді?

- А) Б. Омарұлы, Қ.Мәдібаева
 В) З.Бисенғали, Б. Әбдіғазизұлы
 С) М.Хамзин, Д.Ысқақұлы
 D) Қ.Алпысбаев, Т.Есембеков
 E) Қ.Әбдезұлы, Р.Тұрысбек

60. Байғызды менсінбей өзінің сұлулығына мастанған тауыстың лашынға ғашықтығы, бірақ лашынның сол тауысты өлтіріп жеп қойғаны туралы тымсыл өлең (притча) қай ақынның шығармасы еді

- А) Мәделі Жүсіпқожаұлы "Шәкіртке айтқаны"
 В) Абай (Крылов) "Түлкі мен қарға"
 С) Базар Оңдасұлы "Айна-тарақ"
 D) Майлықожа Сұлтанқожаұлы "Тотықұс"
 E) Дулат Бабатайұлы "Айтпасымды айтқыздың..."

61. Шығармашылық өмірбаянының алғашқы кезеңі Түркістанда Қожа Ахмет Иасауи, Ахмет Иүгінеки, Сүлеймен Бақырғани дәстүрімен қалыптасқан қай ақын еді?

- А) Майлықожа Сұлтанқожаұлы
 В) Сүйінбай Аронұлы

- С) Дулат Бабатайұлы
- Д) Мұрат Мөңкеұлы
- Е) Шортанбай Қанайұлы

62. Қырғыз ақыны Қатағанмен айтысқан қазақтың қай ақыны еді?

- А) Құлмамбет Құланаян
- В) Нұралы Нысанбайұлы
- С) Бақтыбай Жолбарысұлы
- Д) Жамбыл Жабаев
- Е) Сүйінбай Аронұлы

63. Мұхтар Әуезовтің "Әдебиет тарихы" (1927) кітабын кеңестік идеология не үшін айтыптады?

- А) Қазақ әдебиетіндегі Ресей отаршылдығына қарсы шығармаларды қарастырғаны үшін
- В) Қазақ әдебиетіндегі көрнекті шығармаларды сынағаны үшін
- С) орыс әдебиетін мақтағаны үшін
- Д) фольклорды жүйелегені үшін
- Е) әдебиеттерді салыстырғаны үшін

64. Қайырсыз болған атамекендерден, ата қоныстардан айрылған қазақ тарихын зар замандық толғауларында романтикалық және сыншыл реализм тілімен жырлаған қай ақын еді?

- А) Жанақ Сағындықұлы
- В) Түбек Байқошқарұлы
- С) Мұрат Мөңкеұлы
- Д) Алмажан Азаматқызы
- Е) Бұдабай Қабылұлы

65. "Ақындар" (1956) атты ғылыми монографиялық кітаптың авторы кім еді?

- А) Ысқақ Дүйсенбаев
- В) Сейіт Қасқабасов
- С) Едіге Тұрсынов
- Д) Мұхтар Әуезов
- Е) Есмағамбет Исмайылов

66. Қазақ әдебиетінің төл тарихын XVIII ғасырдағы Бұқар Қалқаманұлы шығармашылығынан бастауды табанды түрде жақтаған ғалым кім еді?

- А) Бейсенбай Кенжебаев
- В) Ханғали Сүйіншәлиев
- С) Серік Қирабаев
- Д) Қажым Жұмалиев

Е) Зәки Ахметов

67. "Мұрат ақын сөздері" (1924, Ташкент) атты кітапты тұңғыш бастырған қай ғалым?

- А) Сәкен Сейфуллин
- В) Мұхтар Әуезов
- С) Мәлік Ғабдуллин
- Д) Халел Досмұхамедұлы
- Е) Сәбит Мұқанов

68. "Бес ғасыр жырлайды" антологиясының құрастырушылары кімдер?

- А) Бейсенбай Кенжебаев, Әлкей Марғұлан
- В) Мұхтар Мағауин, Мардан Байділдаев
- С) Ханғали Сүйіншәлиев, Алма Қыраубаева
- Д) Мырзатай Жолдасбеков, Қабиболла Сыдықов
- Е) Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов

69. Шортанбай шығармаларын жинаушы:

- А) А.Мақпиров
- В) Б.Майлин
- С) Ш.Жәңгіров
- Д) Ә.Марғұлан.
- Е) М.Қалтаев

70. Шортанбайдың толғауларынан басқа, араб әрпімен жазылған дастаны:

- А) «Бозұғлан»
- В) «Ер Қосай»
- С) «Хал-ахуал»
- Д) «Манзумат-қазақия»
- Е) «Үш қиян»

71. Дулат Бабатайұлы шығармаларында А.Байтұрсынов классификациясы бойынша кездесетін толғау түрі:

- А) Сайыс толғау
- В) Эпиталама
- С) Марқайыс толғау
- Д) Сонет
- Е) Жай толғау

72. Дулат Бабатайұлының нақыл түріндегі, шешендік арнау сипатындағы толғауы:

- А) «Тілек»
- В) «Мұнар күн»

- С) «Баласына айтқаны»
- Д) «Жетім қыз»
- Е) «Бөгембай өліміне»

73. Мұрат Мөңкеұлының термесі:

- А) «Әйел туралы»
- В) «Жетім қыз»
- С) «Мұнар күн»
- Д) «Жалғаншы фәни жалғанда»
- Е) «Кәрілік»

74. Х.Досмұхамедұлы жаздырып алған Мұраттың жыры:

- А) «Қарасай-қазы»
- В) «Шайтанның саудасы»
- С) «Хал-ахуал»
- Д) «Ғибратнама»
- Е) «Жетім қыз»

75. Мұрат Мөңкеұлының «Үш қиян» дастанында айтылған жер атауы:

- А) Арыс жағасы
- В) Жайықтың бойы
- С) Қарқаралы
- Д) Іле бойы
- Е) Алатау маңы

Шоқан Уәлиханов

1. Шоқан өзі жинаған қазақтың ауыз әдебиеті нұсқаларын, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын қай профессорға берді?

- А) Радлов.
- В) Ильминский.
- С) Достоевский.
- Д) Березин
- Е) Богородицкий.

2. Шоқанды «қазақтар туралы жазатын орыс әдебиетшісі», - деп кім атады?

- А) Қазақ жұрты.
- В) Орыс оқымыстылары
- С) С. Дуров.
- Д) Ф. Достоевский.
- Е) Г. Потанин.

3. Шоқанның әдебиетші ғалым екендігін танытатын туындысы қандай?

- А) «Майковқа хат».
- В) «Достоевскийге хат».
- С) «Жоңғария очерктері».
- Д) «Манас»
- Е) «Сібір қарамағындағы қазақтардың сот реформасы».

4. Шоқан туралы «Құйрықты жұлдыздай жарқ етіп» деген сөздерді айтқан кім?

- А) Потанин
- В) Мұқанов
- С) Березин
- Д) Әуезов
- Е) Веселовский

5. Шоқанның «Қырғыздардың ескі мифтерінен, аңыздарынан, ертегілерінен жиналып, бір адам төңірегіне топталған энциклопедия», - деген ой-толғаулары қай шығармаға байланысты?

- А) «Махаббат-наме».
- В) «Оғыз нама».
- С) «Қыз жібек».
- Д) «Манас».
- Е) «Қырғыздар туралы жазбалар».

6. Семейге жер аударылып келіп, Шоқанның досы болған орыс жазушысын көрсетіңіз.

- А) П.П. Семенов-Тянь-Шанский.
- В) Н.Г. Чернышевский.
- С) Г.Н. Потанин.
- Д) Ф.М. Достоевский.
- Е) Е.П. Михаэлис.

7. Ш. Уәлихановтың халық жағдайын жақсарту үшін ең керекті нәрсе деп нені есептегенін атаңыз.

- А) Экономикалық реформа.
- В) Реформа емес, бостандық қажет.
- С) Әлеуметтік реформа.
- Д) Экономикалық және әлеуметтік реформа.
- Е) Саяси реформа.

8. «Шоқан жалпы жолдастарына, соның ішінде маған, «Европаға ашқан терезе» сықылды болды» - деген сөздің авторы кім?

- A) А.С. Дуров.
- B) Ф. Достоевский.
- C) Н. Костылецкий.
- D) И. Березин.
- E) Г. Потанин.

9. III. Уәлихановтың пікірін табыңыз.

- A) Манас – ұрпақтар сабақтастығын құрайтын жыр.
- B) Манас - өте ұзақ жыр.
- C) Манас – мифологиялық жыр.
- D) Манас – қырғыз халқының батырлық жыры.
- E) Манас – даланың «Иллиадасы» тәрізді.

10. III. Уәлихановтың еңбегін табыңыз.

- A) «Басқару ережесі».
- B) «Сот реформасы» туралы.
- C) «Жаңа низам».
- D) «Жеті жарғы».
- E) «Уақытша ереже».

11. «Сіз мені жақсы көремін дейсіз, ал мен сізге ғашықпен». Шоқанға бұл сөзді арнаған кім?

- A) Г. Потанин.
- B) А. Гасфорд.
- C) Е. Ильминский.
- D) Ф. Достоевский.
- E) С. Дуров.

12. Шоқан жазып алған ертегіні белгілеңіз.

- A) «Ертегі».
- B) «Өлі мен тірінің достығы».
- C) «Айбарша сұлу».
- D) «Толағай».
- E) «Жүсіп хан».

13. С. Бегалиннің III. Уәлихановқа арналған туындысының атын табыңыз.

- A) «Ариадна жібі».
- B) «Аққан жұлдыз».
- C) «III. Уәлиханов».
- D) «Бала Шоқан».
- E) «Қашқарға саяхат».

14. Шоқан «қырғыздың «Одиссеясы» атаған эпостық шығарманы атаңыз:

- A) «Алпамыс».
- B) «Манас».
- C) «Семетей».

- D) «Ер Тарғын».
- E) «Батыр Баян».

15. "Бала Шоқан" повесінің авторы қай жазушы еді?

- A) Бердібек Соқпақпаев
- B) Сапарғали Бегалин
- C) Сейітжан Омаров
- D) Сәуірбек Бакбергенов
- E) Өтебай Қанахин

16. Шоқанға арналған "Ақ боз атты ару" романының авторы кім?

- A) Сапарғали Бегалин
- B) Сансызбай Саргасқаев
- C) Сәуірбек Бакбергенов
- D) Бердібек Соқпақбаев
- E) Сейітжан Омаров

17. "Шоқан Уәлиханов" пьесасының авторы кім?

- A) Әлжапбар Әбішев
- B) Мұхтар Әуезов
- C) Ғабит Мүсірепов
- D) Сәбит Мұқанов
- E) Ғабиден Мұстафин

18. "Шоқан және Манас" монографиясының авторы кім еді?

- A) Бейсенбай Кенжебаев
- B) Ханғали Сүйіншәлиев
- C) Қажым Жұмалиев
- D) Әлкей Марғұлан
- E) Сәбит Мұқанов

19. Қазақ өлеңінің жанрларын тұңғыш рет бес түрге (өлең, қара өлең, қайым өлең, жыр, жоқтау) бөлген кім еді?

- A) Абай Құнанбайұлы
- B) Шоқан Уәлиханов
- C) Ыбырай Алтынсарин
- D) Мағжан Жұмабаев
- E) Шәкәрім Құдайбердиев

20. "Қазақтардағы шамандықтың қалдығы" еңбегінің авторы кім еді?

- A) Ыбырай Алтынсарин
- B) Шоқан Уәлиханов
- C) Абай Құнанбайұлы
- D) Шәкәрім Құдайбердиев
- E) Мағжан Жұмабаев

Ы. Алтынсарин

1. Дақты І Петр Ы. Алтынсариннің қай шығармасының кейіпкері?

- А) «Мейірімді бала».
- В) «Талаптың пайдасы».
- С) «Атымтай Жомарт».
- Д) «Бақша ағаштары».
- Е) «Әке мен бала».

2. «Ауырмақ түгіл жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жанымның қиналғанын көріп, әжем де қиналып жыламасын деп жатырмын» - бұл Алтынсариннің қай кейіпкерінің сөзі?

- А) Жомарт.
- В) Бала.
- С) Асан.
- Д) Сейіт.
- Е) Сейітқұл.

3. Ы. Алтынсарин «Бір уыс мақта», «Алтын шеттеуік», «Тәккапаршылық», «Әдеп» шығармаларының сюжеті мен тақырыбын кімнен алған?

- А) Толстойдан.
- В) Ушинскийден.
- С) Крыловтан.
- Д) Дулаттан.
- Е) Паульсоннан.

4. Ыбырай Алтынсариннің қай әңгімесінде отырықшы тұрмыс-салты насихатталады?

- А) «Малды пайдаға жарату».
- В) «Білгеннің пайдасы».
- С) «Дүние қалай етсең табылады».
- Д) «Қыпшақ Сейітқұл».
- Е) «Зеректік».

5. «Шырағым қызым, әрдайым осындай рақымды бол, саған мұның үшін құдай рақым етер». Бұл үзінді Ы. Алтынсариннің қандай әңгімесінен алынған?

- А) «Асыл шөп».
- В) «Әке мен бала».
- С) «Шеше мен бала».
- Д) «Алтын шеттеуік».
- Е) «Жомарт».

6. «Пышақтың сыртымен қатты ұрып еді, от шығып, мақта тұтанды». Бұл эпизод Ы. Алтынсариннің қай әңгімесінен алынған?

- А) «Қыпшақ Сейтқұл».
- В) «Бай баласы мен жарлы баласы».
- С) «Әке мен бала».
- Д) «Бір уыс мақта».
- Е) «Мейірімді бала».

7. Ы. Алтынсариннің өмір үшін күресудің жолын білмейтін, шыдамсыз, еңбекке икемі жоқ жанның қандай болатынын көрсеткен әңгімесін белгілеңіз.

- А) «Бай баласы мен жарлы баласы».
- В) «Қыпшақ Сейітқұл».
- С) «Әке мен бала».
- Д) «Алтын адам».
- Е) «Лұқпан хакім».

8. Ы. Алтынсарин туралы жазылған поэма қалай аталады?

- А) «Адасқан өмір».
- В) «Медғат-Қасым».
- С) «Ескендір».
- Д) «Дала қоңырауы».
- Е) «Кім жазықты?».

9. Атасы Балқожа бидің немересі Ыбырайға арнап жазған өлеңі қалай аталады?

- А) Жазған жоқ.
- В) «Бес нәрседен қашық бол».
- С) «Арман».
- Д) «Үміт еткен көзімнің нұры балам».
- Е) «Сегіз аяқ».

10. Ы. Алтынсариннің «Таза бұлақ әңгімесінің кейіпкерлері» кімдер?

- А) Саудагер, молда, келбетті жігіт.
- В) Ұсташы, сұлу қыз, молда.
- С) Келбетті жігіт, хан, зергер.
- Д) Күйші, ақын, саудагер.
- Е) Бақташы, молда, ақын.

11. Ескендір туралы өлеңді қазақ әдебиетінде алғаш рет шығарған кім?

- А) Ы. Алтынсарин.
- В) А. Құнанбаев.
- С) М. Мөңкеұлы.
- Д) Ш. Қаныйұлы.
- Е) Ш. Жарлығасұлы.

12. «Александр Македонский туралы кыргыз өлеңі» деген атпен жарияланған мақаланың авторы кім болды?

- A) Н. Савичев.
- B) А. Дуров.
- C) Г. Потанин.
- D) Н. Саркин.
- E) И Березин.

13. Қандай еңбегіне жазған алғы сөзінде Ыбырай біраз шығамалардың «Түрлі орыс хрестоматияларынан, көбінесе Паульсонның хрестоматиясынан» аударып алынғанын айтады?

- A) «Қазақ әліпбиі».
- B) «Сөз өнері».
- C) «Әдебиет таңытқыш».
- D) «Қазақ хрестоматиясы»..
- E) «Ақ жол».

14. «Тақсыр, жұмыс істеп, бала-шағаларын асырайтын атамның қолын қалдырып, мына менің қолымды кесіңіз.» - бұл Ыбырайдың қандай әңгімесінен алынған үзінді?

- A) «Бақша ағаштары».
- B) «Мейірімді бала».
- C) «Атымтай Жомарт»
- D) «Әке мен бала».
- E) «Талаптың пайдасы».

15. Ыбырай қандай жәндіктерді балаларға үлгі етеді?

- A) Жапалақ, қарлығаш, сауысқан.
- B) Құмырсқа, қоңыз, құрт.
- C) Суыр, жарқанат, өрмекші.
- D) Қоңыз, сауысқан, тышқан.
- E) Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш.

16. "Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркі" атты этнографиялық мақаланың авторы кім еді?

- A) Ахмет Байтұрсынов
- B) Халел Досмұхамедұлы
- C) Шоқан Уәлиханов
- D) Мұхтар Әуезов
- E) Ыбырай Алтынсарин

17. Қазақ мектептері үшін ислам дінінің қағидаларын түсіндіретін тұңғыш оқу құралының аты және оның авторы кім еді?

A) Ахмет Байтұрсыновтың "Әдебиет танытқыш" оқу құралы "Діндар дәуір" тарауы

B) Мағжан Жұмабаевтың "Педагогика" кітабы

C) Жүсіпбек Аймауытовтың "Психология" кітабы

D) Ыбырай Алтынсаринның "Мұсылманшылықтың тұтқасы" (Шариат-ул-ислам) оқу құралы

E) Ыбырай Алтынсаринның "Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі" еңбегі

18. 1879 жылы Орынборда "Киргизская хрестоматия", 1896 жылы Қазанда "Мәктубат", 2003 жылы "Қазақ хрестоматиясы" атауларымен жарияланған оқу құралының авторы кім?

- A) Ыбырай (Ибраһим) Алтынсарин
- B) Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы
- C) Спандияр Көбеев
- D) Шәкәрім Құдайбердиев
- E) Мағжан Жұмабаев

19. "Еңбекпен тапқан нан тәтті" деген қай шығарманың кейіпкерінің сөзі?

- A) "Асан мен Үсен"
- B) Қыпшақ Сейітқұл"
- C) Ыбырай "Атымтай Жомарт"
- D) "Бақ ағаштары"
- E) "Кедей"

20. Айнадай сәуле беріп жарқыраған-қайсы өлеңнен алынған?

- A) "Өнер білім бар жұрттар"
- B) "Кел балалар, оқылық"
- C) "Өзен"
- D) "Жаз шыққанда"
- E) "Бойы бұлған"

21. Қай ақынның өлең жолдарынан алынған? "Жаңа өспірім достарым, қатарың кетті-ау алысқа"

- A) Абай
- B) Ыбырай
- C) Ақылбай
- D) Шоқан
- E) Шортанбай

22. “Өнер білім бар жұрттар” -кімнің өлеңі?

- A) Абай
- B) Ыбырай
- C) Ақылбай
- D) Мағауия
- E) Шоқан

23. “Сейіт” Ыбырайдың қай әңгімесінің кейіпкері?

- A) “Аурудан аяған күштірек”
- B) “Атымтай Жомарт”
- C) “Шеше мен бала”
- D) “Талаптың пайдасы”
- E) “Қыпшақ-Сейткұл”

24. Ы.Алтынсарин туралы есте қалғандардан кітабының авторы кім?

- A) Радлов
- B) Григорьев
- C) Соколов
- D) Васильев
- E) Ильминский

25. Толстой, Ушинский, Паульсон еңбектерін аударған кім?

- A) Шоқан
- B) Ақылбай
- C) Абай
- D) Ыбырай
- E) Шәкәрім

26. «Әй, жігіттер» өлеңін Ыбырай кімге арнаған?

- A) Болыстарға.
- B) Кедейлерге.
- C) Балаларға.

D) Ел азаматтарына.

E) Оқушыларына.

27. Ыбырайдың оқу, білім алудағы мақсат неде екенін кеңінен аша түсетін өлеңін көрсетіңіз:

- A) «Өзен».
- B) «Жаз».
- C) «Өнер, білім бар жұрттар».
- D) «Талаптың пайдасы».
- E) «Шеше мен бала».

28. Ы. Алтынсариннің прозалық шығармасын табыңыз.

- A) «Өзен».
- B) «Бақша ағаштары».
- C) «Жаз».
- D) «Залым төреге».
- E) «Әй, жігіттер».

29. Ы. Алтынсариннің әңгімелерінің ең негізгі тақырыбын көрсетіңіз.

- A) Екі таптың арасындағы қайшылық.
- B) Табиғат пен тіршілік тұтастығын суреттеу.
- C) Махаббат мәселесі.
- D) Табиғаттың әсемдігі.
- E) Еңбекті сүю және қадірлеу.

30. Ы. Алтынсарин туралы поэма жазған кім?

- A) С. Торайғыров.
- B) С. Көбеев.
- C) Ә. Тәжібаев.
- D) Ғ. Қайырбеков.
- E) С. Дөнентаев.

Абай Құнанбайұлы

1. «Анттың, серттің, адалдықтың, ұяттың бір тоқтаусыз кеткені ме?» - Абайдың нешінші қара сөзінен?

- A) Бесінші.
- B) Отыз екінші.
- C) Он екінші.
- D) Он бірінші.
- E) Бірінші.

2. Абай Құнанбайұлы Крыловтан аударған мысалын белгілеңіз.

- A) «Күз».
- B) «Жартас».
- C) «Жаз».
- D) «Қыс».
- E) «Шегіртке мен құмырсқа».

3. Абайдың алғаш рет өз атымен жариялаған өлеңін белгілеңіз.

- A) «Өлең сөздің патшасы».
- B) «Қалың елім, қазағым».
- C) «Жаздыгүн шілде болғанда».

- D) «Ғылым таппай мақтанба».
E) «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат».

4. Абай төмендегі ақын-жазушылардың қайсысының шығармаларын аударған?

- A) Чехов.
B) Грибоедов.
C) Лермонтов.
D) Брюсов.
E) Маяковский.

5. Абайдың аяқталмаған поэмасы қалай аталады?

- A) «Ескендір».
B) «Масғұт».
C) «Әзім әңгімесі».
D) «Адасқан өмір».
E) «Медғат-Қасым».

6. «Жүрегіңмен тыңдамай,
Құлағыңмен қармарсың.
Соны көріп соларға,
Қайтіп қана сарпарсың» - деген өлең жолдары Абайдың қай өлеңінен алынған?

- A) «Өзгеге көңілім тоярсың!».
B) «Кейде есер көңіл құрғырың».
C) «Заман-ақыр жастары».
D) «Көзінен басқа ойы жоқ».
E) «Менсінбеуші ем наданды».

7. Абайдың алғаш жарық көрген өлеңдері кімнің атынан жарияланған?

- A) Уәйістің.
B) Ақылбайдың.
C) Мағауияның.
D) Әріптің
E) Көкбайдың.

8. Абайдың табиғат пен махаббат сырын үндестіре жырлаған өлеңін көрсетіңіз:

- A) «Көлеңке бойын ұзартып».
B) «Көк ала бұлт сөгіліп».
C) «Жаз».
D) «Желсіз түнде жарық ай».
E) «Қараңғы түнді тау қалғып».

9. Абайдың қай қара сөзі тек афоризмдерден тұрады?

- A) Он бесінші.
B) Бесінші.
C) Он тоғызыншы.
D) Отыз жетінші.

E) Үшінші.

10. Абайдың пікірлес орыс досы кім?

- A) Белинский.
B) Михаэлис.
C) Потанин.
D) Веселовский.
E) Семенов-Тянь-Шанский.

11. Абайдың өлеңін көрсетіңіз.

- A) Жазғытұрым».
B) «Өзен».
C) «Кедей».
D) «Замана адамы».
E) «Бірінші тілек тілеңіз».

12. «... Бұл – адамға, оның ішінде әйелге деген сүйспендік гимні, әйелді жүректер табынар махаббат тәңірісіне айналдыру» - деген пікірді Ә. Тәжібаев қай өлеңге байланысты айтқан?

- A) «Желсіз түнде жарық ай».
B) «Сегіз аяқ».
C) «Болыс болдым мінеки».
D) «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым».
E) «Жарқ етпес қара көңілім...».

13. Абайдың өнер-білім тақырыбындағы өлеңін белгілеңіз.

- A) «Интернатта оқып жүр».
B) «Көзімнің қарасы».
C) «Бойы бұлған».
D) «Қыс».
E) «Ал, сенейін, сенейін».

14. Абайдың поэмасын атаңыз:

- A) «Ләйлі-Мәжнүн».
B) «Масғұт».
C) «Медғат-Қасым».
D) «Жүсіп-Злиха».
E) «Еңлік-Кебек».

15. Мына үзінді Абайдың қай өлеңінен: «Бас-басына би болған өңкей қиқым, Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?»

- A) «Ішім өлген, сыртым сау».
B) «Алланың һөзі де рас, сөзі де рас».
C) «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын».
D) «Қалың елім».
E) «Бойы бұлған».

16. «Тұл бойын ұят-ар едің» - деп басталатын өлеңін Абай кімге арнаған?

- A) Оспанға.
- B) Шәкәрімге.
- C) Әбдірахманға.
- D) Мағауияға.
- E) Көкбайға.

17. «Жаңа жылдың басшысы ол, мен ескінің арты едім», - деген өкінішті Абай кімі жайында білдірді?

- A) Әкесі.
- B) Немересі.
- C) Баласы.
- D) Әйелі.
- E) Інісі.

18. Абай інісі Оспанға арнаған өлеңді көрсетіңіз:

- A) «Мал түгіл жанға мырза еді».
- B) «Ғылым таппай мақтанба».
- C) «Сап-сап көңілім».
- D) «Жайнаған туың жығылмай».
- E) «Қансонарда».

19. Ә. Дербісәлиннің Абай туралы айтқан сөздерін аяқтаңыз: «Ақынның жас кезіндегі, толысқан кезіндегі, кемелденген кезеңдегі творчествосына ортақ, барлық тұста бірдей көрінетін ұнамды бейнесі - ...»:

- A) Өмірге ғашық Адам.
- B) Білімді Адам.
- C) Шын мәніндегі Адам.
- D) Әділетті Адам.
- E) Өнерлі Адам.

20. Абайдың «Мінез – ақыл мен ғылымды сақтайтын сауыт» деген афоризмі қай қара сөзінен алынған?

- A) Отыз екінші.
- B) Он бесінші.
- C) Он екінші.
- D) Тоғызыншы.
- E) Төртінші.

21. Абайды кім «қазақ поэзиясының күн шуақты биігі» деп атаған?

- A) А. Байтұрсынов.
- B) М. Жұмабаев.
- C) М. Дулатов.

D) М. Әуезов.

E) Ш. Құдайбердіұлы.

22. «Масғұт» поэмасының бас кейіпкері алдына таңдау ұсынғанда, нені жоғары бағалайды?

- A) Байлық пен асқан дәулетті.
- B) Ақыл даналығын.
- C) Әйел жұртын сүйді.
- D) Мәңгілік өмір сүруді.
- E) Даңқ, атақты.

23. И. Тургеневтің «Восточная легенда» әңгімесімен мазмұндас Абайдың поэмасы көрсетіңіз:

- A) «Ескендір».
- B) «Масғұт».
- C) «Жаз».
- D) «Өлең сөздің патшасы».
- E) «Әзім әңгімесі».

24. «Адам баласының ең жаманы - талапсыз». Абайдың қай қара сөзінен алынған?

- A) Бесінші.
- B) Он жетінші.
- C) Қырық төртінші.
- D) Оныншы .
- E) Он үшінші.

25. Абайдың ән құдіретін жырлаған өлеңін көрсетіңіз.

- A) «Кейде есер көңіл құрғырын».
- B) «Құлақтан кіріп бойды алар».
- C) «Ғылым таппай мақтанба».
- D) «Бойы бұлған».
- E) «Өлсем, орным қара жер».

26. Абайдың табиғат лирикасындағы ең алғашқы өлеңін көрсетіңіз:

- A) «Жазғытұрым».
- B) «Қыс».
- C) «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай».
- D) «Жаз».
- E) «Күз».

27. Абай алғаш рет қай орыс классигінің шығармасын қазақ тіліне аударды?

- A) А. Пушкин.
- B) М. Лермонтов.
- C) И. Крылов.
- D) Л. Толстой.

Е) И. Тургенев.

28. «Ашуың – ашыған у, ойын кермек» - деген өлең жолы Абайдың қай шығармасынан алынған?

- А) «Қалың елім, қазағым».
- В) «Әсемпаз болма әрнеге».
- С) «Қартайдық, қайғы ойладық».
- Д) «Біреудің кісісі өлсе, сол кінәлі».
- Е) «Өкінішті көп өмір өтіп кеткен».

29. Абайдың қай қара сөзінде қазақтың мақал-мәтелдері туралы сын айтылады?

- А) Алтыншы.
- В) Отызыншы.
- С) Бесінші.
- Д) Он алтыншы.
- Е) Тоғызыншы.

30. Абай ақындығына әуелгі ықпал еткен көркемдік негіз қандай еді?

- А) түркі әдебиеті
- В) дін оқуы
- С) қазақтың халық әдебиеті
- Д) ел билеу жолы
- Е) ойын – сауықтар

31. Абайдың мына өлең шумағында бейнелеудің қандай түрі қолданылған?

- Ақ киімді, денелі, ақ сақалды.
Соқыр, мылқау танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
- А) күрделі айқындау (Эпитет)
 - В) күрделі ауыстыру (метафора)
 - С) күрделі теңеу
 - Д) күрделі мегзеу
 - Е) күрделі астарлау

32. Абайдың мына өлең жолдарында бейнелеудің қандай түрі қолданылған?
Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Бурадай бұрқ-сарқ етіп долданғанда.

- А) эпитет
- В) теңеу
- С) метафора
- Д) символ
- Е) аллегория

33. Абайдың мына өлең жолдарына бейнелеудің қандай түрі қолданылған?
Болатша дірілдеген жалын көрген

Бір күңгірт тартып және оттай жанған.

- А) теңеу
- В) эпитет
- С) символ
- Д) синекдоха
- Е) метафора

34. Абайдың мына өлең жолдарында бейнелеудің қай түрі бар?

Қабаған итше өшігіп шыға келер
"Мен қапсам, тап бір жерін бөксерем" деп

- А) символ
- В) синекдоха
- С) эпитет
- Д) метафора
- Е) теңеу

35. Абайдың мына өлеңіндегі метафораның қай түрі қолданылған?

Дем алысы - үскірік, аяз бен қар.
Кәрі құдаң – қыс келіп әлек салды.

- А) жалғаулы метафора
- В) жай метафора
- С) ұлғайған метафора
- Д) жұрнақсыз метафора
- Е) көмекші етістік арқылы жасалған метафора

36. Абайдың мына өлең жолдарында бейнелеудің қай түрі бар?

Күшік асырап, ит еттім
Ол балтырымды қанатты,
Біреуге мылтық үйреттім,
Ол мерген болып мені атты.

- А) метафора
- В) метонимия
- С) синекхода
- Д) теңеу
- Е) эпитет

37. Абайдың мына өлең жолдарында бейнелеудің қай түрі бар?

Бір жілік пен бір аяқ қымыз берген,
Дереу сені жұмсайды бір жұмысқа

- А) эпитет
- В) теңеу
- С) метонимия
- Д) метафора
- Е) синекдоха

38. Абайдың мына өлеңінде бейнелеудің қай түрі бар?
Жартасқа бардым,

Күнде айқай салдым,
Онан да шықты жаңғырық.
Естіп үнін,
Білсем деп жөнін
Көп іздедім қаңғырып
Баяғы жартас - бір жартас,
Қаңқ етер, түкті байқамас.
А) символ
В) синекдоха
С) теңеу
D) эпитет
Е) метонимия

39. Абайдың мына аударма өлеңінде бейнелеудің қай түрі бар?
Ірімшікті Құдайым,
Кез қылды бір күн қарғаға...
Бір қу түлкі сорына
Жақын жерде жүр еді
А) аллегория
В) метафора
С) метонимия
D) синекдоха
Е) эпитет

40. Абайдың мына өлеңінде бейнелеудің қай түрі бар?
Мұқым қазақ баласы
Тегіс ақыл сұрапты.
А) кішірейту (литота)
В) әсірелеу (гипербола)
С) градация
D) перифраз
Е) түйдектеу

41. Абайдың мына өлеңінде айшықтаудың (фигураның) қай түрі қолданылған? Қап-аппақ, бүркіт - кара, түлкі қызыл, Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға...
Аппақ ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш,
Қара шаш қызыл жүзді жасырғанда
А) инверсия
В) дамыту
С) арнау
D) қайталау
Е) шендестіру

42. Абайдың мына өлеңінде айшықтаудың (фигураның) қай түрі қолданылған?
Балалық өлді, білдің бе,
Жігіттікке келдің бе,
Жігіттік өтті көрдің бе,

Кәрілікке көндің бе?
А) шендестіру
В) дамыту (градация)
С) арнау
D) қайталау
Е) инверсия

43. Абайдың мына өлеңінде айшықтаудың (фигураның) қай түрі қолданылған? Келдік талай жерге енді,
Кіруге-ақ қалдық көрге енді
А) инверсия
В) қайталау
С) шендестіру
D) дамыту
Е) арнау

44. Мына өлең жолдары Абайдың қандай аударма шығармасы?
Шаң шығармас жол - дағы,
Сілкіне алмас жапырақ.
Тыншығарсың сен - дағы,
Сабыр қылсаң азырақ.
А) Сұрғылт тұман дым бүркіп
В) Жалау
С) Қараңғы түнде тау қалғып
D) Жартас
Е) Қорқытпа мені дауылдан

45. Абайдың мына өлең жолы қай шығармасындағы кейіпкер сөзі?
Қаймақ еді көңілімде,
Бізге қаспақ болды жем
Екі сөз жоқ өмірімде,
Мен де сорлы – бақыты кем
А) Онегин сөзі
В) Ленский сөзінен
С) Татьяна сөзі
D) Онегиннің өлердегі сөзі
Е) Татьянаның Онегинге жазған хаты

46. Мына өлең жолы неше буынды?
Жарым жақсы киім киіп,
Келді жанға жылы тиіп.
Диуана болды бұл көңілім,
Басылмай бір құшып сүйіп.
А) он буынды
В) жеті буынды
С) сегіз буынды
D) тоғыз буынды
Е) он бір буынды

47. «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» монографиясының авторы кім?

- A) Мұхтар Әуезов
- B) Қажым Жұмалиев
- C) Ханғали Сүйіншәлиев
- D) Әлкей Марғұлан
- E) Серік Қирабаев

48. Абайдың мына сөзі нешінші қара сөзінде еді?

«Біздің қазақтың қосқан аты алдында келсе, күреске түсірген балуаны жықса, салған құсы алса, қосқан иті өзгеден озып барып ұстаса, есі шығып қуанады. Білмеймін, содан артық қуанышы бар ма екен: Әй, жоқ та шығар!»

- A) отыз екінші сөз
- B) қырық бірінші сөз
- C) екінші сөз

D) жиырма алтыншы сөз

E) жиырма бесінші сөз

49. "Абайдың қара сөздері" деген тақырыпта диссертация қорғаған, кітап шығарған қай ғалым?

- A) Ханғали Сүйіншәлиев
- B) Қажым Жұмалиев
- C) Мұхтар Әуезов
- D) Әлкей Марғұлан
- E) Зейнолла Қабдолов

50. "Хакім Абай" атты жаңашыл кітап жазған қай ғалым еді?

- A) Мұхтар Әуезов
- B) Сәбит Мұқанов
- C) Ғарифолла Есімов
- D) Қажым Жұмалиев
- E) Ханғали Сүйіншәлиев

ҚОСЫМШАЛАР

Өлі мен тірінің достығы туралы аңыз (Шоқан Уәлиханұлы ел аузынан жазып алған)

Ертеде бір байдың үш ұлы болыпты. Бай жылқысынан қысырақтың бір үйірі жоғалыпты. Байдың үлкен ұлы әкесіне келіп:

— Әке, қысырақтың үйірін мен іздеп келейін!.. – дейді.

— Бара ғой, балам, ізде! – дейді әкесі. Ұлы азық-түлігін алып, қару-жарағын асынып, атына қонады.

Әкесінің сиқыры бар екен дейді, баласын сынағысы кеп, алты қырды асып, алты арланға айналып, баласын тосады. Алты арлан қасқырды көріп баласы қорқып, үйіне қайтып барып, жатып алады. Қысырақтың үйірін іздемекші болып әкесіне ортаншы ұлы келеді. Ол да қасқырдан қорқып, үйге қашып келеді. Енді ең кіші ұлы қалады. Ол келіп әкесіне:

— Мен іздеймін, – дейді. Әкесі:

— Жарайды, – деп жауап қатады.

Әкесі балаларының сыншысы еді. Ол алты жолбарыс болып жолда жатып алады. Алты жолбарыс болған әкесін көрген ұлы астындағы атын қамшылап-қамшылап жіберіп, жолбарыстарға тап береді. Жолбарыстарға найзасын сілтей бергенде:

— Тоқта! – деді әкесі.— Ей, балам, мен, менмін ғой, немене найзанды сүңгітіп алмақсың ба?! Иә, мен біліп едім, енді қолыңды жай, ұлым! Әкесі батасын беріп:

— Жолың болсын, ұлым, сенің алдыңда, енді, өз кейпіме келейін, – дейді де:— Балам, ұмытпа, елсіз түзде жүргенде, далаға қонбай, ескі мазарлар кездессе сонда түне, – дейді.

Күн артынан күн өтіп, бірде, күн ұясына қонар кезде, кіші ұлы ескі қорғандарды көреді, молалардан басқа иен далада көзге түсер ештеңе жоқ еді. Молалардың батыс жағында, топырағы әлі қап-қара болып жатқан жас қабірды көреді. Сол жас қабірға жақындап келіп:

— Сәлем! – дегенде, көр жақтан:

— Кімді сұрап тұрсың? – деген жауап шықты. Артынша, көрден қастары қап-қара, өрімдей жас жігіт шықты. Жігіт:

— Кімді сұрайын? Құдайы қонақ едім, түнейін деп келдім, – дейді.

— Онда, атыңнан түс, – дейді өлік, тізгіннен ұстап, барлық салт-дәстүр бойынша, атынан түсіреді. Сонан соң көрден шыққан аруақ-өлік қолынан ұстап:

— Көзіңді жұм, мен айтқанда ғана аш, – дейді де, жетелеп ала жөнеледі. Бір жерге келгенде:

— Аш көзіңді, – дейді. Жігіт көзін ашса, алдында тамаша үй тігулі тұр, сәулетті сарайдан аумаған, іші кірсе шыққысыз, жұпар иіс аңқиды. Олар үйге кіріп жайғасқаннан соң көрден шыққан (аруақ-өліктің қап-қара қызметшісі бар екен) аруақ қызметшісіне бұрылып:

— Қонаққа мал әкел, – деді. Қара қызметші шығып кетіп, боз қойды жетектеп келді. Қойды сойып, етінен жақсылап асқызып, тамаққа тойып, ештеңе болмағандай ұйықтайды. Ертеңгісін жігіт қолы-басын жуып, кешеден қалған тамақты жылытып әкеп дастарқанға қойғанда, аруақ сөз бастап:

— Кел, екеуміз дос болайық, – дейді. Жігіт:

— Болсақ болайық, – деп жауап береді. Сол жерде құшақтасып дос болысады. Қонақ жігіт:

— Рұқсат болса, жолға шығайын, қысырақтарымды іздейін, – дейді. Аруақ:

— Жақсы, достым, біраз сабыр ет, мен өзімнің тағдырымды әңгімелеп берейін, – дейді.— Мен бір байдың жалғыз ұлы едім, әкем бай болды. Бірде, біздің ел соғысқа шықты, мен де қосылдым. Ұрыста, жау жағынан қара қасқа атты, қара қалпағының төбесі мыжырайған, қолында ұзын қызыл сапты найзасы бар, қара сақалы шошайған біреу «жекпе-жекке!» – деп, ортаға шықты. Мен шықтым. Жекпе-жекке ол тұрғын халықтардан, мен шапқыншы жақтан шықтым. Ол найзасын түзеді, мен де ыңғайладым, бірақ менің найзам қысқалау еді де, оныкі ұзынырақ еді. Оның сілтеген найзасы бірінші кеп қадалды, мен өлдім. Менің соғыста шаһид болғанымды естіп, алла-тағалам шейіт етті. Сол жорықта, менің астымдағы ат көтерем еді. Қусаң жететін, қашсаң құтылатын әкемнің екі аты бар еді, ұшқан құс та жетпейтін жүйрік, мен сол екі аттың бірін мінейін деп едім, әкем рұқсат етпеді. Егер маған дос болсаң, бүгін біздің ауылға бар, сонда қон, сенің қысырақтарың біздің жылқының ішінде жүр, қазір өсіп, саны тоқсанға жетті. Егер мені дос деп санасаң, біздің жылқының ішіндегі бір үйірде жүрген екі айшұбарды жарып таста.

— Жарайды, – дейді жігіт.— Жарып тастар едім, бірақ менің пышағым жоқ. Аруақта әдемі кішкене пышақ бар екен.

— Мә, мынаны ал да, жарып таста, – деді жігітке.— Менің саған бір өтінішім бар, біздікінде болғанда, мен берген пышақты үйдегілерге көрсетпе, қарындасым бірден танып қояды, танып қойса саған сондай қорқынышты болады, – дейді.

Жігіт аруақ-жігіттің аулына келіп қонды. Таң атты, өрістен жылқы қайтты. Жігіт атына мініп, өрістен қайтқан жылқының алдынан шықты. Жылқышылар жас балалар еді, жігіт олардың бар-жоғын елемей, табынның алдында ойнақтап келе жатқан екі айшұбарды ұстап алды да, жарып тастады.

«Бай! Бай! Мына бір адам екі айшұбарды жарып тастады», – деп, жылқышы балалар ауылға қарай шапты. Екі бірдей айшұбарды жарған адамның беті-жүзіне кім қарасын, аттарына міне сап, ауылдағылар жігітке тап берді. Жігітті ұстап байға алып келді. Қолы тигені жігітті ұрып, қолы тимегені жерді сабалап, алдымен киімнің сыртынан соқса, кейіннен, шешіндіріп сабады. Аяғындағы етігін шешкенде, аруақ-досы берген әдемі пышақ қонышынан түсіп кетті. Аруақ-досының қарындасы да сол жерде тұр еді. Пышақты көрген қыз: «Ой-бай! – деп айқайлап жіберді де, — мынау ағамның пышағы ғой!» – деді де, жігіттің қолынан ұстай алды. О бастағы ұрған, ұрған ба, нағыз ұрып-соғу енді басталды. «Оны өлтірген осы», – десіп, жан-жағынан айқайға басып, жігітті өлтіргелі жүр. Аруақ-досы ескертіп:

— Егер қатты қинаса, бар шындықты айт, – деген-ді. Енді шын айтпаса, өлтіретіндерін білген жігіт:

— Уа, жұрт! Шынымды айтайын, өлсем де шынымды айтып өлейін! Үш-ақ ауыз сөз беріңдер! Айтайын ба, әлде жоқ па?!

— Айтқын, егер бірдеңе білсең? – десті.

Жігіт сонда:

— Мен бір байдың баласы едім, – деп, басынан кешкендерін айтып берді. Оның сөзіне ешкім сенбеді.

— Өлтіреміз! Шыныңды айт, өлтірген сен!

Сонда жігіт тұрып:

— Халайық, сіздер маған сенбедіңіздер, егер мен досымды көрсетсем сенесіздер ме? Халық:

— Жарайды! Тек көрсет, сонда ғана сенеміз, – десті. Аруақтың әкесі халықты жиып, баласының моласына бармақ болды. Барлығы атқа мініп, біздің жігітке өгізше ме, сиыр ма мінгізді. Бәрі қоршап жігітті алып келеді, әлі де болса сенбейді. Бәрі жиылып молаға да жетті.

— Халайық! – деді жігіт. — Осы жерде тұрындар, жыламаңдар, мен досымды шақырам. Халық тоқтай қалды, бірақ аруақтың әкесі шыдамай жігіттің соңынан ерді. Аруақ-жігіт осының бәрін біліп жатты – аруаққа бәрі белгілі. Әкесі оны тірі күнінде өкпелетсе де, ол әкесіне сәлем берейін деп, көрінен шықты. Әкесіне амандасты... шешесі келді, онымен де амандасты, содан соң жалғыз қарындасы, оның жанында, оң жақта қалған, қалыңдығы келді. Қалыңдығы қарындасынан бұрынырақ ұмтылып еді, Аруақ-жігіт оны оң қолының шынашағымен итеріп жіберіп, алдымен қарындасымен көрісті. Сорлы қыз, баяғыда өліп қалған жалғыз ағасын көріп, жасқа булығып, талықсып, ағасының оң иығына құлады. Аруақ-жігітке қарындасының көз жасы тамған сәтте, зым-зия жоқ болды. Халық осыдан кейін жігітке сеніп:

— Жақсы! Жарайсың! – деп, басқаша сый-құрмет көрсетіп:

— Сен, – деді бай жігітке... — Менің жалғыз шамшырағымның досы екенсің, енді сен де өз баламсың, менің мал-жанымның жартысын ал, – деді.

Жігіт сонда тұрып:

— Маған ештеңенің керегі жоқ, тек менің әкемнің қысырақтарын қайтарсаңыз болғаны, – деді. Бай өзінің ұсынысын екі рет қайталады, жігіт екі рет рақметін айтып, өзінің тоқсан жылқысын айдап қайтты. Жігіт тағы да молаға келді. Жылқысын мазарлардың жанына жайып жіберіп, досының көріне жақындап:

— Достым! – деді. Досы шықпады. Үш мәрте «Достым!» – деп айқайлады. Төртінші рет шақырғанда ғана аруақ-досы шықты. Түрі сұп-сұр, әбден қиналғаны көрініп тұр.

— Мен, – деді Аруақ, — сенің даусыңды әлдеқашан естідім, бірақ тез шығуға мүмкіндік болмады. Қарындасымның иығыма тамған жасы телегей-теңізге айналып, су астында қалдым. Сен мені бірінші рет шақырғанда, мен судың астында едім, ал екінші рет шақырғанда судың ортасында едім, үшінші рет шақырғанда судан шықтым, азырақ дем алдым. Oh! Ақырғы күндері әбден қажыдым, қалжырадым, – деді. Өлік досын қайтадан өзінің тұрағына алып

барды, екеуі тағы бірнеше күн бірге тұрды, ал жігіттің тоқсан жылқысы болса, сол маңда жайылып жүрді, оларға ештеңе де тиіспеуге тиіс еді. Енді жігіт үйіне қайтпақшы болып, жиналды.

— Иә, достым, – деді сонда аруақ, — сен барлық пәле-жаладан аман-есен үйіңе қайтасың. Сен барып жеткенде, ауылың соғысқа дайындалып жатады. Сенің жақындарың «өзің жолдан арып-ашып келдің, жорыққа бармай-ақ қой» – деседі. Сен бірақ оларды тыңдама, ертеңіне жорыққа аттан.

Жігіт аулына келеді. Әке-шешесі, туған-туысқандары бір жасап қалады. Бәрі жалынып, жігітке жорыққа барма деп жалынады. Бірақ аруақ-досы айтқан сөздер жігіттің есінде, ертеңіне жорыққа аттанады. Айрылысарда, аруақ-досы оған тағы былай деп еді: «Жаудың ауылына жақындағанда бәрі атқа қамшы басады, ал сен болсаң, ауылдың батыс жағын ала шап, ауылдан саған қарсы: қара қалпағының төбесі қайқиған, қара қасқа атты, қолына қызыл сапты ұзын найза ұстаған, қара сақалды қарсы шабады. Тәңірінің көмегімен сен оны түйрейсің, мені өлтірген сол. Сен оны бауыздап жатып мына сөздерді айт: «Досым барған жерге бар», оның мінген атын да жарып жібер және былай де: «Досым барған жерге бар». Қалай айтылды, солай жасалды. Олар ауылға жақындағанда бәрі аттарына қамшы басысты, ал жігіт болса ауылдың батыс жағына қарай шапты. Аруақ-досы айтқандай, қарсы алдынан қара сақалды шыға келді. Жігіт қара сақалды найзамен түйреп, бауыздап жатып:

— Досымның кегі, оның жанынан орын тап, – деп айтты. Қара қасқа атын да жарып жатып: — Досымның кегі, – деп айтты. Аруақ-досы тағы да былай деп еді: «Бәрі олжа бөліскенде, сен ауылдың батыс жағына қарай шап, ауылдың ең шетінде жаңадан тігілген ақ отауды көресің, отауға жеткенде атыңды оң босағаға байла. Отауда жаңа түскен жас келіншек және екі қыз, қаршыға мен қарғы бауы бар қара тазыны көресің. Досымның кегі, соның жанына барыңдар деп айт та, үйдегінің бәрін жарып таста».

Бәрі олжа бөлісіп жатқанда, жігіт ауылдың батыс жағына қарай шапты. Аруақ-досы айтқандай, ақ отау тігулі тұр, атын үйдің оң босағасына байлай салып, отауға кіріп келді. Жас келіншек пен күн десе көзі, ай десе аузы бар, екі қыз отыр.

— Досымның кегі үшін, соның жанынан барып орып алыңдар, – деп, жас келіншекті бауыздап, екі қыздың үлкенін жарып тастады да, екіншісін қимады, қызығып кетіп бетінен өпті, бірақ досының тапсырмасы есіне түсіп кетіп, оны да жарып тастады. Ал, қаршыға мен тазыны бөгелместен жарып тастады. Аруақ-досы оған тағы былай деген еді: «Бәрі көп қазына байлық алады, бірақ сен ештеңеге тиіспе. Отаудың алдында бәйтерек, сол теректің жанында тал шыбықтар өсіп тұрады, сен шыбықтарды шауып таста, сонда түйенің құмалақтарын көресің... Түйенің құмалақтарын, жас шыбықтарды жинап ап, отаудың жанында жайылып жүрген қара нарға бәйтеректі, құмалақ пен шыбықтарды артып ал да аулыңа қайт».

Жасақ жорықтан соң ауылға қайтты, өз жайлауларына жақындағанда дауыл тұрды. Дауыл екі күн, екі түн соқты. Олжаға түскен барлық малдың өлгені өліп, өлмегені быт-шыт болып бытырап кетті. Жауынгерлер аттарынан да айырылды. Жігіт түйені шөгеріп қойып, жайбарақат жанында жатып алды.

Досы оған айтқан болатын: «Ауылға бір көш жер қалғанда, көк шыбықтың бірін ал да, түйенің құмалақтарын сонымен салып қал: «Бисмилла-хиррах» деп, сонда құмалақтар бақырған түйелер, кісінеген жылқылар, мөңіреген сиырлар, маңыраған қойлар болып, өріп шыға келеді. Сонан соң көк шыбықпен «бисмилляхи» деп, теректі де салып қал, сонда теректің бір бұтағы алтын, бір бұтағы күміске айналады. Осы байлықтардың иесі қара сақал сиқыр еді. Осынша байлықты сиқырлықпен ұрылардан сақтап, осынша малды ит-құстан аман сақтап келген еді».

Ауылға келгенде, барлығы қолдарын мұрындарына тығып, арып-ашып, жаяу-жалпылап әрең жетеді. Ал, жігіт болса, мал мен байлыққа кенеліп оралады. Ол алып қайтқан алтын мен күміс бүкіл әлемнің байлығына тең еді. Жігіт үйінде екі-үш күн болып, моладағы аруақ-досына келді де:

— Ассаламағаләйкүм, достым! – деді.

— Сөйле, – дейді, аруақ-досы, қабірінен шығып, досын сонда алып кірді. Жігіттің жарып өлтірген: қара қалпақты кісіні және жас келіншекті, екі қызды, тазы мен қаршығаны көріп, таң-тамаша болды. Жігіт өзі бетінен сүйген қызды көріп, күліп жіберді. Сол қыздың ол өпкен жері қап-қара болып кетіпті.

— Е-е, байғұс адам, – деді аруақ-досы. — Мен саған ризамын, екі қыздың кішісі саған ұнап еді, сен оны ала ғой, ал маған келіншек пен үлкен қыз қалсын, – деді. Аруақ-досы жігітті қонақ етті, ал қара қалпақты оларға қызмет етіп жүр.

Жігіт:

— Енді мен үйге қайтайын, – деді.

— Жарайды, жақсы, – дейді аруақ-досы, сонан соң: — сен аулыңа барғанда арбалы екі саудагер үй-үйді аралап жүреді. Олардың екі аты бар: бірі - торы, екіншісі - жирен, екеуі де арық, бірақ сен арықтығына қарама, қанша сұраса да, ақшасып төлеп сатып ал. Алдымен торы атты, содан соң жирен атты сатып ал да, үш жыл оларға құрық та салма, ерттеме және қоржын да салма... Үш жыл өткен соң торы атты сой да, барлық сүйек-шеміршектерін сындыр, мишығын қара, егер мишығында тамшыдай қара дақ болса, онда жирен атты тағы да, бір жылға жылқыға жібер. Төрт жыл өтіп, бесінші жылда үйдің сыртына қаңтарып қой, бір үзім шөп, бір жұтым су бер, одан артық ештеңе берме, өзің мінбе, сонда жирен ат қаншырдай жарайды. Біраз уақыт өткенде басың ауырады, ауырып-ауырып қойып кетсе - жақсы, ал егер басыңның ауырғаны үдей түссе, жиренге отыр да, маған қарай шап. Достар қоштасып айрылысты.

Жігіт ауылына келсе, татарлар сауда жасап жатыр, екі аты бар, досы айтқандай: торы ат пен жирен ат. Саудагерлерге торы атты сатшы деп жабыса кетті:

— Атыңның орнына екі ат берейін, – деп. Керуенші үш ат сұрады. Жігіт керуеншінің айтқанын істеп, үш ат беріп, торы атты айырбастап алды. Сонан соң жирен атты саудаға салды. Керуенші де сыншы еді... Жирен атқа бес жылқы сұрады. Жігіт жирен атты да айырбастап алды. Досының айтқанын жасап, екі атты да үш жылға табынға жіберді. Үш жыл өтіп, төртінші жылда торы атты сойды, миынан тырнақтың үлкендігіндей қара дақ шықты. Жирен атты табынға, тағы бір жылға босатып жіберді. Бесінші жыл болғанда жирен атты үйде байлап ұстады. Бірде, басы ауырды, жазылмады. Жігіт өзінің осы

құпия-сырын не әке-шешесіне, не құрбы-құрдастарына айтпады. Оның сырын жаратушы құдай мен аруақ-досы ғана білді. Басы ауырып қоймаған соң; — Жиренді ерттеңдер, біраз серуендеп қайтайын, — деді ол. Жігіттің ауруына қайғырған ауыл у-шу болды. Зар жылаған ауылдың у-шуын естіген жігіттің басы айналып, көзі қарауытты. Аттың үстінде әрең шыдап отырған жігіт:

— Қош аман бол, елім! — деді де, атты тебініп қалды. Досына қарай шапты. Аруақ-досы осының бәрін біліп жатты. Досымның жағдайы жаман, бүйірі қызып алған жирен тұлпар екпінімен, осы тұстан алып кетпесін, — деп ойлады. Досын тоқтатып алып қалудың амалына кірісті. Қатындарға қырық құлаш жібек арқан естірді. Далаға шығып қараса, досы шауып келе жатыр екен. Тұсынан өте бергенде, қырық құлаш жібек арқаннан жасалған бұғалықты лақтырды. Досы аттан түсіп қала берді де, бүйірі қызған жирен тұлпар екпінін тоқтата алмай зу етіп өте шықты. Аруақ досын көтеріп ап, өзінің моласына кірді. Досы шауып келе жатқанда, Өзірейіл мен Жебірейіл оның жанын алмақшы болып, соңынан қуған еді, бірақ жирен тұлпардың жүйріктігі соншалық, екі періште қуып жете алмайды. Достардың соңын ала молаға Өзірейіл мен Жебірейіл келіп кірді:

— Қашқынды бергін бізге, біздің қашқын осында, — деді.

— Бермеймін, — деді аруақ-жігіт. — Мен құдайдың шейітімін, құдай үшке дейін тілегінді орындаймын деген. Кетіндер бұл жерден! — деді. Өзірейіл мен Жебірейіл құдайға келіп:

— Сен жанын ал деп жіберген пендең бізден қашып кетті. Оны бір аруақ паналатып отыр. «Бермеймін» — дейді, «мен құдайдың шейітімін» — дейді, «Құдай тағала үшке дейін менің тілегімді орындауға тиіс» — дейді. — Енді не істеуіміз керек? — дейді періштелер. Құдіреті күшті құдай:

— Иә, дұрыс, дұрыс, ол менің шейітім! Өлімнен алса алып қала берсін, соның қалағанындай болсын. Өстіп, аруақ-жігіт пен тірі-жігіт бар мақсаттарына жетіпті дейді.

ОТЫЗ ЖЕТІНШІ СӨЗ

Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес.

Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады.

Хикмет сөздер өзімшіл наданға айтқанда, көңіл уанғаны да болады, өшкені де болады.

Кісіге біліміне қарай болыстық қыл; татымсызға қылған болыстық өзі адамды бұзады.

Әкесінің баласы - адамның дұшпаны.

Адамның баласы - бауырың.

Ер артық сұраса да азға разы болады.

Ез аз сұрар, артылтып берсең де разы болмас.

Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлының бірі боласың.

Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол – көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал.

Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват.

Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім.

Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені. Қапашылықтың бәрі соның басында. Дүниеде бар жаман да көпте, бірақ қызық та, ермек те көпте. Бастапқыға кім шыдайды? Соңғыға кім азбайды?

Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек – қайратсыздық. Дүниеде ешнәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың, қатты қыстың артынан көгі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?

Ашулы адамның сөзі аз болса, ыза, қуаты артында болғаны.

Қуанбақтық пен бақ – мастықтың үлкені, мыңнан бір кісі-ақ к...н ашпайтұғын ақылы бойында қалады.

Егер ісім өнсін десең, ретін тап
Биік мансап - биік жартас
Ерінбей еңбектеп жылан да шығады,
Екпіндеп ұшып қыран да шығады;

Жікшіл ел жетпей мақтайды,
Желөкпелер шын деп ойлайды.

Дүние - үлкен көл,
Заман - соққан жел,

Алдыңғы толқын - ағалар,
Артқы толқын - інілер,

Кезекпенен өлінер,
Баяғыдай көрінер.

Бақпен асқан патшадан
Мимен асқан қара артық;
Сақалын сатқан кәріден
Еңбегін сатқан бала артық.

Тоқ тіленші - адам сайтаны,
Харекетсіз - сопы монтаны.

Жаман дос - көлеңке:
Басыңды күн шалса,
Қашып құтыла алмайсың;
Басыңды бұлт алса,
Іздеп таба алмайсың.

Досы жоқпен сырлас,
Досы көппен сыйлас;
Қайғысыздан сақ бол,
Қайғылыға жақ бол.

Қайратсыз ашу - тұл,
Тұрлаусыз ғашық - тұл,
Шәкіртсіз ғалым - тұл.

Бағың өскенше тілеуіңді ел де тілейді, өзің де тілейсің, бағың өскен соң - өзің
ғана тілейсің

1896

ЖИЫРМА ТОҒЫЗЫНШЫ СӨЗ

Біздің қазақтың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтұғыны да бар.

Әуелі «Жарлы болсаң, арлы болма» дейді. Ардан кеткен соң, тірі болып жүрген құрысын. Егер онысы жалға жүргеніңде жаныңды қинап еңбекпенен мал тап деген сөз болса, ол - ар кететұғын іс емес. Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпен мал іздемек - ол арлы адамның ісі.

«Қалауын тапса, қар жанады», «Сұрауын тапса, адам баласының бермейтіні жоқ» деген - ең барып тұрған құдай ұрған сөз осы. Сұрауын табамын, қалауын табамын деп жүріп қорлықпенен өмір өткізгенше, малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек қой.

«Атың шықпаса, жер өрте» дейді. Жер өртеп шығарған атыңның несі мұрат? «Жүз күн атан болғанша, бір күн бура бол» дейді. Тәңірге жазып, мінбей-түспей арып, шөмендеп диуаналықпен бір күн болған буралық неге жарайды?

«Алтын көрсе, періште жолдан таяды» дейді. Періштеден садаға кеткір-ай! Періште алтынды не қылсын, өзінің көрсеқызар сұмдығын қостағалы айтқаны.

«Ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жан тәтті» дейді. Ата-анасынан мал тәтті көрінетұғын антұрғанның тәтті дерлік не жаны бар. Бұлардың бәрінен де қымбат ата-анасын малға сатпақ ең арсыздың ісі емес пе? Ата-ана шамасы келсе, михнаттанып мал жиса да, дүниелік жиса да, артымда балаларыма қалсын дейді. Ол ата-ананы малға сатқан соң, құдайға дұшпандық іс емес пе? Осындай білместікпенен айтылған сөздеріне бек сақ болу керек.

1895

ОТЫЗ ЕКІНШІ СӨЗ

Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмек керек, білмей іздегенмен табылмас.

Әуелі - білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек. Оның үшін білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең және әр білмегенінді білген уақытта көңілде бір рахат хұзур хасил болады. Сол рахат білгенінді берік ұстап, білмегенінді тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махаббат пайда болады. Сонда әрбір естігенінді, көргенінді көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырып алады.

Егер дін көңілің өзге нәрседе болса, білім-ғылымды бір-ақ соған себеп қана қылмақ үшін үйренсең, ондай білімге көңіліңнің мейірімі асырап алған шешеннің мейірімі секілді болады. Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды.

Екінші - ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Бахасқа бола үйренбе, азырақ бахас көңіліңді пысықтандырмақ үшін залал да емес, көбірек бахас адамды түземек түгіл, бұзады. Оның себебі әрбір бахасшыл адам хақты шығармақ үшін ғана бахас қылмайды, жеңбек үшін бахас қылады. Ондай бахас хусідшілікті зорайтады, адамшылықты зорайтпайды, бәлкім, азайтады. Және мақсаты ғылымдағы мақсат болмайды, адам баласын шатастырып, жалған сөзге жеңдірмекші болады. Мұндай қиял өзі де бұзықтарда болады. Жүз тура жолдағыларды шатастырушы кісі бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін! Бахас - өзі де ғылымның бір жолы, бірақ оған хирслану жарамайды. Егер хирсланса, өз сөзімшіл ғурурлық, мақтаншақтық, хусідшілік бойын жеңсе, ондай адам бойына қорлық келтіретұғын өтіріктен де, өсектен де, ұрсып-төбелесуден де қашық болмайды.

Үшінші - әрбір хақиқатқа тырысып ижтиһатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең айрылма! Егерде ондай білгендігің өзінді жеңе алмаса, кімге пұл болады? Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен қайтіп құрмет күтесің?

Төртінші - білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі - мұлахаза қылу, екіншісі - берік мұхафаза қылу. Бұл екі қуатты зорайту жаһатінде болу керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды.

Бесінші - осы сөздің он тоғызыншы бабында жазылған ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар. Содан қашық болу керек. Соның ішінде уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар, зинһар, жаным, соған бек сақ бол, әсіресе, әуелі - құданың, екінші - халықтың, үшінші - дәулеттің, төртінші - ғибраттың, бесінші - ақылдың, ардың -бәрінің дұшпаны. Ол бар жерде бұлар болмайды.

Алтыншы - ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Көрсеқызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!

1895

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 4 том. – Алматы: «ҚАЗАқпарат», 2005.- 438 б.
- 2 Мәдібай Қ.Қ. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. 2 кітап. – Алматы: «Қазақ университеті», 2004.- 270 б.
- 3 Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 1-кітап. – Алматы: «Қазақ университеті», 2001.- 467 б.
- 4 Сүйіншәлиев Х. XIX ғасыр әдебиеті. – Алматы: «Ана тілі», 1992.- 360 б.
- 5 Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: «Санат», 1997.- 928 б.
- 6 Сүйіншәлі Х.Ж., Сүйіншәлі Қ.Ж. Ішкі орда және жалынды ақын Махамбет. - Алматы: «Қазақ университеті», 2002.-57 б.
- 7 Ахметов З.А., Егеубаев А.Қ. Махамбет. – Алматы: «Ғылым»,2003.- 448 б.
- 8 Махамбет. Менің атым Махамбет. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2003.- 224 б.
- 9 Ай заман-ай, заман-ай (бес ғасыр жырлайды) – Алматы: «Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті бас редакциясы - РББ», 1991.- т. 1. – 384 б.
- 10 Қирабаев С. Ұлт тағылымы.Астана, 2002.
- 11 А.Жұбанов . Замана бұлбұлдары . А.1975ж.
- 12 Е.Ысмайлов Ақындар. А., 1963ж.
- 13 Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы, 1991.
- 14 Марғұлан Ә. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. – Алматы, 2008
- 15 Мәдібай Қ. Зар заман ағымы. – Алматы, 2005
- 16 Омарұлы Б. Зар заман поэзиясы. - Алматы, 2000
- 17 Омарұлы Б. Зар заман әдебиеті. - Астана, 2005
- 18 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2002. – 360 б.
- 19 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы, 1960, 183 б.
- 20 adebiet.kz әдеби әлем порталы
- 21 <https://sites.google.com/site/abai1845/-le-der>
- 22 abai.kz ақпараттық порталы
- 23 madenimura.kz
- 24 <https://bilimdinews.kz/?p=125622>
- 25 <https://www.kt.kz/kaz/society/1377909139.html>
- 26 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. 50 том. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.